

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17651 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 5-2) тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ (орыс) тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік – саяси білім беру модулінің үлгілік оқу бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-ші қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Білім және ғылым министрі	Е. Сағадиев
	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығына 1-қосымша

Жоғарғы және (немесе) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесінде Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама Қазақстанның қазіргі заман тарихын зерделеу негізінде алынған білім арқылы, студенттің тарихи санасын қалыптастыруға арналған.

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының көп қырлылығы мен тарихи маңызы сонда, мемлекеттің біртұтас сипатын көрсету, қоғамдық сананы қалыптастыру, ұлттық идеология, азаматтардың жасампаздық белсенділігін дамыту, елдің зияткерлік әлеуетін көтеру осы пән шеңберінде жүзеге асады. Қазақстан қоғамының алға қойған мақсаттарының сәтті жүзеге асырылуы үшін рухани негіз қажет. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы тарихи және мәдени дәстүрлердің сабақтастығына негізделетін қоғамдық сананы жаңғыртудың механизмдерін айшықтап береді.

3. Жоғарғы білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 150 академиялық сағатты (5 академиялық кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты - Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі тарихи кезеңдері туралы шынайы, толық білім беру; мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы, тарихи-мәдени үдерістердің үздіксіздігі мен сабақтастығына білім алушылардың назарын аудару.

1) ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды қалыптастыратын Қазақстанның қазіргі заман тарихы білімін жүйелеу;

2) Қазақ халқының этногенезі мәселесін, Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениеттер түрлері эволюциясын, аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар жиынтығын, тарихтың сабақтары мен заңдарын тұтастай және объективті түрде қарастыруды көздеген қазіргі Отан тарихының ғылыми-негізді тұжырымдамасын жасау;

3) полиэтникалық және поликонфессионалды қазақстандық қоғамды біріктірудің идеологиялық және рухани негіздерін қалыптастыру;

4) жеделдетілген модернизация мен республиканың экономикалық және идеялық-мәдени жетістіктерге қол жеткізген даму моделін шынайы ғылыми тарихи білім мазмұнымен толықтыру;

5) Дүниежүзілік тарих ауқымындағы бүгінгі Қазақстан қазіргі заман тарихының қайталанбас ерекшелігі мен маңыздылығын анықтайтын ғылыми қағидаларын ашу.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңдері мен тарихи сабақтастығы жөніндегі білімін көрсетеді;

2) өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетіп, сыни қарайды;

3) Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді;

4) тарихи өткенге сыни қарап, дәлелді мағлұматтардың негізінде қазіргі қоғамдық мәселелерді шешу жолын түсіндіреді;

5) қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктерін және маңыздылығын дәлелдеу;

6) тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен ортақтық ұғымдарын, Қазақстанның рухани мұрасының терең тамырларын салыстырады;

7) ұлттық басымдықтарға сәйкес тарихи сана мен дүниетанымдық қағидалардың қалыптасуының маңыздылығын анықтайды;

8) қоғамның демократиялық құндылықтарды толеранттық өзарақелісушілікті азаматтық ұстаным тұрғысында қабылдайды.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, тақырыптық жоспарын, оқыту әдістерін, оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін, пререквизиттері мен постреквизиттерін шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының және білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптарын қамтитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) студентті оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол студенттердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген;

- 2) біліктілікке бағытталған оқыту;
- 3) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- 4) кейс-стади;
- 5) жобалар әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орнының өзі тағайындайды.

	Жоғарғы және (немесе) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша
--	--

Жоғарғы және (немесе) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалы) сабақтар тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағат тар саны
1 апта: Пәнге кіріспе.				
	Отандық тарихты оқудың тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастаулары мен сабақтастығы: ежелгі және ортағасырлар, жаңа дәуір. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының заңдылықтары. Қазақстанның қазіргі заман тарихының басты мәселелерінің өзектелігін айқындау. "Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы". Әлемдік-тарихи үдерістер мәнмәтініндегі Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Қазақстанның қазіргі заман тарихының кезеңделуі. Қазақстанның қазіргі заман тарихының тарихи деректері мен тарихнамасының талдануы.	Тарихи жады негізінде мәдени сабақтастық және ұлттық-азаматтық бірегейлік.	"Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы" тақырыбы бойынша рефлексия формасындағы эссе жазу.	10
2 апта: Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері.				
	XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай. Ішкі Ресейден орыс және басқа еуропалық тұрғындарды қазақ жеріне қоныстандырудың қарқын алуы, экспедициялық зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, қоныстандыру мекемелері жүйесінің құрылуы, қоныс аудару келгендерге жасалған қолдау.	Азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуы мен ұлт зиялылардың қызметі.	"Саяси партиялар: большевиктер, кадеттер, әлеуметтік революционерлер, "Алаш", "Үш Жүз", "Шуро-и Исламия", "Шуро-и-улемия" және т.б. тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу жобасын әзірлеу.	10

<p>Қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылығындағы өзгерістер. Аграрлық қатынастардың шиеленісе түсуі. Қазақ жерінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасу ерекшеліктері және оның отарлық сипаты. Транспорт. Сауда. Еуропалық капиталдың енуі. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы.</p> <p>Қазақстандағы ХҮІІІ-ХІХ ғасыр басындағы отаршылдыққа қарсы ұлттық қозғалыстардың мақсаты, ерекшеліктері және тарихи сабақтастығы. Қазақ халқының ұлттық қозғалысының бастаулары. Ұлттық қозғалыс түрлерін сипаттау.</p> <p>Қазақ зиялыларының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі, қызметі. Жәдидтік ағартушылық ойларының Ұлы Дала еліне ықпалы. Ресей империясының түрік-мұсылман халықтарының интеллектуалды элиталарының өзара ықпалдасуы. Қоғамда орталық биліктің атына арыз-тілектердің жазылуы. Қарқаралы петициясы. Орал және Торғай облыстарынан дін және жерге байланысты жазылған арыз-тілектер. Жер мәселесінің қойылуы. Бұл құжаттық материалдардың бағдарламалық сипаты. Мұсылмандардың қайырымдылық қоғамдары және олардың қызметі. 1905 жылғы 17 қазандағы патша манифесі. Қазақтардың Ресейдің І – ІІ Мемлекеттік Думаларының жұмысына қатысуы. Аграрлық мәселе және қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен Б.Қаратаевтың сөздері.</p> <p>Ресейлік түрікшілдіктің доктринасы: қазақ ұлттық қозғалысының қалыптасуына әсері. Қазақ зиялыларының дума жанындағы мұсылман фракциясы құрамындағы қызметі. 1907 ж. 3 маусым заңы бойынша қазақтан</p>			
---	--	--	--

<p>депутат сайлау құқының жойылуы. Қазақ саяси тобы өкілдерінің жалпыресейлік мұсылман съездеріне (С.-Петербург, Н.-Новгород) қатынасуы. Империяның түрік-мұсылман халықтарының консолидациясындағы "Иттифак-эль-муслиминнің" (Мұсылмандар одағы) рөлі.</p> <p>Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақ өлкесі. Қазақстандағы соғыс тұтқындары. Жалпыұлттық дағдарыстың пісіп-жетілуі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері. 1916 жылғы көтеріліске қазақ зиялыларының көзқарасы. Тылдағы кара жұмысқа алынған қазақ жастарының жағдайы.</p> <p>Ә.Бөкейхановтың шақыруымен тыл жұмысындағы жастармен жұмысқа ұлт зиялыларының өз еркімен аттануы. Бұл азаматтық актінің салдары және тарихи маңызы. Көтерілістің жеңілу себептері және тарихи маңызы. Патша өкіметінің жазалау шараларының салдары. Қазақтардың Қытайға (Құлжа өлкесі, Қашқар), Ауғанстанға жаппай иммиграциясының алғашқы толқыны. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында 1916 ж. көтерілісті бағалауға жаңаша көзқарастың қалыптасуы.</p> <p>Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалының ерекшелігі. Уақытша өкіметтің жергілікті басқару органдарының құрылуы. Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ саяси басқарушы тобының Қазақ комитеттерін құруға байланысты шақырулары. Қазақ комитеттерінің құрылуы ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту әрекетінің көрінісі. Облыстарда</p>			
---	--	--	--

<p>өткізілген қазақ съездері және оларда қаралған мәселелер. Ұлттық саяси топ өкілдерінің Уақытша өкімет органдары құрамындағы қызметі. 1917 жылдың жазындағы саяси дағдарыс. Шілдедегі Жалпықазақ съезі және оның Алаш партиясын құру туралы шешімі. Партияның бағдарламасы. Жалпыресейлік Құрылтай Жиналысына депутаттар сайлау, Алаш партиясының жеңісі. Жаңа заман дәуіріндегі ұлттық идея, ұлттық мемлекеттіктің қалыптасу эволюциясы. ЮНЕСКО шешімімен Алаш қозғалысының көшбасшысы Ә.Н.Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойының атап өтілуі. Алаш қозғалысының 100 жылдығы: ұлттық интеллигенцияның саяси, мәдени-ағартушылық қызметіне жаңа көзқарастың қалыптасуы.</p>			
<p>3 апта: Азаматтық-саяси қайшылықтар.</p>			
<p>Қазан төңкерісі және Қазақстанның саяси өмірі. Уақытша өкіметтің мемлекеттік институттарының ыдырауы, большевиктердің билікке келуі. Ресей халықтарының құқы Декларациясы (15 қараша 1917 ж.) жариялануы. Желтоқсандағы жалпықазақ съезі. Ә.Бөкейхановтың төрағалығымен Алашорда (Халық кеңесі) үкіметінің құрылуы. Алаш автономиясын жариялауға дариялық. Қоқан қаласында Түркістан автономиясы (Қоқан Автономиясы) үкіметінің құрылуы. М.Шоқайдың естеліктері. Советтік биліктің орнауы. Алашорда және Қоқан автономиясы билік орындарының таратылуы. Кеңес өкіметінің Қазақ комитеттерін "ұлттық-буржуазиялық" биліктің көрінісі ретінде тануы. Қазақ жері: "ақтар" мен "қызылдардың" текетірес күрестерінің аясында. Алашорда үкіметінің қазақ әскери жасақтарының іс-қимылдары. Қазақ халқын таптық тұрғыдан</p>	<p>Қазақстандағы кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерінің ерекшеліктері.</p>	<p>"Қазақстандағы аштық, 1921-1922 жж.: құжаттар, статистика, ақпарат" деректері бойынша контент- талдау дайындау.</p>	<p>10</p>

<p>екіге бөлу. Соғыс қимылдарының бүкіл қазақ өлкесін қамтуы. "Әскери коммунизм" саясатының қазақ өлкесіндегі арандату әрекеттері. Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің ұлттық мемлекет құру идеясын күйретуі. Алашорда үкіметіне "кешірім" жариялануы. А. Байтұрсынұлының В.И.Ленинге жолдаған хаттары, оларда большевиктер ұстанымына айтылғын сын. Қырғыз (Қазақ) АСР-ның құрылуы – ұлттық мемлекет құру идеясын таптық негіздегі мемлекет құру идеясымен ауыстыру. Қырғыз (Қазақ) АКСР - нің территориялық аймағының "жоғарыдан" белгіленуі. Қазақ АССР және Түркістан Республикасы. Мұсылман бюросы және Түрккомиссия: саяси билік үшін күрес. Тұтас Түркістан идеясы, жеңіліс табуы. Т. Рысқұлов және М. Сұлтанғалиев. Басмашылар қозғалысы. Әнуар Паша және А.З. Валидов. Кеңестік тоталитарлық басқару жүйесінің негіздерінің қалануы. Жер-су реформасының мақсаты. Оны жүзеге асырудағы ауытқулар мен қателіктер. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС). Оған көшудің әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздері. ЖЭС-тің мазмұны және оны жүзеге асыру ерекшеліктері. Қазақстандағы аштыққа қарсы қазақ зиялыларының күресі. Қазақ өлкелік партия комитетінің "қазақ ұлтшылдығына" қарсы күресі. Түркістан республикаларын ұлттық-мемлекеттік межелеу - біртұтас Түркістан идеясының біржақты күйреуі. Қазақ жерлерінің ҚКАСР құрамына біріктірілуі.</p>			
<p>4 апта: Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы.</p>			
<p>Коммунистік партияның қоғамдағы саяси дара билігінің күшеюі. Жаңа көпұлтты империя - КСРО-ның құрылуы. Ф.И.Голощекиннің "Кіші Қазан" идеясы және оның қатерлі</p>	<p>Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы бұзылуының салдары.</p>	<p>Тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жобасын әзірлеу: "Білім беру жүйесіндегі кеңестік үкімет реформаларының қарама-</p>	<p>10</p>

<p>мазмұны. Қазақ өлкелік партия комитетінің жер мәселесіне байланысты шешімінің отарлық мазмұны. Қазақ зиялыларын қуғындаудың басталуы. Қазақстанды индустрияландырудың жолдары мен әдістеріне байланысты теориялық айтыстар. Қазақ қайраткерлерінің индустрияландыруға байланысты пікірлері. Қазақстанды индустрияландырудың ерекшеліктері.</p> <p>Қазақ ауылын кеңестендіру – дәстүрлі қазақ қоғамын талқандау. Жайылымдық-шабындық жерлерді бөлу және оның нәтижелері. Бай қожалықтарын тәркілеу және оның әлеуметтік- экономикалық салдарлары. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары қожалықтарын күшпен отырықшылыққа көшіру. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруға көшу. Ұжымдастырудың әдістері, түрлері, қарқыны. Еріктілік пен заңдылық принциптерінің бұзылуы. Адам құқының тапталуы. Ауқатты шаруалар қожалығын тап ретінде жою. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің күйреуі. Меншіктен айыруға және күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы мен көтерілістер – ұлт-азаттық қозғалыстар жалғасы. Қазақтардың шетелге ауа көшулері. Қазақтардың аштан қырылуы. Қазақ босқындарының қайғылы тағдыры. "Бесеудің хаты". Т.Рысқұловтың И.Сталинге хаты- ащы шындықтың ақиқаты. Аштықтың демографиялық салдарлары. 30-шы жылдардың екінші жартысындағы Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы ауыр ахуал. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі, мәдениетіндегі, білімі мен ғылымындағы ұлт мәселесіндегі таптық-партиялық</p>		<p>қайшылықтары: қазақ тілінің араб таңбасынан кириллицаға ауысуы және А. Байтұрсынов бастаған топ реформаларына қарсылық көрсетуі".</p>	
--	--	--	--

<p>принципті ұстану залалдары және оның ұлыдержавалық астарлары. Қазақ мүддесін қорғаушылар С.Сәдуақасовтың, С.Қожановтың және Ж.Мыңбаевтың ұстанымдары. М.Шоқайдың эмиграциядағы саяси қызметі – түрік халықтарының рухани жаңаруына бағытталған елеулі кадам. Оның "Кеңестер билігіндегі Түркістан" ж.б. еңбектері. Ұлт зиялыларына қарсы қуғын-сүргін – қазақ ұлтын рухсыздандырудың және мәңгүрттендірудің бастауы. Қазақстанды әкімшілік-территориялық аудандастыру – тоталитарлық басқаруға барар кадам. Қазақ АКСР-ның одақтас республикаға айналуы. Сталиндік "үлкен" қуғын-сүргін, оның ауқымы мен ауыр салдарлары. Саяси сенімсіздік пен жекеленген халықтарды Қазақстанға еріксіз қоныс аудару – ұлттық намысты қорлаудың нақты мысалы. Білім беру жүйесінің қалыптасуы. Сауатсыздықпен күрес. Ұлттық және мәдени негіздердің күйзелісі. Әдебиет пен өнердегі социалистік реализмнің біржақтылығы. Театр және музыка өнері. Қазақстан жазушылары мен композиторларының шығармашылық қызметі. Мәскеудегі Қазақстан әдебиеті мен өнерінің он күндігі – ұлт рухының өміршеңдігінің айқын көрінісі. Ғылым мен ғылыми мекемелердің дамуы. КСРО ҒА-ның Қазақстандық филиалы. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы кеңестік биліктің сыртқы және ішкі саясатының негізгі бағыттары. Соғысқа дейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани ахуал. Фашистерден отанды қорғау соғысының басталуы. Майдан шебіне жақын аудандардан Қазақстанға халықты, өнеркәсіп орындары мен мәдениет</p>			
--	--	--	--

<p>ошақтарын көшіріп әкелу. Республика өмірін соғыс қажетіне шұғыл бейімдеу. Қазақстан жерінде жасақталған әскери бөлімдердің ірі шайқастарға қатысуы және жанқиярлық ерліктері. Қазақстандықтар - партизан қозғалысына дем берушілер. Кеңес Одағының батыры атанған қазақстандықтар мен қатардағы жауынгерлердің ерліктері - ата-баба қаһармандығының дәстүрлі жалғасы. Соғыс тұтқындарының тағдыры. Ерлігі бағаланбаған қазақстандықтар – кеңестік биліктің әділетсіздігінің айқын көрінісі. "Түркістан" легионы. М.Шоқай соғыс жылдарындағы әрекеті. Екінші дүниежүзілік соғыстың ащы қорытындылары мен тағылымды сабақтары. Соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халыққа білім беру қызметі.</p>			
<p>5 апта: XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.</p>			
<p>Соғыстан кейінгі жылдағы Қазақстандағы ауыр ахуал. Бейбіт құрылысқа бейімделу ауыртпалықтары. Әскери-өнеркәсіптік базаны жеделдету бағытын қолға алу. Қазақстан халық шаруашылығындағы қиыншылықтар мен проблемалар. Республика өңіріндегі ядролық сынақтар және олардың зардаптары. Білім мен ғылымдағы жағымды өзгерістер. Жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру жүйесінің орнауы. Жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының ашылуы. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі. Қазақстан Ғылым Академиясының құрылуы. Партияның шешімдерінде мәселені үстірт шешетін волонтаристік әрекеттердің өсе түсуі. И.Сталиннің жеке басына табынушылық саясатын сынау. Н.Хрущевтың "жылымығы" жылдарындағы Қазақстан. Күнәсіз</p>	<p>Кеңестік қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарысы.</p>	<p>Тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жобасын әзірлеу: "Адам құқықтарын шектеуге бағытталған, қоғамдық өмірдегі партиялық бақылаудың күшеюі: кәсіби тарихшы Е.Б.Бекмахановтың Кеңесары Қасымов бастаған көтеріліс тарихын зерттеуі бойынша "әділетсіз" айыпталуы".</p>	<p>10</p>

<p>куғындалған мемлекеттік, қоғамдық қайраткерлерді "ақтау" және оның жартыкештік сипаты. Партиялық-мемлекеттік басқару жүйесіндегі Хрущевтің реформасы және оның тиянақсыздығы. Ұлт мәселесіндегі шектеулердің күшейе түсуі. Одақтық билік пен Қазақстан үкіметі арасындағы қатынастардың күрделілігі. Теміртау оқиғасы. Реформаторлық бағыттағы шаралардың жартыкештігі. КСРО мен ҚазКСР арасындағы территориялық мәселелерді шешудегі қайшылықтар – Мәскеудің ұлттық мүддені ескермейтіндігінің айқын көрінісі. 1955, 1962 жылдарда шетелдік қазақтардың Қазақстанға оралуы. Ауыл шаруашылығын әміршіл-әкімшіл әдістермен көтеруге бағытталған шаралар. Әкімшілік әдістерден экономикалық әдістерге көшуге талпыныс. Экономиканы басқару саласындағы тиянақсыз реформалар. Салалық министрліктердің таратылып, совнархоздардың құрылуы Жоғарғы партиялық-мемлекеттік басқару жүйесіндегі ойластырылмаған біржақты өзгерістер. Л.Брежнев бастаған номенклатуралық топтың билікке келуі. 1965 – 1966 жж. экономикалық реформалардың аяқсыз қалуы. Экономиканың экстенсивтік үлгісінің орнығуы. Кеңестік экономиканы басқару тәсілдерін орталықтандыру тұрғысынан өзгерту және өнеркәсіптік, аграрлық реформалардың қайшылықтары. Мемлекеттік меншіктің басымдылығы жағдайындағы кеңестік менеджмент жүйесінің және тұтастай модернизациялық моделінің тиімсіздігі. Идеологиялық тоқырау: ресми марксизмнің дағдарысы, зиялылардың астыртын әрекеттері, диссиденттік үйірмелер қызметі. 60-70-ші жылдарға қазақ</p>			
---	--	--	--

<p>жастарының бейресми студенттік үйірмелерінің ұлттық жаңғырудағы рөлі ("Жас тұлпар").</p> <p>КСРО өнеркәсібінің дамуына Қазақстанның қосқан үлесі.</p> <p>Өндірістегі өзін-өзі басқарудағы шектеулер және оның дамуындағы қайшылықтар. Жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайның келеңсіздігі. Кәсіпорындардағы дағдарыстың өршуі.</p> <p>Әкімшіл басқарудың аграрлық саладағы қайшылықтарды асқындыра түсуі. Кеңестік өкіметтің ауыл мен деревняны іс жүзінде кедейшілік пен тоқырауға ұшыратуы. Ауыл еңбеккерлерін материалдық ынталандырудың төмендеуі. Аграрлық саланың басқару мен ұйымдастырудың өмірге жақын жаңа түрлерін енгізуге бағытталған біржақты бастамалар және олардың сәтсіздіктері. Шаруашылықаралық аудандық агроөнеркәсіптік бірлестіктерді агроөнеркәсіптік кешендерге жоғарыдан біріктірудің тиімсіздігі. Қазақ ауылының келеңсіз әлеуметтік-гуманитарлық қырлары "күнделікті тарих" деректерінде.</p> <p>Еңбекақыны төлеудегі әділетсіз теңгермешілік, халықтың басым бөлігінде негізгі табыстың төмендеуі. Партиялық-мемлекеттік, әскери және шаруашылық басқару жүйесіндегілерге берілген артықшылықтар- әлеуметтік әділетсіздікті өрістетіп түсуге бағытталған қадам. Халықтың материалдық тұрмыс жағдайының төмендеу себептері. Тұрғын үй мәселесіндегі шешілмейтін қиыншылықтар. Орталықтың этно-демографиялық саясатының келеңсіз тұстары: ішкі миграцияны, соның ішінде қазақтардың ауылдан қалаға көші-қонды тежеуді паспорттық жүйе, "тіркеу" (прописка), тілдік кемсітушілік (дискриминация), жолдармен жүзеге асырып отыруы. Ауыл</p>			
---	--	--	--

<p>тұрғындарының азаматтық құқықтарына қысым жасау. Ақшаның құнсыздануы. Тұтыну тауарларының тапшылығы. "Көлеңкелі экономика" (қара нарық), криминалдық топтардың таралуы. Экологиялық дағдарыстар. Арал қасіреті. Оның табиғи экологиялық және техногендік себептері. Кеңестік милитаристік империя жасақтаған әскери-өнеркәсіптік кешенінің қазақ халқына тигізген трагедиялық зардабы: Семей ядролық сынақ полигоны (1949-1991). Атомдық радиациядан болған жергілікті халықтың денсаулығындағы генетикалық зақымдар, жаппай онкологиялық, психикалық, т.б. аурулардың таралуы. Өнеркәсіп өндірістерінің қоршаған ортаны ластауы. Мәдениет пен ғылым. Жоғарыдан әміршіл басқарудың күшеюінен мәдени және рухани өмірдегі қайшылықтардың тереңдей түсуі.</p>			
<p>6 апта: Қазақстандағы "қайта құру" саясатының сипаты.</p>			
<p>КОКП-ның әміршіл-әкімшіл басшылық рөлі мен М.С.Горбачевтың демократияшыл, реформаторлық қызметі арасындағы қарама-қайшылық. Жариялылық пен демократияны насихаттау барысында одақтық республикаларда туындаған ұлттық шиеленістер. Экономикалық дағдарыс. КСРО –ның әкімшіл-әміршіл жүйесін демократиялық жолмен қайта құруға талпыныстар. Елді басқарудағы елеулі өзгерістер және реформаторлық бағыттың біртіндеп үстемдік алуы. Қайта құру мен жариялылықтың экономикаға әсері. Ұлттық республикалардың экономикалық өзін-өзі басқаруға және өзін-өзі қаржыландыруға қол жеткізу жолындағы талпыныстары. Экономиканы басқарудағы өзгерістер. Одақтық басқару жүйесіндегі жекелеген мемлекеттік кәсіпорындардың республикаларға</p>	<p>Қазақстандағы орталыққа қарсы күштер мен ұлттық сананың өсуі.</p>	<p>Келесі тақырып бойынша эссе түріндегі рефлексия: тарихи шынайылықтың әсерінен тұлғаның түрлену үдерісі.</p>	<p>10</p>

<p>кайтартылуы. Экономикалық тәуелсіздікке жету шараларының жартыкештігі.</p> <p>Д.А.Қонаевтың Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшысы ретіндегі қызметі. Алматыдағы және республиканың басқа қалаларындағы Желтоқсан көтерілісі және оның шынайы себептері. Партиялық басшылықтың бастамасымен жастарға және зиялы қауым өкілдеріне қарсы бағытталған қуғын-сүргіннің қайта өршуі. Орталық биліктің оқиғаға берген әділетсіз бағасы. Қазақстанда ұлт-азаттық сананың өсе түсуі. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ресми ақталуы және оның жартыкештігі. Жаңа қоғамдық ұйымдар мен партиялардың пайда болуы. Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің сайлануы. Президенттік институттың енгізілуі және тұңғыш президенттің сайлануы. Тіл туралы заңның қабылдануы мен оның маңызы. Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 1991ж тамыз бүлігі. КОКП қызметінің тоқтатылуы. Кеңестер Одағының ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы.</p>			
<p>7 апта: Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы.</p>			
<p>"ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заң. Қазақстандағы алғашқы жалпұлттық Президент сайлауы. Қазақ КСР – Қазақстан Республикасы болып өзгертілуі. Тәуелсіздік ұлттық және мемлекеттік құрылыстың факторы ретінде. Тәуелсіз Қазақстан дамуының мемлекеттік стратегиясын айқындау. Қоғамды демократияландыру үдерісін дамыту. Дербес дамудың дара жолын айқындау.</p> <p>Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Қоғамның конституциялық құрылыс негізін жасау. ҚР рәміздері – туды,</p>	<p>Қазақстанның ұлттық қайта жаңғыруы және демократиялық құқықтық мемлекеттің құрылуы.</p>	<p>Тақырып бойынша эссе түріндегі рефлексия: Мәдени-тарихи мұрадағы және патриотизмді қалыптастырудағы саяси рәміздердің маңыздылығы.</p>	<p>10</p>

<p>елтанбаны, әнұранды бекіту. Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы заң. Елдің егемендігін, тұтастығын, қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армияның құрылуы. Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Ұлттық валютаны енгізу туралы" Жарлығы және оның маңызы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын анықтау. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту. Мемлекеттік сәйкестікті дамыту, азаматтық бірлікті және саяси тұрақтылықты нығайту. Бүкілхалықтық референдум, қазіргі қолданыстағы ҚР Конституциясын қабылдау. Қазақстанда парламентаризмнің дамуы. Атқарушы биліктің ішіндегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту. Орталық пен аймақтардың, мемлекеттік басқару деңгейі арасындағы өкілдіктерді бөлу, орталықсыздандыру. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заң. Құқық қорғау органдарының (сот, прокуратура, милиция, арнайы қауіпсіздік қызметтері және т.б.) құрылуы. Құқықтық реформа және заңдарды ізгілендіру. Құқық қорғау жүйесін оңтайландыру. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды нығайту. ҚР-ның "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңы және оның нәтижелері. Биліктің негізгі үш тармағының: Президент, Парламент және Үкіметтің біріккен еңбегінің нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінің барлық құрамдас бөліктері қызметінің құрылымдық, ұйымдық-құқықтық және өзара қарым-қатынасы мәселелерін жан-жақты реттейтін, еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнату бағытында әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін заң жүйесінің</p>			
---	--	--	--

<p>жанадан түзіліп, қабылдануы және бұл үрдістердің қоғамдық қатынастардағы қажеттіліктерге байланысты үнемі жетілдірілуі.</p> <p>Президенттің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауы: "Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы", ҚР дамуының ұзақ мерзімге арналған басым бағыттары. Астананы Алматыдан Астанаға көшіру.</p> <p>"Қазақстан – 2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. "Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.</p>			
---	--	--	--

8 апта: Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

<p>Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыстың көбеюі.</p> <p>Оларды еңсеру жөніндегі шаралар: экономиканың құрылымын өзгерту, әлеуметтік бағдарланған нарық құру, жекешелендіру және бағаны ырықтандыру, инвестициялық саясат. Н.Ә.Назарбаевтың қанатты нұсқамасы – "ең әуелі экономика – сонан соң – саясат".</p> <p>Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу. Өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторлары сияқты экономиканың шешуші салаларының даму басымдықтары мен келешегі. Қазақстан экономикасын реформалаудың бағыттары – экономика дамуының кластерлік принципі, еңбек өнімділігі деңгейін арттыру, заманауи технологияларды енгізу, инвестициялық, салық, аграрлық-индустриалдық саясаты, инфрақұрылымды әсіресе көлік және байланысты дамыту.</p>	<p>Қазақстан Республикасының экономикалық реформаларының жаңғыруы кезеңдері мен ерекшеліктері.</p>	<p>"Экономикалық дамудың кластерлік принципі" - елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру" тақырыбында бағдарлама немесе жоспар әзірлеу.</p>	<p>10</p>
--	--	--	-----------

<p>Стратегиялық маңызы бар жаңа темір жол магистралін салу. Қазақстандық экономиканы дамытуға шетелдік инвестицияны тарту.</p> <p>Президенттің ел халқына Жолдауы: "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" және оның маңызы. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оны табысты еңсеру. Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономика мен қаржы секторының дамуы.</p> <p>Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, оны жүзеге асырудың алғашқы табыстары. 2011 жылғы 28 ақпандағы ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы "Жеделдетілген экономикалық жаңару – үдемелі инновациялық индустрияландыру Бағдарламасының жалғасы". "Қазақстан – 2020" стратегиялық жоспарының басымдықтары. Қазақстанның экономикалық өсуінің келешегі. Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуының траекториясы. ХХІ ғасырдағы экономиканың қазақстандық үлгісі. ЭСПО-2017 өткізудің Қазақстан үшін маңызы. "Нұрлы Жол – болашаққа жол" жаңа экономикалық саясаты – Қазақстанның жаһандануға берген жауабы. "Нұрлы жол" экономикалық даму жоспары.</p>			
<p>9 апта: Әлеуметтік жаңғыру – қоғамның әл-ауқат тірегі</p>			
<p>Әлеуметтік реформалар және әлеуметтік жаңару: кедейшілікті еңсеру, халықты еңбекпен қамтуды көтеру, жастарды, студенттерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, зейнетақы мен жәрдемақыны арттыру реформасы. 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: "Қазақстан халқының әл-ауқатын</p>	<p>Қазақ қоғамына сапалы өзгерістер алып келген әлеуметтік реформалар мен оның нәтижелері</p>	<p>"Қазақстан Республикасының әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру" тақырыбы бойынша бағдарлама немесе жоспар әзірлеу.</p>	<p>10</p>

<p>арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты". Адам капиталын, елдің еңбек қуатын дамытудың стратегиясы. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің жаңа стратегиясы, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты жаңарту.</p> <p>Денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыруды дамыту.</p> <p>Астана және Алматы қалаларында өткен қысқы Олимпиада ойындары, 7-ші Азия ойындарындағы қазақстандық спортшылардың жетістігі. Ел халқының табысы аз топтарын қолдау және көмек беру.</p> <p>Бюджеттік ұйымдарда жалақыны көтеру. Салауатты өмір салты - ұлт болашағын қалыптастырудың негізі.</p> <p>Қазіргі білім жүйесін жаңартудың өзекті мақсаттары мен міндеттері.</p> <p>Білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту. 2010 жылы Қазақстанның Болон үрдісіне қосылуы және Болон декларациясына қол қою.</p> <p>Мамандарды дайындаудың үш деңгейлі жүйесін енгізу: бакалавр – магистр - PhD доктор. Техникалық және кәсіптік білім беруді қайта құру.</p> <p>2005-2010 жылдардағы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының нәтижесі.</p> <p>Инновациялық негіздегі жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясы.</p> <p>Президенттің "Интеллектуалды ұлт-2020" бағдарламасы және оның маңызы. Қазіргі білім беру моделі.</p> <p>ЖОО-ның инновациялық қызметке көшуі. Оның дамуының тетіктері. "Назарбаев-университеті" негізінде жоғарғы оқу орындарының инновациялық үлгісін қалыптастыру. "Серпін-2050" әлеуметтік жобасы бойынша білікті мамандар даярлау мәселесі. Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу міндеттеріне сәйкес ғылымның</p>			
--	--	--	--

<p>дамуына және ҒТҮ (ғылыми – техникалық үдеріс) -ті басқаруға жаңа көзқарас қалыптастыру. Жаппай Еңбек ету Қоғамы. ҚР әлеуметтік модернизациясы саясатының негізі – нағыз өндіргіш еңбек пен бәсеге қабілеттілік және мықты жаппай еңбек етуші қоғам болып табылады.</p>			
<p>10 апта: Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісімнің нығаюуы</p>			
<p>0 Қазақстандағы көші-қон, демографиялық үрдістер, халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер. Қазақтардың тұңғыш дүниежүзілік құрылтайы Қазақстан халқының форумы. "Нұрлы көш" бағдарламасы және отандастардың қайтып оралуы. Егемендік жағдайындағы алғашқы халық санағы, оның қорытындылары. 2009 жылғы Қазақстандағы халық санағы, халықтың этникалық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер.</p> <p>Біртұтас ұлт болашағының қалыптасу мәселелері. Қазақстан Республикасы Конституциясы. ҚР заңдары: "Қазақстан халқы ассамблеясы туралы", "Білім туралы", "Тілдер туралы", "Мәдениет туралы". Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің біртұтастық тұжырымдамасы. Қазақстан ұлттық бірлігінің доктринасы. "Қазақстандық халықтың бірлігі мен тұтастығының нығаюы мен дамуы тұжырымдамасының" мақсаттары мен принциптері.</p> <p>Ұлтаралық татулық – Қазақстан Республикасында тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың негізі. Президент жанындағы консультативтік және кеңесші орган Қазақстан халқы келісімі мен бірлігінің қоғамдық институты - Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) құрылуы. ҚХА-ның бірінші сессиясы, оның шешімдері. "Ортамерзімді кезеңге арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы". Ұлтаралық</p>	<p>Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық келісімді нығайтудың маңыздылығы мен жолдары.</p>	<p>Контент-анализ: "Қазақстандағы санақ деректері бойынша этнодемографиялық өзгерістер".</p>	<p>10</p>

	келісімнің қазақстандық моделінің ерекшелігі.		
11 апта: Рухани жаңғыру және қоғамдық-саяси дамудың келешегі			
1	<p>Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру және жаңарту. Саяси партиялар мен Қазақстанның партиялық жүйесі. ҚР-ның саяси партиялар туралы Заңы және оның маңызы. "Қазақстан – 2050" стратегиясы мен "Нұр Отан". "Нұрлы болашақ жолында" атты Саяси доктрина - "Нұр Отан" партиясының көшбасшылығының кешенді бағдарламасы". Азаматтық қоғамның және оның саяси және қоғамдық институттарының дамуы. Үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, азаматтық қоғам институттарының дамуы. І-ші Азаматтық форум және оның маңызы. Демократиялық үрдістің дамуы. Парламентке сайлаудың пропорционалды жүйесін енгізу, партиялық тізім бойынша сайлаудың нәтижелері. ҚР-ның ақпараттық саясаты, БАҚ-тың дамуы. Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің қызметі. Азаматтық қоғамды одан ары демократияландыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлейтін тұрақты жұмыс істейтін Кеңес ұйымдастыру. Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері бойынша Ұлттық комиссияның қызметі. Құқық қорғау және сот органдарының қызметін жетілдіру. 2003 жылғы 2 желтоқсандағы азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт және оны жүзеге асыру. Қазақстан Президенті жанында адам құқықтары жөніндегі Комиссияның құрылуы және оның қызметі. ҚР-нда адам құқы жөніндегі өкілетті институттың (Омбудсмен) енгізілуі. Өлім жазасына мораторий енгізу. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактілерді бекітуі. Заңдарды ізгілендіру. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы. Қазақстандық бірегейлік пен</p>	<p>Қазақстандық қоғам құндылықтарының жаңа жүйесі, ерекшеліктері мен өзгешелігі.</p> <p>"Мемлекеттік бағдарламалар-Қазақстанның болашақ дамуының кепілі" тақырыбы бойынша бағдарлама немесе жоспар әзірлеу.</p>	10

<p>бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы: мақсаты мен міндеттері. Қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы – мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа негізделген жалпыұлттық құндылықта. Тұжырымдаманы іске асыру тетіктері. Азаматтық бірегейлік пен бірлікті қалыптастыру саласындағы әлемдік тәжірибе. <i>Азаматтық мәдениетті қалыптастырудағы еріктілік рөлі. Еріктілік - мемлекеттің, қоғамның және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі.</i></p> <p>Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында". ҚР жастар саясаты және рухани жаңғыру бағыты.</p> <p>Жастар істері бойынша саясаттың негізгі бағыттары. "Нұр Отанның" жастар қанатының қызметі. Жастарды патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеу. 2004 жылғы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" заңы. Жастардың рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу. ҚР-ның жастар саясаты туралы "Қазақстан – 2020" даму бағдарламасы.</p> <p>Қазақстанда жаңа конфессионалдық шындықтың қалыптасуы. Дін тұту бостандығының заңмен қамтамасыз етілуі және Қазақстандағы конфессияаралық келісім. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ). Астанадағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 2003 ж. 1-ші съезі, 2006 ж. 12-13 қыркүйектегі II съезі, 2009 ж. 1-2 шілдедегі III съезі. Қауіпсіздік мәселелері контексіндегі Қазақстанның конфессионалдық саясаты.</p>			
12 апта: Ұлы Дала еліндегі жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты			
Тәуелсіздіктің алғашқы	Тарихи жадының	Әссе: "Қазіргі заман	10

2	<p>жылдарындағы ұлт тарихындағы "ақтаңдақтарды" жоюға бағытталған шаралар. 1997 жыл - Ұлттық бірлік және жаппай саяси жазалау құрбандарын еске алу жылы. 1998 жыл - Ұлттық тарих жылы. Ресей империясының Қазақстанды жаулап алу тарихын зерттеудегі жаңа тәсілдер.</p> <p>"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы. Оның мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары: рухани және білім беру жүйесін дамыту, мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету. Тарихи және сәулет ескерткіштерін жаңғырту. Мәдени мұраны зерделеудің біртұтас жүйесін құру – фольклор, дәстүр, әдет-ғұрыптар. Мемлекеттік тілде гуманитарлық білімнің толық бағалы қорын құру. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Тарих толқынында" еңбегінде ұлттық тарихты зерделеу. Қазақ жерлерін Ресей империясының жаулау тарихын қайта зерттеудің қолға алынуы. Елбасының "Халық тарих толқынында" тарихи зерттеулерге бағытталған бағдарламасы аясында қазақтың ұлттық тарихының шеңберін кеңейту және ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Елбасы бағдарламасының жаңа тарихи сананы негіздеудегі маңызы.</p> <p>Жаңа Қазақстан – ол ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала мұрагері. Ұлытау ұлағаты. Қазақ мемлекеттілігі туралы тұжырым-Елбасының Ұлытау төрінде берген салиқалы сұхбатының басты мәселесі. Елбасының қазақ тарихын Бәйтерекке теңеуі. Тәуелсіздік тұсында көне түркі жазуының және түркі мәдени ескерткіштерінің жан-жақты зерттеле бастауы. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің қазақ тіліне</p>	<p>сақталуы - тұлғаның сана-сезімінің негізі мен қазақстандық бірігейліктің дамуы ретінде.</p>	<p>жағдайында қазақ халқының ауызша мұрасы (тарихи дәстүрлерді) мен жазбаша тарихнаманы (Мохаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қасымұлы Жалайырдың шығармаларын) зерттеу".</p>
---	--	--	--

<p>аударылып, қайта басылуы. Елбасының ежелгі Ұлыстар мен Ордалардағы этносаяси үрдістердің қалыптасуына байланысты пікірлері.</p> <p>Жаңа қоғамдық сананы қалыптастыруда "Қазақ хандығының 550 жылдығының" аталып өту маңызы. Қазақ хандығының – ұлттық мемлекеттіліктің бастауы ретінде бағалануы. Мәселенің деректік негіздері мен тарихнамасына Н.Ә.Назарбаевтың еңбектерінде Қазақ халқының қалыптасуына байланысты өзекті мәселелердің көтерілуі және Қазақ хандығының қалыптасуының тарихи алғышарттарына жаңа көзқарас. Қазақ хандарының мемлекеттік қызметін зерттейтін жаңа еңбектердің жарыққа шығуы. Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеуде социомәдени негіздерге байланысты көзқарастардың қайта қаралуы. Байырғы Қазақ қоғамындағы батырлар мен билер институтын және қазақтардың дәстүрлі көшпелілер мәдениетін зерттеудегі үдерістер. Қазіргі қазақ мемлекеттілігінің республика территориясындағы ежелгі мемлекеттер мен Қазақ хандығынан ерекшелігі.</p>			
<p>13 апта: Қазақстан – замануи әлем мойындаған ел</p>			
<p>4</p> <p>Әлемдік қауымдастықтың Қазақстанның егемендігін тануы, оны БҰҰ - на қабылдауы. Қазақстанның сыртқы саяси қатынастар саласындағы басымдықтары. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар: халықаралық және аймақтық қауіпсіздік, мемлекеттің аумақтық тұтастығы және егемендігі. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының көпбағыттылығы. Белсенді, сындарлы және үйлестірілген сыртқы саясатты</p>	<p>Әлемдік және аймақтық мәселелерді шешу бойынша Қазақстан Республикасының қызметі.</p>	<p>Қазақстанның ядролық қарусыз әлем үшін бастамалары және қазіргі заман талабына сай қауіпсіздігі әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары, Интернеттегі әлеуметтік желілердің жарияланымдарын талдау.</p>	<p>10</p>

<p>жүзеге асыру. Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан Республикасының бағыты – халықаралық қатынастарда қауіп-қатерді азайтуға ұмтылу.</p> <p>Сыртқы экономикалық ынтымақтастық және инвестициялық қызмет. Қазақстан Республикасының бітімгерлік миссиясы. ҚР-ның Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК, 1992 ж.) ұйымдастыру бойынша бастамасы. Қазақстанның Батыс-Шығыс мәдениаралық және өркениетаралық диалогты дамытуға қосқан үлесі. Өзара сенімді нығайту жөніндегі бастамалар. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері (2003 ж.). Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы және оның нәтижелері. ЕҚЫҰ позициясының нығаюы, ұлттардың әлемдік қауымдастығы тарапынан осы басты саяси ұйымға сенім мен құрметтің күшеюі. 2010 жылғы 1-2 желтоқсандағы Астанадағы Саммит – дүниежүзілік маңызы бар оқиға.</p> <p>Еуразия идеясының ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың заманауи түсінігінше дамуы, оның Еуразия халықтарының ортақ игілігі үшін өзара тиімді, тығыз өзара қатынастардың қажеттігін негіздеуі. Экономикалық одақ құру туралы келісім. Еуразиялық экономикалық одақ: теория және шындық. Қазақстан, Ресей, Белоруссия: Кедендік одағының құрылуы және қызметінің басталуы, оның маңызы. Біртұтас экономикалық кеңістік құру идеясы және оны жүзеге асыру. БЭЖ-тің келешегі. Қазақстанның Еуразия экономикалық одағына кірудегі перспективалары. Әлемнің және ЕурАзЭҚ-тың ғаламдық энергетикалық және экологиялық қауіпсіз дамуын құру проблемаларын іргелі теориялық және әдіснамалық зерттеулер</p>			
---	--	--	--

<p>топтамасының қорытындысы болып табылады Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығының атап өтілуі. Н. Назарбаевтың "Әлем. XXI ғасыр" манифесінің негізгі қағидалары. Соғысқа, ядролық қаруға және терроризмге қарсы күресу жөніндегі бастамалар.</p>			
<p>14 апта: Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы тұлға</p>			
<p>5 Бірінші Президенттің бастамалары мемлекеттің жаңғыру жолында. Жасампаздық негізі Қазақстандық мемлекеттіліктің үлгісі. Президенттің әлемдік өркениеттердің серіктестігі жөніндегі ойлары, қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне берген жүйелі жауабы ретінде. "Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы" еңбегінің маңызы. "Тарих толқынында" еңбегі мен баспасөз беттеріндегі ұлттық тарихтың стратегиялық көрінісі және тарихи тұлғалардың рөлі. "Әлем эпицентрі" атты кітабындағы қазіргі заман мәселелерінің ұлттық қауіпсіздік пен территориялық тұтастық мәселесіне әсері. Терроризм, аймақтық қауіпсіздік және олармен күресі жөнінде "Сындарлы он жыл" атты еңбегінде. Фундаменталды саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ұлтаралық және дінаралық келісім жөнінде "Қазақстанның даму жолы" еңбегінде. "Тәуелсіздік толғауы" атты Елбасының 2014 жылғы 15 желтоқсанындағы сөйлеген сөзінің маңызы. Жаңа Қазақстан – ол ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала мұрагері. Н.Ә. Назарбаевтың "Нұрлы жолы- Қазақстандық даму жолы" бағдарламасының тарихи маңыздылығы. Қазақстан Президенті Нурсұлтан Назарбаевтың "Ұлт жоспары –</p>	<p>Мемлекеттік басқару теориясы мен тәжірибесіне Тұңғыш Президенттің қосқан үлесі.</p>	<p>Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектеріндегі адамзаттың өткені, бүгіні және келешегі туралы" тақырыбы бойынша эссе жазу.</p>	<p>10</p>

<p>казакстандық арманға жол" мақаласы - казакстандықтар үшін қуатты іс-әрекет көзі және болашаққа ынталандырушы. Ұлт лидерінің идеялары – халық мұрасы. Тәуелсіздік негізі – "Қазақстан жолы – 2050", түпкі мақсат – Мәңгілік ел болу. Әлемнің және ЕурАзӘҚ-тың ғаламдық энергетикалық және экологиялық қауіпсіз дамуын құру проблемаларын іргелі теориялық және әдіснамалық зерттеулер топтамасының қорытындысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "XXI ғасырдағы жаһандық тұрақты дамудың энергоэкологиялық стратегиясы" кітабы. Егеменді елдің қалыптасуының кезеңдері, механизм қағидағасы мен қозғаушы күштердің дамуы, модернизацияның 3 толқыны, 30 елдің қатарына ену мақсатында бағытталған жаңару "Тәуелсіздік белестері" атты еңбегінде.</p>			
<p>15 апта: Ортақ болашағы бар ұлттың қалыптасуы</p>			
<p>6 "Мәңгілік ел" ұлттық идеясының мәні мен маңызы. "Мәңгілік ел"- ежелгі түркілер мұраты. "Мәңгілік ел" - бабалардан мұраға қалған тарихпен суарылған қазақ халқының арманы. "Мәңгілік ел" идеясының негіздері: тарихи сабақтастық; қазақ мәдениеті; еркіндік; бірлік; күшті мемлекет; жоғарғы мақсаттар; ұлы болашақ. "Мәңгілік елдің негізгі кезеңдері: ұлттық мемлекетті құру және халықты біріктіру идеясының пайда болуы; ұлттық мемлекетті қолдау үшін күрестер; халықты қорғаушылардың қасіреті. Елбасының мемлекеттіліктің жаңғыруы және халықтың бірігуіндегі орны. Мәңгілік елдің құндылықтары: 1.Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана 2.Ұлттық бірлік, бейбітшілік және біздің қоғамдағы ынтымақтастық</p>	<p>Астана - Қазақстанның жаңаруының, оның көп ұлтты халқының қалыптастырушы энергиясының символы.</p>	<p>"Рухани Жаңғыру" бағдарламасын Қазақстан Республикасының өңірлерінде іске асыру жобасын дайындау.</p>	

<p>3.Зайырлы қоғам және жоғары руханилық</p> <p>4.Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өрлеу</p> <p>5.Жалпыға бірдей еңбек ету қоғамы</p> <p>6.Тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы</p> <p>7.Ұлттық қауіпсіздік және біздің еліміздің жалпы дүниежүзілік және аймақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы.</p> <p>8.Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің "Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт" атты XXIV сессиясында "Мәңгілік Ел" патриоттық актісінің тарихи маңызы.</p> <p>"Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру міндеттері". XXI ғасырдағы ұлттық сананы жаңғырту мәселесі: бәсекеге қабылеттілікті арттыру.</p> <p>Прагматизм құндылықтары.</p> <p>Ұлттық бірегейлікті сақтау.Қазақстанның эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы.</p> <p>Таяу жылдағы міндеттер: латын әліпбиіне көшудің логикасы. "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының мәні. "Туған жер" бағдарламасын қолға алу.</p> <p>"Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасын жүзеге асырудың маңыздылығы.</p>			
--	--	--	--

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат

Барлығы: 5 академиялық кредит – 150 академиялық сағат

Әдебиеттер: Негізгі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017
2. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 1-5-томдар. – Алматы., 1996, 1997, 2000, 2010.
3. Қазақстан (Қазақелі) тарихы. – 4 кітаптан тұратыны оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. – 264 с.
4. Алан Барнард Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
5. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999
7. Кан Г.В. История Казахстана: Учебное пособие для вузов. – Алматы, 2005.
8. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: ZhasylOrda, 2015. – 328 стр.
9. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010.

10. Артықбаев Ж.О.; Раздыков С.З. История Казахстана: Учебник. – Астана: Фолиант, 2007. – 344 с.
Қосымша:
1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
 2. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства.- Алматы, 1992
 3. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы, 2003.
 4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007.
 5. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. - Астана, 2002.
 6. Назарбаев Н.А. Евразийский Союз. Идеи, практика, перспективы.- М:1997
 7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. А., 1997.
 8. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан - 2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты". ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан 2012 ж.
 9. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы. Тәуелсіздік күніне орай салтанатты шарада сөйлеген сөзі. - Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2014 ж.
 10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша. – Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2015 ж.
 11. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003
 12. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996
 13. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, Өнер, 1996. – 272 б.
 14. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007.
 15. Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. – Алматы, 2003.
 16. Назарбаев Н.А. Без правых и левых. Москва, 1991
 17. "Қазақстан Республикасы президенті Н.назарбаевтың "Ұлытау төріндегі толғаныс" атты Хабар агенттігінде берілген сұхбатын талқылау бойынша конференция материалдары. - 1 қазан 2014 жыл. – Алматы, 2014. – 54 б.
 18. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия). – Алматы, 2010.
 19. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы: "Өнер", 2003. – 552 б
Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. — Алматы, 1998.
 20. Омарбеков Т. Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
 21. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
 22. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ.соңы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: "Сардар" баспа үйі, 2015. – 176 бет.
 23. Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: "Сардар" баспа үйі, 2015. – 520 б.
 24. Кәрібаев Б.Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. – Алматы: "Сардар" баспа үйі, 2016. – 272 бет.
Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
 25. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 гг.): сборник документов / Сост.: Айбасова М.К., Исахан Г.Т. – Алматы: "Қазақ университеті", 1997. – 325 с.
 26. Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы: сәуір 1920-1928 жж. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Грибанова Е. М., Жағыпаров Н. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.
 27. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1905 – 1917 жж. Т. 1. – Алматы: 2004-2007. I-IV Т.
 28. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана.-Алматы, Таймас-412с.
 29. Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатының аса құнды құжаттары: Жинақ. - 1 шығарылымы / Жауапты ред.: Шепель В.Н. – Алматы: АП РК, 2009. – 103 б.
 30. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана, 2007.
 31. Қозыбаев М. "Өркениет және ұлт". – Алматы, 2001. -369 б.
 32. Қозыбаев М. История и современность. – Алма-Ата, 2003. – 265 б.
 33. Козыбаев М.К., Алдажуманов П.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. – 258 с.
 34. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009.
 35. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы, 2002. – 172 б.
 36. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Монография. Екінші кітап. –Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
 37. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. –Алматы: Қазақ

- университеті, 2004. – 388 б.
38. Рыскулов Т.Р. Собрание сочинений в 3-х томах. (Составители Асылбеков М.Х., Балакаева Л.Т. и др.)- Алматы, Казахстан -336с
39. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алаш - Орда. – Алматы, 1995.
40. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы; ЮАТ. – 1997.
41. Современный Казахстан: стратегия успеха/ под ред. М.Е.Шайхутдинова . – Алматы, 2008.
42. Сайлан Б.С. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. – 433 б.
43. Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001.
44. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002.
45. Қазақстан: мемлекеттік кезеңдері. Конституциялық актілер / Құрастырған Ж.Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 496 б.
46. Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII – начало XX вв.). – Уфа, 2002.
47. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. –Алматы, 2006. – 343 С.
48. Рысбекова С. Социальная модернизация традиционного общества в Казахстане (1920-1936 гг.) // Издательство "Арыс", Алматы, 2013. 370 с.
49. Тәуелсіз Қазақстан тарихы: Хрестоматия. /Құрастырғандар: Қ.С. Қаражан, К.Е.Абикенова, С.Смағұлов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. 260 бет.
50. Сайлан Б. Жастар ұйымының жетекшісі – Садықбек Сапарбекұлы // Садықбек Сапарбеков. Құжаттар мен материалдар. – Астана: Әдебиет әлемі. – 2013. –251-256 бб.
51. Қозыбақова Ф.А.Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920-1930 жж.). учебное пособие. – Алматы, 2011 5,4 пл
52. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. Сборник исторических документов в 2-х томах. Алматы. 2014.
53. Уразбаева А.М. "Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.)". – Монография. – Алматы: "Қазақ университеті" 2015. – 196б.
54. Martin V. Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. Richmond: Curzon Press, 2001.
55. Дерек Джонстон Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін [монография] / Д. Джонстон; ауд.: Г. З. Әбдірасылова, Г. Ж. Нұрышева, 2018. – 212 б.
56. Аронсон Э. "Көпке ұмтылған жалғыз". Әлеуметтік психологияға кіріспе / Э. Аронсон; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т.б.], 2018. - 407 б.
57. Н. Грегори Мэнкью, Марк П. Тейлор Экономикс [оқулық] / Н. Г. Мэнкью, М. П. Тейлор; ауд. Л. Ә. Бимендиева [және т.б.], 2018. - 833 б.
58. Армстронг, Карен. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны: [монография] / К. Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.], - 2018. – 421 б.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама "Философия" жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған.

3. Жоғарғы білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 150 академиялық сағатты (5 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) Білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі;

2) студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;

3) ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;

2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;

3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;

4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;

5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;

6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;

7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;

8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;

9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, оқыту әдістерін және технологияларын, пререквизиттері мен постреквизиттерін шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының тақырыптарын және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын қамтитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін

"Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) білім алушы тарапынан рефлексивті көзқарас тәсіліне негізделген студенторталықтандырылған оқыту;

2) біліктілікке бағытталған оқыту;

3) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау);

5) жобалар әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орны өзі тағайындайды.

	<p>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша</p>
--	---

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	С ағаттар саны
Философияның пайда болуы және дамуы				
1-2 апта: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі				
	<p>Ойлау мәдениеті. Көркемдік рефлексия. Философия – даналыққа құштарлық. Философияның сұқбаттық сипаты және эвристикалық мүмкіндіктері. Философиялық ойлау түрі – сын және күмәндану. Өткенге сыни көзқарас – қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық санасындағы өзгерістер шарты. Философиялық мәселелердің тұлғалық сипаты. Философия және дүниетаным. Дүниенің ғылыми, философиялық, діни бейнелері. Мифология, дін және философия. Қоғам дамуындағы мифтің рөлі. Философия – білім мен рухани қызметтің ерекше түрі. Философияның негізгі бөлімдері – онтология, гносеология, философиялық антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтік және</p>	<p>Философияның пәні, қызметтері мен міндеттері.</p>	<p>"Қазіргі заманғы Қазақстанның үшінші модернизациясын жүзеге асырудағы философияның рөлі" тақырыбы бойынша сараптау жұмысын (эссе, реферат, баяндама) дайындау.</p>	10

<p>саяси философияның қысқаша сипаттамалары. Философия және фәлсафа. Фәлсафа дәстүріндегі ғылым мен дін мәселелерін шешу жолдары. Философияның анықтамалары, түрлері мен бағыттарының санқырлылығы және философиялық пайымдау тәсілдерінің әртүрлілігі. Философия мен философтың адам және қоғам өміріндегі рөлі. Қазіргі Қазақстанның үшінші модернизациясындағы философияның орны.</p>			
--	--	--	--

Дүниені философиялық түсінудің негіздері

3 апта: Сана, рух және тіл

<p>Жан, ақыл, парасат, рух. Антикалық философиясындағы рух пен парасаттың космологизмі. Фәлсафа дәстүріндегі рух ұғымы: Ибн-Сина рух туралы. Ортағасыр дәстүріндегі рух пен жанның теологиялық түсінігі. Сананың гносеологиялық моделдері. Жаңа заман философиясындағы тума идеялар концепциясы және cogito статусы. Неміс классикалық философиясындағы ақылдың трансценденталдық негіздері. Шәкәрімнің үш анығы. Шәкәрім рух туралы. Рух және адамның рухани қызметінің табиғаты. Тәндік және руханилық. Сананы онтологиялық мәселе ретінде түсіну. Сана фактілері. Сана феномендері. Сананың қалыптасуын анықтайтын факторлар. Антропосоциогенез. Сананың шығу тегі мен мәні: негізгі концепциялар. Шығыс философиясындағы сана мәселесі. Сана құрылымы. Бейсаналық, сана, санадан</p>	<p>1. Сана және бейсана: философиялық концепцияларды салыстырмалы талдау. 2. Тіл мен ойлаудың арақатынасын бағалау. Латын графикасына көшу және қазақ тілінің дамуы.</p>	<p>1. "Үңгір аллегориясы: қазіргі оқылу" тақырыбына сараптау жұмысын (эссе, реферат, баяндама) дайындау. Дерек Джонстонның "Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін" оқулығын қолдану ұсынылады. 2. "Қоғамдық сананы модернизациялаудағы сыни ойлау" тақырыбына шығармашылық жоба дайындау. алғашқы деректерді сыни талдау негізінде презентация дайындаңыз (Б. Расселдің "Сыни ойлаудың он қағидасы" еңбегін қолдану ұсынылады).</p>	<p>10</p>
--	--	--	-----------

<p>жоғары. Сананың сезімдік-перцептілік, эмоциялық, құндылықтық-мотивациялық, жігерлік, логикалық компоненттері.</p> <p>Бейсаналықтың философиядағы негізгі концепциялары (З.Фрейд, К.-Г.Юнг). Постмодернистік философиясындағы сана мәтін ретінде (Ж.Деррида, Ж.Делез).</p> <p>Сана және өзіндік сана.</p> <p>Қазақстандық тұлға санасының ашықтығы: әлемдік үдерістерді түсіну, өзгерістерге дайын болу, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінен үйренуге қабілеттілік. Сана және ұлттық сана-сезім. Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы аясындағы ұлттық сана-сезім. Рухани жаңғыру – ұлттық сананың әртүрлі полюстерінің ымыраға келуі.</p> <p>Ойлау және тіл.</p> <p>М.Қашғаридің тіл философиясы. XX ғ. философиясының "лингвистикалық бұрылыс": сана философиясы тіл философиясы ретінде (аналитикалық және структуралистік интерпретациялары). Тіл және ұлт. Латын графикасына көшудің қазақ ұлты мен қазақ тілінің дамуындағы рөлі.</p>			
<p>4 апта: Болмыс. Онтология және метафизика</p>			
<p>Болмыс және тіршілік. Мән және бар болу.</p> <p>Онтология – болмыс туралы ілім. Бар болудың онтологиялық құрылымы.</p> <p>Болмыс және бейболмыс (Парменид, Зенон).</p> <p>Болмыстың түрлері. Платон мен Аристотельдің философиясындағы болмыс мәселелері. Әл-Кинди және Ибн-Рушд концепциялары.</p> <p>Жаңа заман</p>	<p>1.Болмыстың субстанциялық концепцияларын бағалау және онтологияның базалық категорияларын талдау.</p>	<p>1. "М. Хайдеггер онтологиясының негізгі ұғымдары" тақырыбына шығармашылық жұмыс дайындау.</p>	<p>10</p>

<p>философиясындағы субстанция мәселесі (Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Лейбниц). М.Хайдеггердің "фундаменталды онтологиясы" (Dasein). "Материя" ұғымы. Материалдық әлем болмысы. Қозғалыс, кеңістік және уақыт. Философияның негізгі ұғымдары: дүние, заман, мән, құбылыс, мазмұн, форма, жалпы, жеке, бүтін, бөлік, сан, сапа, өлшем, терістеу, себеп, салдар, қажеттілік, кездейсоқтық, мүмкіндік, шындық. Болмыс және Абсолют. Құдай-әлем қатынасы мәселесі. Абай дүниетанымдағы Құдай және адам мәселесі. "Идея" ұғымы. Болмыс пен ойлау арақатынасы мәселесі. Идея және рухани құндылықтар болмысы. Виртуалды шындықты философиялық зерделеу пәні ретінде талдау.</p>			
<p>5 апта: Таным және шығармашылық</p>			
<p>Таным философиялық мәселе ретінде. Әртүрлі философиялық концепциялардағы білім мәнінің анықтамалары. Таным объектісі мен субъектісі. Таным мүмкіндіктері мен шекаралары. Дүниенің түбегейлі танылуы мәселесі: танымдық оптимизм, скептицизм және агностицизм. Милет ойшылдарының натурфилософиясы және Скифтік Анахарсистің скептицизмі. Д.Юмның скептицизмі. И.Канттың классикалық агностицизмі. Г.Гегельдің диалектикалық методы және батыс еуропалық гносеологиясындағы оның маңызы. К.Ясперстің "Мен -</p>	<p>Таным философиялық мәселе ретінде</p>	<p>Бір ойшылдың (өз таңдауыңыз бойынша) еңбегін мысалға ала отырып, индуктивті және дедуктивті ойлаудың салыстырмалы талдауын жасаңыз.</p>	<p>10</p>

<p>адамилық деңгейлердің концепциясы", К.Поппердің "субъектсіз" эпистемологиясы. Ақиқат пен адасу. Білім, ақиқаттылық және жалғандық. Қазіргі Қазақстан жаңғыруы аясындағы білім культі. Ақиқаттың әртүрлі тұжырымдамалары. Ақиқат және оның критерийлері. Сезімдік және рационалдық таным. Философиядағы рационалдық және эмпирикалық дәстүр. Таным құралы. Эмпирикалық және теориялық таным. Таным және шығармашылық. Шығармашылық және интуиция.</p>			
<p>6 апта: Білім, ғылым, техника және технологиялар</p>			
<p>Қазіргі ғылымның жетістіктері және оның себептері. Әдіс мәселесі. Танымның негізгі әдістері. Ғылыми таным әдістері және және ғылыми ақиқат ерекшелігі. Ғылыми және ғылыми емес білімнің демаркациясы мәселесі. Ғылым құндылықтары. Ғылымды білім, қызмет және әлеуметтік институт ретінде талдау. Ғылымдардың классификациясы: Аристотель, әл-Фараби, Ф.Бэкон, Г.Гегель, О.Конт. Шоқан Уәлихановтың ғылым философиясы. Қоғам өміріндегі ғылымның рөлін бағалаудағы қайшылықтар. Сциентизм және антисциентизм. Ғылым және техника. Ыбырай Алтынсариннің білім философиясы. "Білімді адам" моделі. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі ғылымның даму болашағы мәселелері. Қазіргі ғылым және этика. Қазақстан ғылымы дамуының келешегі. Отандық ғылым мен білімнің</p>	<p>1.Ғылымдағы әдіс мәселесі. Ғылым және техника 2.Қазақстанның үшінші жаңаруындағы цифрлық технология.</p>	<p>1.Н.А.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы аясында қазіргі мәдениеттегі ақпараттың рөлін гносеологиялық талдау негізінде "білім-ақпарат" салыстырмалы кестесін жасау. 2."Гносеологиялық оптимизм, скептицизм және агностицизм": скептицизмнің гносеологиялық стратегия ретінде қазіргі ғылыми және қарапайым дүниетанымдағы маңызы туралы эссе-негіздеме жазу.</p>	<p>10</p>

<p>дамуындағы "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының үлесі.</p>			
<p>Адам философиясы және құндылықтар әлемі</p>			
<p>7 апта: Адам</p>			
<p>Адам және Ғалам. Зат әлемі. Адамды қарастырудың философиялық тәсілінің ерекшелігі. Ежелгі Үнді діни-философиялық ілімдердегі адам мәселесі. Конфуцийшілдік және даосизм жүйесіндегі адам мәселесі: ер және әйел бастамалары (Инь/Ян). Антикалық философия тарихындағы адам бейнелері (Пифагор, Платон, Эмпедокл, Протагор, Сократ, Аристотель). Христиандық антропология: адам Құдайдың бейнесі ретінде (Әулие Аугустин, Акуинолық Томас). Ренессанс дәуіріндегі адамның индивидуалистік түсінігі (Пико делла Мирандола). Жаңа заманның механистикалық антропологиясы (Б.Паскаль, Ж.Ламетри). Л.Фейербахтың антропологизмі. Адам мәнінің марксистік түсінігі. Ф.Ницше философиясындағы "Асқан адам". Адам және оның әлемдегі-болмысы: экзистенциализм. Искер адам: прагматизм. Э.Кассирер: адам символдық жануар ретінде. Й.Хейзинга: "ойнаушы адам". Г.Маркузе: "бір өлшемді адам". XX ғ. философиялық антропология (М.Шелер, Х.Плеснер, А.Гелен). Қазақ философиясындағы адам мәселесі. Адам мәселесінің Абай даналығында бейнелену. Шәкәрімнің адамның өмірмәндік бағдары туралы экзистенциалдық</p>	<p>Қазіргі философиядағы адам мәселесін талдау тәжірибесі.</p>	<p>Абай философиясындағы адам мәселесі бойынша эссе-негіздеме дайындау. 2.Түпнұсқалар негізінде (өз таңдауыңыз бойынша) адам мәселесін экзистенциалдық түсіну туралы сараптамалық шолу жасау.</p>	<p>10</p>

рефлексиясы. Адам, индивид, индивидуалдылық, тұлға.			
8 апта: Өмір және өлім. Өмірдің мәні			
<p>Адам болмысының категориялары (бақыт, сенім, өмір және өлім). Өмірдің онтологиялық және аксиологиялық мазмұны. Адам, оның ажалдығы және ажалсыздығы. Іргелі философиялық мәселелердің өмір және өлім мәселесімен байланысы: метафизика және моральдық философия. Өмірдің мәні – оның шектеулілігін ұғыну. Уақыт, мәңгілік және мақсат. Қорқыт дүниетанымындағы мәңгілік өмір мәселесі.</p> <p>Өмірдің мәні. Өмірдің мәнін іздеу. Философиялық ойлар тарихындағы өмірдің мәні мәселесі: фатализм, гедонизм, волонтаризм, функционализм. Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі категориясы.</p> <p>Өмірмәндік құндылықтар туралы ілім. Адам қажеттіліктерінің пирамидасы. Махаббат – адамның өмір сүру мәні. Фәлсафа дәстүріндегі Қожа Ахмет Яссауидің мистикалық дүниетанымы. Абай философиясындағы махаббат мән-мағына туғызатын бастама ретінде.</p> <p>"Махаббатпен жаратқан адамзат ...".</p>	<p>Күнделікті тәжірибеде өмір мәнін іздеудің маңызды қырлары: философиялық талдау.</p>	<p>Қазақ философиясы бойынша түпнұсқаларды салыстырмалы сараптау және түсіндірме бере отырып оқудың негізінде "Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі тақырыптарының бірі" тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау.</p> <p>2. Стоицизм және гедонизм: олар туралы қазіргі заманғы түсініктерге сүйене отырып, эссе-негіздеме жазу.</p>	10
9 апта: Этика. Құндылықтар философиясы			
<p>Аксиология және адамгершілік. Этикалық ілімдердің тарихи типтері. Құндылықтар теориясының негіздері. Құндылық ұғымы. Бар болып отырған және болуы тиіс. Адамгершілік ережелері және құқық ережелері. Негізгі этикалық</p>	<p>1. Этикалық дилеммалар: жағдаяттық талдау.</p> <p>2. Қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты.</p>	<p>1. "Қазіргі заманғы Қазақстан жастарының этикалық құндылықтары" тақырыбына эссе-пайымдау дайындау.</p> <p>2. Этикалық жағдайды (моральдық қиындық, тосын әлеуметтік жағдаяттар, қоғамдағы өзекті этикалық мәселе, тұлғаның ішкі және тұлғааралық қақтығыс және) бағалауды негіздеу және кейс-талдау.</p>	10

<p>категориялар (парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік). Адамгершіліктің алтын қағидасы (Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант). Адамгершіліктің бастауларын түсінудің негізгі тәсілдері. Утилитаризм және деонтологиялық теориялар (парыз теориялары). Пайдалылық пен принциптер. Құндылықтық сана табиғаты. Фәлсафа дәстүріндегі этикалық өлшем. Жүсіп Баласағұн философиясындағы ақиқат мәселесі. "Құт", "қанағат", "тәубе", "әділет", "сабыр" категориялары. Ұрпақтық дискурстағы этикалық құндылықтары. Қазақ халқының озық ұлттық этикалық құндылықтарын сақтап, дамыту – қоғамдық сана жаңғыруының алғышарты және негізі. Саяси этика. Зорлық. Толеранттық. Адам құқығы. Кәсіби этика. Бизнестегі этика.</p>			
--	--	--	--

10 апта: Еркіндік философиясы

<p>Философия тарихындағы еркіндік ұғымы. Адам және оның еркіндігі (Б.Спиноза). М.Хайдеггердің шығармаларындағы еркіндік пен ақиқаттың байланысы. Еркіндік пен жауапкершілік (Ж.-П.Сартр). Еркіндік және абсурд (А.Камю). Н.Бердяевтың еркіндік концепциясы. Ерік еркіндігі. Еркіндік деңгейлері. Оң және теріс еркіндік. Еркіндік, әділдік, адамның өмірі мен намысы – адамгершілік-құқықтық құндылықтар. Құқықтың дүниетанымдық мәселелері. Саяси еркіндік. Ұлттық еркіндік. Еркіндік – қазіргі демократиялық мемлекеттердің негізгі</p>	<p>1.Ерік еркіндігі мәселесін зерделеу және түсіндіру.</p>	<p>1. "Қазіргі заманғы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың рөлі" тақырыбына шығармашылық жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау.</p>	<p>10</p>
---	--	--	-----------

<p>идеалдарының бірі. Жеке еркіндік және табиғи құқық. Тұлғаның, оның еркіндігінің, өмірді, табиғатты және мәдениетті сақтау жауапкершілігінің қалыптасу шарттары. Сөз және көзқарас еркіндігі. Еркіндік пен шығармашылық – адамның мәдениетте шын мәнінде өмір сүруінің тәсілі. Абайдың "толық адам" концепциясы. Алаш қайраткерлерінің философиясындағы еркіндік және тәуелсіздік идеялары.</p>			
<p>11 апта: Өнер философиясы</p>			
<p>Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Антикалық эстетикалық ойлардың тарихы (софистер, Сократ, Платон, Аристотель). Араб-мұсылмандық эстетика (Омар Хайям, Әл-Фараби, Ибн Рушд, Ибн Араби, Руми). Христиандық ортағасырлықтың көркемдік-эстетикалық әлемі (А.Августин, Иоанн Дамаскин). Қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы (Л.Б. Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер, М.Монтень, Эразм Роттердамский). XVII-XVIII ғ.ғ. Жаңа заман эстетикасы және көркемдік практикасы (Д.Локк, Р.Декарт, Вольтер, Д.Дидро, Ж. Руссо). Классикалық эстетиканың негіздері (И.Кант, Г.Гегель, Ф.Шеллинг). XIX - XX ғ.ғ. классикалық емес эстетика (Ф. Ницше, Дж.Дьюи, Ж.-П. Сартр, М. Хайдеггер). Эстетикалық тәжірибе. Адам өмірінің эстетикалық өлшемі. Негізгі эстетикалық категориялар: сұлулық – ұсқынсыздық, трагикалық-комедиялық, асқақ-төмен. Сұлулықтың құндылығы. Философия және өнер. Өнер – мәдениет феномені, оның</p>	<p>Музыкалық эстетиканың қалыптасуын қазіргі мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру.</p>	<p>"Қазіргі заманғы адамның өміріндегі өнердің рөлі" тақырыбына эссе-пайымдау жазу.</p>	<p>10</p>

<p>тұлғалық және және әлеуметтік қызметтері. Көркем шығармашылық субъектісі. Өнер әлеміндегі адам. Адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, жан тебіреністерінің себептерін ашудағы өнердің мүмкіндіктері. Өнерді зерттеудің заманауи философиялық тәсілдері. Қазіргі өнер философиясының негізгі категориялары: әлемді эстетикалық сезіну, еліктеу және елігу; сұлулық, көркем бейне, көркем стиль, көркем талғам, символ мен симулякр және тағы басқалары. Қазақ халқының сұлулық философиясы. Жырау және билердің шығармашылығындағы этикалық және эстетикалық бастамалары. Қ.Нұрланова: "Адам - Әлем біртұтас" концепциясы. Ұлттық аспаптар қобыз, домбыра көшпенділердің рухани мәдениетінің көрінісі ретінде. Қазақ дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері. Күй – қазақ өнерінің феномені.</p>			
<p>12 апта: Қоғам және мәдениет</p>			
<p>Әлеуметтік философияның пәні. Қоғам философиялық ұғым ретінде. Антикалық философиясындағы әлеуметтік ой: Платонның идеалды мемлекеті, Аристотельдің "Politikasyның" негізгі тұжырымдамалары. Адам саяси жануар ретінде. Августин: "Фәни шаһар" және "Бақи" шаһар. Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық теория: Т.Мор және Т.Кампанелла. Н.Макиавеллидің әлеуметтік-саяси теориясы. Жаңа заман әлеуметтік философиясы (Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо). К.Маркс: таптық</p>	<p>1.Қоғамдық сана феномені: түрлері, құрылымы, мәні. 2.ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамдық санасының жаңғыруының мәні. 3.Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу.</p>	<p>1. "Қазақстанның қазіргі дамуының басымдықтары аясындағы прагматизм философиясы" тақырыбына шығармашылық жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау.</p>	<p>10</p>

<p>қоғам. К.Поппер "Ашық қоғам". "Қоғамдық сана" ұғымы. Қоғамдық сананың түрлері. Қоғамның типтері. Ақпараттық қоғам. Постиндустриалдық қоғам. Ашық қоғам. Желілік қоғам. Жаңару. Қала. Урбандану. Мәдениет, оның табиғаты мен мәні. Философия тарихындағы мәдениеттанулық теориялар (З.Фрейд, Н.Данилевский, О.Шпенглер, К. Леви-Строс). Мәдениет – қоғам болмысының формасы. Материалдық және рухани мәдениет. Мәдениет және коммуникация. Мәдени-антропологиялық әдістеме: адам мен мәдениеттің мәндік және онтологиялық түбегейлі бірлігін мойындау. Қазақтардың ұлттық мәдениеті – қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізі және оның "Рухани жаңғыру" жобасы аясында дамуы.</p>			
<p>13 апта: Тарих философиясы</p>			
<p>Тарихты философиялық пайымдау пәні ретінде талдау. Тарих түсінігімен уақыт туралы көріністердің байланысы. Миф "уақыты". Уақыттың антикалық түсінігі және тарихтың айналымы. Орта ғасырдағы және Қайта өрлеу дәуіріндегі тарих философиясы. Г.Гегельдің философия тарихы. Марксистік философия тарихы. Тарихтың "сыни" философиясы: Дильтей, Риккерт, Ясперс. Қазіргі заман философиясындағы "тарих мәні", "тарихтың соңы" мәселелері. Тарихтың бағытталғандығы және оның мәні. Тарих философиясының пәні. Тарих философиясының даму кезеңдерін қарастырудың</p>	<p>1.Қазақ философиясындағы тарихи даму мәселелерін талдау. 2.Қазіргі Қазақстан қоғамындағы жаңару үдерістерінің мәні мен ерекшелігі.</p>	<p>1.Түпнұсқаларды түсіндірме бере отырып оқу және олардың мазмұнын салыстырмалы талдау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық қоғам дамуының негізгі концепцияларына сараптамалық шолу жасау. 2."Қазақстанның дамуы мен көркеюіне менің үлесім" тақырыбына эссе-пайымдау жазу.</p>	<p>10</p>

<p>негізгі әдістері. Адамзат тарихы: өткені-бүгіні-болашағы. Тарихтың мақсаты, мәні, бағыты мәселесі. Адамзат тарихының бірлігі мен көптүрлілігі. Тарихи үдерістегі революциялық және эволюциялық. Тарихтың қозғаушы күштері. Тарихтағы прогресс және регресс . Формациялар және өркениеттер. Шығыс-Батыс. Өркениеттер қақтығысы. Біртұтас адамзат пен әлемдік тарихты қалыптастыру үдерісі. Қазіргі өркениет, оның өзгешелігі және қайшылықтары. Адамзаттың даму үрдістері. <i>Қазіргі заман қоғамында адамдарға деген жанқиярлық көмек, қолдау және алаңдаушылықтың рөлі. Еріктілік - заманауи қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтау және нығайтудың жолы ретінде.</i> Асан Қайғы: Жерұйық философиясы. Қазақстан тәуелсіздігі тарихының философиясы.</p>			
14 апта: Дін философиясы			
<p>Дін анықтамалары. Дін және философиялық білім. Дін және өнер. "Дүниежүзілік діндер" феномені. Діннің алғашқы формалары. Алғашқы діни формалардың мәселелері: эволюционизм (У. Тейлор), структурализм (Леви-Брюль, Леви-Строс), марксизм (С. Токарев). Буддизм және оның негізгі бағыттары. Христиан дінінің пайда болу тарихы және негізгі формалары. Ислам. Исламның қалыптасуы, догматикасы және тарихи формалары. Суфизм (Аль-Газали, Ходжа Ахмет Яссауи). Неміс романтизм өкілдерінің діни философиялық</p>	<p>1. Қазіргі заман мәдениеті тегі дін философиясы</p>	<p>1. Қазіргі жаһандық мәселелерді түсінудегі және шешудегі философияның рөлі" тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау. 2. К. Амстронгтың "Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны" еңбегін талдау негізінде эссе жазу.</p>	10

концепциясы (Ф.Шлейермахер). С.Кьеркегордің философиясы.			
--	--	--	--

Апта 15: "Мәңгілік Ел" және "Рухани жаңғыру" – жаңа Қазақстан философиясы

<p>Кеңістік-уақыттық континуумдағы "Мәңгілік Ел" және "Ұлы Дала" категориялары.</p> <p>Қазіргі Қазақстандағы жаңғыру үдерісі: әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени қырлары. Қоғамдық сананы жаңартудың негізгі бағыттары. Рухани жаңғыру.</p> <p>XXI ғасырда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесі.</p> <p>Еуразияшылдық және Қазақстан дамуы.</p> <p>Еуразияшылдықтың әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және геосаяси негіздері.</p> <p>Жаһандық әлемдегі Қазақстанның өркениеттік идентификациясы. "Мәңгілік ел" идеясы. Н.А.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы және "Рухани жаңғыру" жобасы – XXI ғасырдағы Қазақстан дамуы болашағын айқындайтын маңызды құжат. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық және патриоттық идеясының ұйыстырушы құндылығы.</p> <p>Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттары.</p>	<p>"Мәңгілік Ел" идеясы мен "Рухани жаңғыру" жобасы – Қазақстанның тарихи дамуының жаңа векторлары.</p>	<p>Өзекті философиялық мәселелері"(кәсіби қызмет салалары) тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау.</p>	10
---	---	--	----

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат
Барлығы: 5 академиялық кредит - 150 академиялық сағат

Әдебиеттер: Негізгі:

1. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". [http:// www. akorda. kz](http://www.akorda.kz).
2. Назарбаев Н.А. "Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям" – Астана: Деловой мир Астана, 2014. – 368 с.
3. Нұрышева Г.Ж. "Философия" – Алматы: Инжу-маржан, 2013.
4. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. "Философия". – Алматы: Эверо, 2014.
5. Ғарифолла Есім "Фәлсафа тарихы" – Алматы, 2000.
6. Ғарифолла Есім "Қазақ философиясының тарихы" – Алматы, 2006.

7. Ғарифолла Есім "Адам-зат" – Астана, 2008.
 8. Бертран Р. "История западной философии" – М.: Издатель Litres, 2018. – 1195 с.
 9. Джонстон Д. "Философияның қысқашатарихы. Сократтан Дерридаға дейін". Ғылыми ред. Нурышева Г.Ж. – Астана, 2018. – 216 б.
 10. Хесс Р. "Философияның таңдаулы 25 кітабы". Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018. – 360 с.
 11. Кенни Э. "Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы" / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408 с.
 12. Кенни Э. "Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы" / ғылыми редактор Оспанов С. – Астана, 2018. – 400 с.
 13. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны / Научн. редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.
 14. Johnston D. "A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida". – A&C Black, 2006. – 211 p.
(Джонстон Ди. "Э бриф хистори оф философи: Фром Сокрэйтес ту Дэррида". - Эй энд Си Блэк, 2006. - 211 пи.)
 15. Kenny A. "New History of Western Philosophy". Volume 1-4. – Oxford University Press, 2006 - 2010. (Кэнни Эй. "Ньюхистори оф Вестерн философи". Волум 1-4 – Оксфорд юниверсити пресс, 2006-2010)
 16. Humphreys P. "The Oxford Handbook of Philosophy of Science". – Oxford University Press, 2016. (Хамфрейс Пи. "Зе Оксфорд хэндбук оф философи оф ссайнс". – Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
 17. Estlund D. "The Oxford Handbook of Political Philosophy". – Oxford University Press, 2017. (Эстланд Ди. "Зе Оксфорд хэндбук оф палитикал философи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
 18. Cappelen H., Gendler T., Hawthorne J. The Oxford Handbook of Philosophical Methodology. – Oxford University Press, 2016. (Кэппелен Эйч., Гендлер Ти., Хэутон Джэй. "Зе Оксфорд Хэндбук оф философи кл метадаладжи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
 19. Karen Armstrong "A History of God: The 4000-year quest of judaism, christianity and islam". - Gramercy Books, 2014. - 496 p. (Кэрен Армстронг "Э хистори оф гад: Зе фо саузанд ие гэст оф джудаизм, кристианити энд ислам". – Грамэрс букс, 2014 – 496 пи.)
 20. Джонстон Д. "Краткая история философии/пер. Е.Е. Сухарева. - М.: Астрель, 2010. – 236 с.
 21. Хесс Р. "25 ключевых книг по философии". – М.: Урал LTD, 2000. – 368 с.
- Қосымша:
1. Барлыбаева Г.Г. "Эволюция этических идей в казахской философии". – Алматы, 2011.
 2. Зотов А.Ф. "Современная Западная философия". – М.: Высшая школа, 2012.

--	--

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің типтік оқу бағдарламасының үлгісі (бұдан әрі - бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және оқытудың мақсаты, міндеттері, құрылымы, мазмұны және оқыту әдістері мен оқу нәтижелерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама жалпы білім беру циклінің міндетті пәндерінің бірі болып саналатын "Шетел тілі" пәнін оқытуды қамтамасыз етуге арналған.

3. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу 300 академиялық сағатты (10 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттерін жеткілікті (A2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (B1, жалпыеуропалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін B1 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде B2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушыларға шетел тілінің лексикасын мен тілдік ерекшеліктерін игерту және олардың коммуникативтік-функционалды құзыреттіліктерін қалыптастыру;

2) мәдениаралық коммуникация субъектісі болып табылатын жеке тұлғаның мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсететін, мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру.

3) шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және тілі оқытылатын елдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін түсіну.

6. Оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары барысында студенттер келесідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

1) серіктесінің және осы деңгейдегі мәтіндердің авторларының коммуникативтік мақсаттарын түсінудің тұжырымдамалық негізін жүйелейді;

2) коммуникативтік мақсатқа сәйкес сөйлеу формалары мен түрлерін салыстырады және таңдап алады / логикалық құрастырылған сөйлеу түріне барабар қарым-қатынас (коммуникация);

3) зерттелетін тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдау және тиісті түрде қолдану арқылы өз коммуникативтік ниеттерін қажет деңгейде көрсете алады;

4) нақты фактілерді, беделді пікірге сілтемелерді және т.б., ауызша мінез-құлқының коммуникативтік және когнитивті негізделген әдістерін пайдалану деңгейлерін сыныптайды;

5) стилистикалық ерекшеліктерді зерттеуге назар аудара отырып, шет тілінің даму заңдылықтарын анықтайды;

6) ғылыми және әлеуметтік сипаттағы мәтіндердегі оқиғалардың себептері мен салдарын лингвистикалық сипаттайды және талдайды;

7) негізделген ақпаратты (мәліметтерді) пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады;

8) осы деңгейдегі жеткілікті негізделген тілдік құралдармен тілдік материалдарды дәлелді қолданады; 75% қатесіз сөйлеумен қатар, рұқсат етілген қателерді дер кезінде және өз бетінше түзетеді;

9) коммуникативтік әрекетті құру стратегиясын және тактикасын иеленіп, тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық дұрыс құрастыру арқылы, лексикалық жеткіліктілікке сүйене отырып, дұрыс интонациямен сөйлей алады.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Осы бағдарлама бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, пәннің тақырыптық жоспары, оқыту әдістері, оқу нәтижелерін бағалау критерийлері, пән алды (пререквизит) және пәннен кейінгі (постреквизит) оқытылатын пәндерге шолу жасаумен басталады.

8. Пәннің оқу жоспары, оның ішінде пәннің мазмұны, семинар тақырыбы (практикалық) және студенттердің өзіндік жұмысы осы бағдарламаға қосымшада берілген. Тақырып мазмұны салалардан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және қарым-қатынастың типтік жағдаяттарынан тұратын танымдық-лингвомәдени кешендер түрінде ұсынылған.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) оқытушы мен студенттер тарапынан рефлексивті оқыту тәсіліне негізделген студенттерді шоғырландыра оқыту,

2) интерактивті практикалық сабақ (проблемалық тақырыптар, пікірталас алаңы, "Пресс-конференция", "Сұрақтар-жауаптар-талқылау");

3) интерактивті дөңгелек үстел, семинар, рөлдік ойындар;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау);

5) жобалау әдісі (өз тәжірибесі мен құзыреттілігін толықтыру және өзгерту).

10. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені мыналарды қамтиды:

1) силлабус (жұмыс оқу жоспары);

2) тәлімгерлердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру, оны жүзеге асыру кестесі және оларға әдістемелік нұсқаулар;

3) қысқа тақырыптық мазмұны;

4) семинарларлық (практикалық), зертханалық сабақтарға арналған оқу материалдары;

5) пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы;

6) пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы.

11. Студенттердің құзыреттерін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: бағдарлама мәтінінде тілдік материалды түсіну, терминологияны меңгеру, алынған білімді пайдалану.

Минималды-жеткілікті деңгей – (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес).

11.1. Минималды-жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

11.2. Минималды-жеткілікті деңгейде сөйлеу тілінің формалары мен сөйлеу түрлерінің түрлері: этикет сипатындағы диалог; диалог-сұрақ.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, баяндама жоспары.

11.3. Минималды жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлері бойынша:

- мәлімет беруге дайындық және қабілет, ақпарат беру; ақпарат сұрау, сұрақтар қою, сұрастырып білу; кеңес беру, ұсыныс жасау; сендіру, сақтандыру; бағалауыш сөйлесімдердің, тұжырымдардың көмегімен сипаттау; мейірім білдіру және жақтырмау, қызығушылық-немқұрайдылық, үмітті, сезімді білдіру.

- диалог барысында қайталауларды, перифраздарды және тағы басқа құралдарды қолдана отырып, дайын сөздер негізінде қарапайым әңгіме жүргізу, әңгімені жалғастыру үшін қысқа сөз оралымдарымен ой бөлісу, күнделікті өмірге және сөйлеу тақырыптарына (отбасы, бос уақыт және т.б.) қатысты таныс тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу, диалогты бастау, жалғастыру және аяқтау үшін сөйлеу әдебі сөздерін қолдану.

- Монолог барысында:

Өз отбасын, оқуын, тұратын орнын, курстастарын, күн тәртібін, ауа райын, жыл мезгілдерін және т.б. қарапайым фразалармен сипаттау, өзі, өзінің сабақтары мен қызығушылықтары туралы қысқаша хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында: туған-туысқандарды, өзінің айналасындағыларды, олардың іс-әрекеттері, үй (пәтер) және т.б. сөйлеу тақырыптары бойынша қарапайым фразалармен сипаттау, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып, коммуникативтік ниеттерді жеткізу.

Тыңдап түсіну барысында:

оқытушының және өзінің курстастарының сөзін, нұсқауларын түсіну;
күнделікті тұрмыста қолданылатын күнделікті қарапайым сөйлесімдерді қабылдау және түсіну;
оқытушының жақсы құрастырылған және баяу айтылған сұрақтарын, нұсқауларын, ережелерін немесе қарапайым қысқа бұйрықтарын түсіну;

хабарламаның тақырыбы туралы фрагментті (сөз, сөз тіркестері және қарапайым фразалар деңгейінде) болжап білу;

Оқу барысында келесі іскерліктер қалыптасады:

ұсынылған мәтіндердегі таныс атауларды, сөздерді, қарапайым фразаларды оқып бөліп көрсету;

тілін оқып жатқан елдегі адамдардың күнделікті өмірлерін реттеуіш прагматикалық мәтіндерді оқу: мәзір және ілінген хабарламалар, бағыттар мен жол карталары, әр алуан нұсқаулықтар мен ескертулер, кестелер және хабарламалар – жана әлеуметтік мәдени ортада іс-әрекетке бағдар беретін, негіз болатын ақпараттарды оқу; Минималды жеткілікті деңгейде біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Бағалау деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Басқа тілдегі мәтінді ұйымдастырудың ережелерін сақтау. Жазбаша мәтіннің мазмұны мен көлемі (берілетін ақпараттың дәлдігі, нормативтік талаптарға сәйкестігі). Лексикалық қанықтығы, грамматикалық безендірілуі (этикет сөздердің дұрыстығы, орфография мен емле ережелерін сақтау).

Үйлесімді деңгей:

серіктесінің осы деңгейдегі коммуникативтік ниетін ым, ишара арқылы түсіну;

осы деңгейдегі өз коммуникативтік ниетін сөздік қоры жетпей қалған жағдайда көрнекіліктерді пайдалана отырып білдіру;

осы деңгейдегі сөйлеу/коммуникация формаларының авербалды және визуалды түрлерін таңдап алу;

коммуникативтік ниетін фото немесе суретте бейнеленген нақты деректерді пайдалана отырып баяндау;

Жоғары деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсіну;

өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;

сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;

кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсіну;

өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;

сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.4. Жеткілікті деңгей: (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес):

Жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен қатысым түрлері :

- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби салаларында ақпарат алмасу жөніндегі диалог;

- іс-әрекетте түрткі болатын диалог.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: толық хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, ой-пікір элементтері бар баяндама жоспары.

Жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- Коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында:

- бағдарламада көзделген қарым-қатынастың ең кең таралған стандарттық жағдаяттарындағы нақты коммуникативтік міндеттерді шешуге сүйене отырып, тілдік материалды өзгерту, құбылту және байланыстыру қабілеті мен даярлығы;

- Диалог барысында:

- оқытушымен, курстастарымен және басқа да адамдармен қарым-қатынаста күнделікті қарапайым жағдаяттарда ешқандай ерекше күш-жігер жұмсамай –ақ әңгімелесуді жүзеге асыра алады;

- әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени және оқу - кәсіби салаларында ақпарат алмасу үшін қарапайым фразалар мен сөйлемдерді диалогта қолданады;

- айтылған ұсынысқа жауап беру және өз бастамашылық көрсету және әңгімелесушінің әрекет етуіне ұйытқы болу, серіктеспен келіспеу немесе келісу.

- Монолог барысында:

- бірқатар фразалар мен сөйлесімдерді қолдана отырып, өз достарын, тұрғылықты орын жағдайларын, тамаққа қатысты қалауларын, өзінің бос уақытын, қаладағы бағыт-бағдарларды, отбасылық және ұттық мейрамдарды және т.б. толығырақ сипаттау;

- сюжеттік суретті өз бетінше сипаттау;

- оқыған мәтіннің мазмұнын өз ұстанымын білдіре отырып элементарлы деңгейде қысқаша баяндау;

- өткен тақырыпқа қатысты 10-15 фраза көлемі бойынша шағын хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында:

қарапайым қысқа хат, қысқа жеке хат жазу, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып формулярды толтыру, өзінің күн тәртібін құрастыру және жазу, өзінің қалауларын, өмірбаянын, ағымдағы оқиғаларды қарапайым түрде сипаттау;

оқыған мәтінге жоспар және мәтін, тақырып бойынша өзінің сөйлейтін сөзінің қысқаша тезисін құрыстыру және жазу.

Тыңдап түсіну барысында:

таныс тақырыпта сөз болған жағдайда, тікелей қарым-қатынаста өзге адамның айтқан сөзінің жалпы мазмұнын түсіну;

фондық әлеуметтік мәдени білімдерге, оқыған лексикалық және грамматикалық материалға, сонымен қатар мағыналық контекстік болжамға сүйену;

өзінің жеке қарым-қатынас салаларына тікелей байланысты, мысалы жеке тұлғалық және отбасылық деректерге, дүкенде сауда жасау, атқаратын іс қатысты жиі қолданылатын лексика мен фразаларды түсіну;

қысқа, анық және қарапайым хабарламалар мен хабарландырулардағы негізгі ақпаратты түсіну.

Оқу барысында:

өткен тақырыптар шеңберінде әрекеттік күрделіліктің жоғары емес деңгейінің міндеттерін орындау бойынша нұсқауларды қамтитын мәтіндерді оқу;

қос тілді сөздіктермен және басқа да анықтамалармен жұмыс істеу, оларда жұмыста дұрыс бағыт-бағдар таба білу;

өзінің оқу тәжірибесіне, соның ішінде ана тілінде оқу тәжірибесіне сүйену;

тілдік және мағыналық болжамды дамыту;

өз бетінше оқу дағдыларын дамыту.

Жеткілікті деңгейде (A2) біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

- мәтін авторларының, серіктесінің коммуникативтік ниетін түсіну;

- өз коммуникативтік ниетін түсінікті түрде білдіре алуы;

- сөйлеу/коммуникация формаларын сөйлеудің логикалық құрылымына барабартаңдай алуы;

- коммуникативтік ниетін нақты деректер мен сілтемелерді пайдалана отырып жеткілікті түрде толық баяндауы;

Жоғары деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсінуі;

- өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;

- сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;
- кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсінуі;

- өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;

- сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

- кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

- талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.5. Базалық жеткілікті деңгей - (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша B1 деңгейіне сәйкес):

Базалық жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер құрамы лингво-когнитивтік, әлеуметтік мәдени, когнитивтік және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Базалық жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен коммуникация түрлері : диалог-сұрастыру, ой бөлісу диалогы; диалог - әңгіме;

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: сипаттама, хабарлама, ой-пікір, ой - пікір элементтері бар хабарлама, түсіндіру, анықтау, бағалау.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: жеке тұлғалық сипаттағы электронды хат, мәтін, хабарлама, мазмұндама, өмірбаян, түйіндеме.

Базалық жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- тіл жүйесін және оны мәдениаралық-коммуникативтік әрекетте қолдану тәсілдерін білу;

- сөйлеу және коммуникация жүйесін меңгеру төмендегі коммуникативтік актілерді жүзеге асыруға дайындық пен қабілеттілік ретінде:

- оқып үйренген қызметтер мен тақырыптар шеңберінде баяндау, сендіру, дәлелді түрде ақпаратты жеткізу, өнер және мәдениет (театрлар, фильмдер, кітаптар, әуендер және т.б.) мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру;

- өзінің қабылдау тәжірибесі, бағалау жүйесі елегінен өткізу және талқылау арқылы оқу тақырыбы бойынша өз көзқарасын білдіру (әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік мәдени салалар);

- әңгімені немесе пікірталасқа белсенді қатысу (нақты жағдаятта таныс тақырып төңірегінде өрбіген әңгімеге еш дайындықсыз қатысу, әңгіме барысын түсініп тыңдау және өзіне қаратылып, анық айтылған сөзді түсіну, қажет болған жағдайда, қайтадан сұрау, өзінің жеке эмоцияларын білдіру және оларға жауап беру (ашу, қайғы, қызығушылық, қызықпаушылық).

- Коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында:

- әңгімелесушіге мәлімет беру, ақпарат беру, қызығушылық білдіру, ақпарат сұрау, сұрастыру, кеңес беру, ұсыныс жасау, сендіру, сақтандыру, бағалау сөздерінің көмегімен сипаттау, мейірім білдіру және жақтырмау, қызығу және қызықпау, үміттену, жанын түсінушілікті білдіру қабілеті мен даярлығы.

- Диалог барысында: серіктестік назарын өзіне аударып, ұстай білу, қызығушылық білдіру, сөздік қоры жетпей қалғанды кезде мағыналас сөздермен ауыстыру, ым-ишаралар, дене кимылдары арқылы шеше білу, қате айтқан кезде өзін өзі түзету, анық және баяу айта білу, қажет болған жағдайда, айтылғанды қайталау, жалғаулықтардың көмегімен сөздердің қарапайым топтарын тіркестіру арқылы фразалар құрастыру іскерлігі;

- Монолог барысында:

- өзінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, қарым-қатынастың әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени және оқу-кәсіби салаларының базалық тақырыптары шеңберінде жағдаяттарды немесе оқиғаларды бірізді тұжырымдар түрінде сипаттау;

- кітаптың немесе фильмнің сюжетін баяндау және өз көзқарасын дәлелдей отырып, ол туралы өз пікірін білдіру;

- берілген тақырып бойынша алдын ала даярланған, күрделі емес баяндама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында:

- қарапайым байланысқан мәтін жазу;

- немесе шынайы оқиғаларды сипаттау;
- қызықтыратын тақырыптарға қысқа оңай эссе жазу;
- күнделікті деректі ақпараттар мен қажетті әрекеттерді түсіндіре отырып, формасы мен мазмұны онша күрделі емес қысқа баяндамалар жазу;

Тыңдап түсіну барысында мыналарды түсіне алады:

- кәсіби өмір тақырыптарына қатысты қарапайым ақпараттық хабарламаларды ;
- анық нормативті айтылу жағдайында оқып үйренген тақырып бойынша әңгімені ;
- әңгімелесушінің айтып отырған сөзін;
- анық нормативті айтылу жағдайында жазылған радио және телебағдарлама ақпараттарын;
- радиодан берілген жаңалықтар жиынтығының негізгі тұстарын және таныс тақырыптағы таспада жазылған, баяу айтылатын қарапайым мәтіндерді түсіну;
- қызықтыратын тақырыптағы теледидар бағдарламаларының (сұхбат, қысқаша дәрістер, репортаждар) көп бөлігін түсіну;

Оқу барысында:

- мәтіндерді электронды және қағаз жазбалардан қарау және қажетті ақпаратты табу;
- күнделікті материалдардан (хат, брошюралар, қысқа ресми құжаттар) қажетті ақпаратты табу және түсіну;
- егжей-тегжейлі нақтылаусыз мәтін тақырыбы бойынша ой-пікір білдіру;
- таныс тақырыптағы қарапайым газет мақаласының негізгі қағидаларын анықтау;
- қызықтыратын тақырыптағы деректі ақпараты бар қарапайым мәтіндерді оқып түсіну;
- күрделі емес тілмен баяндалған техникалық ережелерді түсіну (қауіпсіздік ережелері);
- буклеттерден, каталогтардан, аңдатпалардан, мәзірлерден, кестелерден қажетті ақпаратты іздеп табу және оларды қолдана білу немесе мәлімет алу.

Базалық жеткілікті деңгейде (B1) біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

- 1) Коммуникативтік ойды жүзеге асыру;
- 2) Логика-құрылымдық тұтастық;
- 3) Сөйлеудің пәндік мазмұнын игеру;
- 4) Тіл иелерінің лингвомәдени нормаларына сәйкестік;
- 5) Сөйлеудің лингвистикалық дұрыстығы; метатілді білу.

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

- берілген деңгейде мәтін авторларының, серіктестің коммуникативтік ниетін толық түсіну;
- оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды орынды қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниетін барабар түрде жеткізу қабілеті;

- логикалық құрылымды коммуникативтік ниетке сәйкес сөйлеу түрімен бірге коммуникация/сөйлеу формасы мен түрін таңдау;

- коммуникативтік ниеттің максималды жеткілікті деңгейде толық баяндалуы, беделді көзқарастарға сүйене отырып шынайы деректерді, сілтемелерді берілген деңгей үшін жеткілікті дәрежеде қолдану және т.б., сөз әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан дәйектелген;

- коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын сауатты меңгеру;
- сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 75% қатесіз сөйлеу барысында жіберген қателерді өз бетінше уақтылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Жоғары деңгей:

- анықтау үшін қарсы сұрақтарды қоя отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті толық түсінбеу;

- оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына жеткілікті деңгейде сәйкестігін ескергеннің өзінде, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды кей жағдайда орынсыз қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін бейімді түрде жеткізу қабілеті;

- коммуникативтік ниетке сәйкес келетін логикалық құрылымды сөйлеу түрлерін коммуникацияның/сөйлеу формасы мен түріне жеткіліксіз таңдау;

- берілген деңгей үшін жекелеген фактілерді, көзқарастарға сілтемелерді жеткілікті дәрежеде қолданғанымен, коммуникативтік ниеттің максималды жеткілісіз деңгейде толық емес баяндалуы;

- коммуникативтік актінің құрудың стратегиясы мен тактикасын дұрыс меңгеру;

- сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 50% қатесіз айтылымдар барысында жіберген қателерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Орташа деңгей:

- анықтау үшін қарсы сұрақтарды үнемі қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін тек жалпы түрде ғана түсіну;

- қарапайым құрылымдарды және лексикалық бірліктердің айтарлықтай шектеулі мөлшерін қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті дәрежеде үйлесімді жеткізу;

- сөйлеу формасы мен түрі коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

- коммуникативтік ниетті білдіруде жекелеген деректерді қолдана отырып, жоғары дәрежедегі дәлелдерді толық емес баяндау;

- коммуникативтік актінің құрудың стратегиясы мен тактикасын жеткіліксіз дәрежеде меңгеру;

- 25 % қатесіз сөйлеу барысында жеткіліксіз дәрежедегі тілдік құралдарды сауатты қолдану; сөз екпіні және сөйлеудің лексика-грамматикалық құралдарының жеткіліксіздігі;

Төмен деңгей:

Талап етілетін деңгейде пікірталасқа қатысуға қабілетсіздік. Сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.6. Базалық стандарттық деңгей - біліктіліктің жалпы еуропалық шкаласы бойынша B2 деңгейіне сәйкес:

Базалық стандарттық деңгейде қалыптастырылатын біліктіліктер құрамы лингво-когнитивтік, әлеуметтік-мәдени, когнитивтік және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Базалық стандарттық деңгейде үлгілендірілетін сөйлеу формалары мен коммуникация сөйлеуі түрлері : әңгіме, сұхбат, пікірталас болып табылады.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: сипаттама, хабарлама, ой-пікір, хабарлама.

Сөйлеу айтылымдарының түрлері: түсіндірме, анықтама, бағалау, қысқаша мазмұндама, интерпретация, комментарий.

Жазбаша сөз туындыларының түрлері: түйіндеме, телефакс, ресми хат, баяндама тезисі, эссе.

Базалық стандарттық деңгей дескрипторлары төмендегілер болып табылады:

- тіл жүйесін және оны мәдениетаралық-коммуникативтік әрекетте қолдану тәсілдерін білу;

- сөйлеу және коммуникация жүйесін меңгеру төмендегі коммуникативтік актілерді жүзеге асыруға дайындық пен қабілеттілік ретінде:

- әр алуан тақырыптарға: жалпы, оқу-кәсіби, сонымен қатар бос уақытқа қатысты тақырыптарға мүдірмей әңгіме жүргізу;

- еш дайындықсыз, грамматикалық қателер жасамай, сөйлеу стилдеріне шектеусіз қарым-қатынас жасау;

- диалогты айтарлықтай жылдам және дайындықсыз жүргізу;

- қандай да бір іске өзінің қызығушылығын атап айту, қажетті дәлелдердің көмегімен өзінің көзқарасын түсіндіру және нақтылау;

- әңгімеге эмоциялық сипат беру.

- коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында студенттер төмендегі дайындық пен қабілеттіліктерді көрсетеді:

- оқып үйреніп жатқан салалар мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде естіген және оқыған хабарламаны қабылдау және түсіну;

- айқындау, дәлірек анықтау;

- әңгімелесушінің айтқанын толықтыру;

- пікірталас тудыратын тезисті, ұсынысты алға тарту;

- түсіндіру, хабарлы екендікті білдіру;

- әрекетке ұйтқы болу және серіктеске мақтау айту;
- көмек көрсетуді ұсыну және оған жауап беру;
- серіктестің араласуына рұқсат беру;
- түзету, ескерту, нұсқау айту;
- сөйлеушінің сөзін бөлу;
- қарсы қойылған сұрақтарға жауап беру;
- бірге ойлауға (индивидуалды әрекетке) түрткі болу;
- өз пікірін дәлелдеу; әр түрлі көзқарасқа қарсы тұру; қорытынды жасау;
- көңіл ортақтығын, өкінішті, қанағаттануды/қанағаттанбауды білдіру;
- қуанышты, көңілі қалуды білдіру;
- күдігін, өкпесін, ашуын білдіру;
- қорқыныш, шошу, мазалану;
- өзінің тұжырымының қате екендігін мойындау;
- қарым-қатынастың бейтарап, ресми, бейресми стилдерін сақтай отырып, әңгіме бастау және оны ары қарай жалғастыру;
- әңгімеге араласу және оны әрі қарай дамыту;
- түсінбегендігін білдіру, айтылғанды қайталап айтуын сұрау; әңгіме тақырыбын өзгерту; әңгімелесуді аяқтау;
- өзін қызықтыратын мәселелерге кең көлемде анық сипаттама беру;
- өз көзқарасын жеткілікті дәрежеде анық, толық қосымша тұжырымдармен және мысалдармен дамыту және нақтылау;
- ұсынылып отырған ұстанымның жағымды және жағымсыз тұстарын атап көрсете отырып, өзекті мәселе бойынша өз көзқарасын түсіндіру;
- ең жалпы сұрақтар бойынша дайындықсыз, анық нақты хабарламалар жасау;
- маңызды тұстарын атап көрсетіп, белгілі бір көзқарасты қолдайтын және қолдамайтын дәлелдерді келтіріп, әр түрлі варианттардың жағымды және жағымсыз жақтарын баяндай отырып, анық, қисынды құрылған баяндама жасау.
- рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып, коммуникативтік ниетті жеткізу (ресми хат, эссе);
- оқығанның, тыңдағанның және көргеннің (мәтіннің, суреттің және видеофильмнің) фактілерін, оқиғаларын жүйелі түрде жазбаша баяндау, сонымен қатар әрекет етуші адамдардың іс-әрекеттеріне, суреттелген фактілергі және оқиғаларға қатысты өз көзқарасын білдіру;
- белгілі көзқарасты қолдайтын және қолдамайтын дәлелдер келтіре отырып және шешім варианттарының жағымды және жағымсыз жақтарын түсіндіре отырып, қандай да бір ұстанымды дамыту үшін эссе немесе баяндама жазу;
- айналада айтылып жатқандардың басым бөлігін түсіну және пікірталасқа қатысу;
- дәрістердің, әңгімелердің, баяндамалардың және де білім және кәсіби әрекеттерге қатысты тақырыптық және лингвистикалық тұрғыда айтарлықтай дәрежеде күрделі сөйлеген сөздердің басқа да түрлерінің негізгі қағидаларын түсіну;
- бір қалыпты жылдамдықпен айтылған, нақты тақырыптарға қатысты хабарландырулар мен хабарламаларды түсіну;
- таспада жазылған, кедергілері бар шетел тіліндегі ақпаратты түсіну;
- магнитофонға жазылған сөйлеген сөзді түсіну;
- сөйлеушінің, көзқарасын, оның бір нәрсеге қатынасын анықтау және сөйлеген сөзінде бар ақпаратты анықтап табу;
- радиодан немесе таспадан дыбысталған документалды радиобағдарламаларды және басқа материалдарды түсіну;
- теледидар жаңалықтарын және ағымдағы оқиғалар туралы бағдарламаларды түсіну;
- документалды фильмдердің және басқалардың мазмұнын түсіну;
- маңызды тұстарын анықтай отырып, айтарлықтай күрделі мәтінді тез қарап шығу;
- мақаланың мазмұнын жылдам түсіну және бағдарламалық тақырыптарға қатысты жаңалықтардың, мақалалардың немесе хабарламалардың өзектілігін анықтау;

- қажетті анықтамалық материалдарды қолданып, мәтіндерді өз бетінше оқып түсіну (сирек кездесетін идиомалық тіркестер қиындық туғызуы мүмкін);
- газет және журнал мақалаларындағы ең маңызды фактілер мен оқиғаларды анықтап көрсету;
- негізгі идеяны, ойды анықтап көрсету;
- мәтіннің мазмұнын максималды дәл және нақты түсіну;
- таныс емес сөздердің мағынасын контекст және сөздің құрылымы бойынша анықтау (контекстуалды және тілдік болжап табу);
- мәтіннен семантиканың ұлттық мәдени компоненттері бар реалийлер мен сөздерді табу;
- мәдени маңызды ақпаратты іріктеу;
- алынған ақпаратқа сын көзбен қарау, деректер мен оқиғаларды бағалау;
- болып жатқан оқиғаларға, кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру;
- қажетті ақпаратты іздеу мақсатында шағын мәтіндерге көз жүгіртіп шығу;
- прагматикалық сипаттағы материалдан (жарнама, аңдатпалар, бағдарламалар, анықтамалық үндеухаттар, кітапшалар) қажетті ақпаратты тауып алу;
- қызықтыратын мәселелерге қатысты хат-хабарларды оқу және еш қиындықсыз негізгі ойды түсіну.

Базалық стандартты деңгейде біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

- 1) Коммуникативтік ойды жүзеге асыру;
- 2) Логика-құрылымдық тұтастық;
- 3) Сөйлеудің пәндік мазмұнын игеру;
- 4) Сол тілде сөйлеушінің лингвомәдени нормаларына сәйкестік;
- 5) Сөйлеудің лингвистикалық дұрыстығы; метатілді білу.

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

берілген деңгейде мәтін авторларының, серіктестің коммуникативтік ниетін толық түсіну;

оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды орынды қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниетін сол тілге барабар түрде жеткізу қабілеті;

коммуникативтік ниетке сәйкес логикалық құрылған сөйлеу түріне барабар коммуникация/сөйлеу формасы мен түрін таңдау;

коммуникативтік ниеттің жоғары жеткілікті деңгейде толық баяндалуы, берілген деңгей үшін шынайы деректерді, беделді көзқарастарға сүйенген сілтемелерді жеткілікті түрде дәлелдер арқылы қолдану және т.б., сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан дәйектелген;

коммуникативтік актінің құрудың стратегиясы мен тактикасын сауатты меңгеру;

сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 75% қатесіз сөйлеу барысында жіберген қателерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Жоғары деңгей:

анықтау үшін қарсы сұрақтарды қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниетін онша толық түсінбеу;

оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына жеткілікті деңгейде сәйкестігін ескергеннің өзінде, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды кей жағдайда орынды қолданғанның өзінде коммуникативтік ниеттерін барабар түрде онша толық жеткізе алмауы;

логикалық құрылған коммуникативтік ниетке сәйкес сөйлеу түріне коммуникация/сөйлеу формасы мен түрін таңдау;

жекелеген фактілер мен сілтемелерді пайдаланудың жоғары деңгейінде коммуникативтік ниеттің жеткіліксіз түрде толық емес баяндалуы;

коммуникативтік актінің құрудың стратегиясы мен тактикасын дұрыс меңгеру;

сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 50% қатесіз айтылымдар барысында жіберілген қателіктерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық сөз байлығы және грамматикалық сауаттылық;

Орташа деңгей:

анықтау үшін қарсы сұрақтарды үнемі қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін тек жалпы түрде ғана түсіну;

қарапайым құрылымдарды және лексикалық бірліктердің айтарлықтай шектеулі мөлшерін қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті дәрежеде үйлесімді жеткізу;

сөйлеу формасы мен түрі коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

жекелеген деректерді қолдана отырып, жоғары дәрежелі дәлелдер арқылы коммуникативтік ниетті жөнді білдіре алмау;

коммуникативтік актінің құрудың стратегиясы мен тактикасын жеткіліксіз дәрежеде меңгеру;

25 % қатесіз сөйлеу барысында тілдік құралдарды онша дұрыс қолдана білмеу; сөз екіпіннің және лексика-грамматикалық тілдік қолданыстың дұрыс болмауы;

Төмен деңгей:

Талап етілетін деңгейде пікірталасқа қатысуға қабілетсіздік. Сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

Тілдік деңгейді меңгеруге қойылатын талаптар

A1 деңгейі

Мәдениаралық коммуникативтік қатынастағы тіл жүйесі мен пайдалану тәсілдерін меңгеру.

Фонетикалық материал:

- жаңа тілдік материалға қатысты есту-айту дағдыларын әрі қарай жетілдіру.

Лексикалық материал:

- кең ауқымды мамандандыруды бейнелейтін жиі қолданылатын лексиканы бекіту;

- 600-800 лексикалық бірліктерді меңгеру арқылы сөздік қорды кеңейту;

- сөздердің тіркесуі: еркін сөз тіркестері, морфологиялық-синтаксистік және лексикалық-фразеологиялық байланысқан сөз тіркестері;

- фразеологиялық және комбинаторлық сөздіктермен танысу.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;

- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive);

- Present simple, or continuous;

- Adverbs of frequency;

- Gerund or infinitive?;

- Present continuous (future), invitations;

- Future forms: will/going to;

- Past simple (regular/irregular);

- Comparative/Superlative Adjectives;

- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);

- Modals verb;

Неміс тілі:

-Aussagesatz Wort – und Satzfrage Imperativ "Sie" Konjugation Präsens;

-Artikel Negation Possessivartikel;

-Akkusativ Verben mit Vokalwechsel Modalverb "möchten";

-Trennbare Verben Modalverben "Können", "müssen", "dürfen". Uhrzeit;

-Demonstrativpronomen. Indefinitpronomen. Ortsangaben;

-Possessivartikel. Modalverb "sollen". Imperativ 2;

-Person Singular und Plural. Perfekt: Struktur und Beispiele;

-Perfekt: alle Verben. Richtungsangaben. Personalpronomen im Akkusativ;

-Wechselpräpositionen;

-Dativ. Komparativ und Superlativ (prädikativ);

-Demonstrativpronomen im Akkusativ;

-Genitiv;

-Artikel + Adjektiv + Nomen. Artikelwörter "dieser", "mancher", "jeder"/"alle";

-Reflexive Verben mit Präpositionalergänzung. Fragewörter und Pronomen "wofür?", "dafür". Konjunktiv II;

-Steigerung und Vergleich Passiv.

Француз тілі:

- L'article déterminé et indéterminé;
- L'ordre des mots;
- la mise en relief;
- le présent des verbes réguliers et irréguliers;
- la négation;
- l'interrogation (qui, que, quand, où);
- les pronoms et ses types;
- les adjectifs et ses types;
- les formes et les sens de la conjugaison pronominale;
- le présent progressif – le future proche – le passé récent.

Тілдік деңгейді меңгеруге қойылатын талаптар

A2 деңгейі

Мәдениаралық-коммуникативтік қатынастағы тіл жүйесі мен пайдалану тәсілдерін меңгеру.

Фонетикалық материал:

- жаңа тілдік материалға қатысты есту-айту дағдыларын әрі қарай жетілдіру.

Лексикалық материал:

- кең ауқымды мамандандыруды бейнелейтін жиі қолданылатын лексиканы бекіту;
- 800-1000 лексикалық бірліктерді меңгеру арқылы сөздік қорды кеңейту;
 - сөздердің тіркесуі: еркін сөз тіркестері, морфологиялық-синтаксистік және лексикалық-фразеологиялық байланысқан сөз тіркестері;
 - фразеологиялық және комбинаторлық сөздіктермен танысу.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive);
- Present simple, or continuous;
- Look or look like?;
- Adverbs of frequency;
- Gerund or infinitive?;
- Present continuous (future), invitations;
- Future forms: will / going to;
- Past simple (regular / irregular);
- Comparative/Superlative Adjectives;
- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);
- Modals verb;
- Zero & First Conditionals;

Неміс тілі:

- Aussagesatz Wort – und Satzfrage Imperativ "Sie" Konjugation Präsens;
- Artikel Negation Possessivartikel;
- Akkusativ Verben mit Vokalwechsel Modalverb "möchten";
- Trennbare Verben Modalverben "Können", "müssen", "dürfen". Uhrzeit;
- Demonstrativpronomen. Indefinitpronomen. Ortsangaben;
- Possessivartikel. Modalverb "sollen". Imperativ 2;
- Person Singular und Plural. Perfekt: Struktur und Beispiele;
- Perfekt: alle Verben. Richtungsangaben. Personalpronomen im Akkusativ;
- Wechselpräpositionen;
- Dativ. Komparativ und Superlativ (prädikativ);
- Demonstrativpronomen im Akkusativ;
- Genitiv;
- Artikel + Adjektiv + Nomen. Artikelwörter "dieser", "mancher", "jeder"/"alle";

-Reflexive Verben mit Präpositionalergänzung. Fragewörter und Pronomen "wofür?", "dafür". Konjunktiv II
-Steigerung und Vergleich Passiv

Француз тілі:

- le présent des verbes réguliers et irréguliers;
- l'impératif;
- le complément;
- les adverbes et ses types;
- les pronoms et ses types;
- le participe présent;
- le participe passé;
- le passé composé;
- l'imparfait;
- le futur simple;
- les adjectifs et ses types;
- les formes et les sens de la conjugaison pronominale;
- les articles partitifs;
- les mots exprimant la quantité (assez-trop);
- le présent progressif – le future proche – le passé récent;
- le discours direct et indirect;
- les verbes à l'infinitif;
- l'adjectif;
- les comparatifs et les superlatifs;
- le subjonctif présent.

Тілдік деңгейін меңгеруге қойылатын талаптар

B1 деңгейі

Фонетикалық материал:

Фонетикалық құбылыстар: палатализация, ассимиляция, латерал дыбыс, мұрын жолды дыбыс, дыбыстың жоғалуы, редукция.

Лексикалық материал:

Сөйлеу стилінің бейтарап, сондай-ақ күнделікті-ауызекі және публицистикалық түрінде өте жиі қолданылатын, сөздермен көп тіркесе алатын 1200 лексикалық бірлік. Көрсетілген қолданыс аясы мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде тілдік әрекеттің барлық түрлерінде қолданылатын баламасыз және аялық лексикаға ерекше көңіл бөлінеді.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive.);
- Present Simple, Future Simple, Past Simple;
- Modal verbs;
- Gerund;
- Active & Passive Voice;
- Reported speech;
- Conditionals (Zero, First, Second and Third) ;
- Quantitative and ordinal numerals, fractions;
- Present perfect + yet/already/just;
- Present perfect or past simple?;
- Participle I;
- Participle II.

Неміс тілі:

- Genitiv der Nomen;
- Präteritum der Modalverben;
- Passiv mit Modalverben;

- Infinitivsatz: Infinitiv mit "zu" Präteritum;
- Konstruktion mit "es";
- Nebensatz: Relativsatz. Relativpronomen;
- Präpositionalpronomen;
- "lassen" + Infinitiv;
- Indirekter Fragesatz . Infinitiv mit "um zu". Nebensatz mit "damit";
- Präpositionen "außer" und "wegen". Ausdrücke mit Präpositionen
- Reflexive Verben Unbetonte Akkusativ – und Dativergänzungen. Reziprokpronomen;
- Verben mit Präpositionen und Pronominaladverbien;
- Temporalsätze (als, wenn);
- Die Position von nicht;
- Konjunktiv II: irrealer Wünsche und Bedingungen;

Француз тілі:

- Le temps plus-que-parfait;
- le conditionnel présent;
- Concordance des temps: l'antériorité – la postériorité – la simultanéité;
- l'expression du futur et de projet (futur proche);
- l'expression de la comparaison;
- les expression de l'identité, de la ressemblance et de la différence;
- la voix active et la voix passive;
- la forme pronominale au sens passif;
- la forme impersonnelle;
- les constructions adverbials;
- le gérondif;
- les propositions participiales;
- les propositions compliquées;
- les propositions subordonnées;

Тілдік деңгейін меңгеруге қойылатын талаптар

B2 деңгейі

Фонетикалық материал:

Фонетикалық құбылыстар: палатализация, ассимиляция, латерал дыбыс, мұрын жолды дыбыс, дыбыстың жоғалуы, редукция.

Лексикалық материал:

Сөйлеу стилінің бейтарап, сондай-ақ күнделікті-ауызекі және публицистикалық түрінде өте жиі қолданылатын, сөздермен көп тіркесе алатын 1500 лексикалық бірлік. Көрсетілген қолданыс аясы мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде тілдік әрекеттің барлық түрлерінде қолданылатын баламасыз және аялық лексикаға ерекше көңіл бөлінеді.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns Relative, Possessive, Reflexive) ;
- Present simple, or continuous;
- Gerund or infinitive?;
- Present continuous (future), invitations: Would you like to ...?;
- Future forms: will / going to, present continuous might / may + inf;
- Past simple (regular / irregular) ;
- Comparatives and superlatives as ... as;
- Connectors: although, however/ something / anything / nothing;
- Present perfect + yet / already / just;
- Present perfect or past simple? ;
- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);
- Passive voice;

- Modals verb: might, could, must, can't, ought to /Should / shouldn't;
 - Zero, First, Second and Third Conditionals;
 - Clauses;
 - Reported speech: statements and questions; imperative and requests;
- Неміс тілі:
- Genitiv der Nomen;
 - Präteritum der Modalverben;
 - Passiv mit Modalverben;
 - Infinitivsatz: Infinitiv mit "zu"- Präteritum.
 - Konstruktion mit "es";
 - Nebensatz: Relativsatz. Relativpronomen;
 - Präpositionalpronomen;
 - "lassen" + Infinitiv;
 - Indirekter Fragesatz. Infinitiv mit "um zu". Nebensatz mit "damit";
 - Präpositionen "außer" und "wegen". Ausdrücke mit Präpositionen;
 - Reflexive Verben. Unbetonte Akkusativ – und Dativergänzungen. Rezipropronomen;
 - Verben mit Präpositionen und Pronominaladverbien
 - Temporalsätze (als, wenn);
 - Die Position von nicht;
 - Konjunktiv II: irrealer Wünsche und Bedingungen;
- Француз тілі:
- le conditionnel passé;
 - cohérence du texte: nominalisations – pronoms personnels et indéfinis;
 - l'expression du but, de la condition et de la restriction;
 - l'expression de l'hypothèse;
 - l'expression de la cause;
 - l'expression de la consequence;
 - l'expression de l'opposition et de la concession;
 - les expression de l'identité, de la ressemblance et de la différence;
 - la forme pronominale au sens passif;
 - la forme impersonnelle;
 - les constructions adverbiales;
 - les propositions participiales;
 - les propositions subordonnées relatives;

	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша
--	---

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

Минималды жеткілікті (A1) деңгейде қарастырылатын тақырыптар:				
Апта	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық сабақ) тақырыптары	Өзіндік жұмыстар тақырыптары	Сағаттар саны
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мен және менің үйім				
1	Сәлемдесу, қоштасу, ресми және бейресми жағдайда өзін	Сәлемдесу	Сіз академиялық ұтқырлықпен басқа университетке келдіңіз.	10

	таныстыру, ұлты, елдер, тілдер, отбасы, отбасы жағдайы, отбасы құрамы, туысқандық, адамның келбеті, мінезі, жеке қасиеттері, күн тәртібі		Өзіңізді жаңа топқа таныстырыңыз; еліңіз, ұлтыңыз, тіліңіз және т.б. туралы айтып беріңіз.	
2		Менің отбасым	Сіз шетелдік университетке оқуға түсіп, сол елдің бір отбасымен тұрасыз. Өз қалаңыздағы досыңызға сол отбасы туралы электронды пошта арқылы айтып беріңіз. Отбасы мүшелерінің келбетін, мінезін, жеке қасиеттерін сипаттаңыз.	10
3		Күн тәртібі	Табысты адамдардың күнделікті өмірін зерттеңіз. Сол адамдардың күнделікті жұмыс күнін дұрыс жоспарлау амалдары туралы жазыңыз.	10
	Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы:			
4	Азық-түлік, сусындар, тамақ өнімдері, тамақтану түрлері, кафелер, мейрамханалар, фастфуд, салаттар, көкөністер, жемістер, десерт, тәттілер, сатып алу, бағалар, азық-түлік дүкендері, сауда орталығы, жеңілдіктер, дизайн, өлшем	Тағам	Өз микроблогыңызда сіз жақсы көретін тағамның рецептін ұсыныңыз. Қажетті азық-түлікті атап оны дайындау жолын сипаттаңыз.	10
5		Сатып алу	Сізге киім сатып алу қажет. Киімнің дизайны, өлшемі, түсі мен сапасы туралы бутиктегі консультанттан кеңес алыңыз.	10
	Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласы: Адам және оның денсаулығы			
6	Адам, денсаулық, спорт, табиғат және адам, климат, ауа райы, экология, салауатты тамақтану, бос уақытты өткізу, қызығушылық, спорт түрлері, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, спорт ойындары	Адам және оның денсаулығы	"Дәмді, пайдалы және қымбат емес: студенттерге арналған тамаша мәзір" тақырыпта жоба жұмыс жүргізіңіз	10
7	Бос уақыт пен хобби (спорт, музыка, киноға / театрға / ойын-сауық паркіне бару).	Спорт адам өмірінде	Студенттерге салауатты өмір салтын насихаттаңыз	10
8	Сатып алу	Бос уақытты өткізу	Кино және іс-шаралар афишасы, театр қойылымдар, концерттер мен көрмелер кестесімен танысып серігіңізбен қайда баратындарыңызды келісіңіз (жұппен жұмыс істеу)	10
	Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Менің елім			
9	Мемлекет, географиялық орналасуы, климаты, ауа-райы, астанасы, олардың көрнекті орындары. Қалалық / ауылдық тіршілік ортасы, тұрғын үй,	Менің елім	Еліңізді н/е тілі оқытылатын елді, оның географиялық орналасуын, климатын, астанасын, көрікті жерлерін сипаттаңыз.	10

10	пәтер, бақ, жиһаз, тұрмыс жағдайы, тұрмыстық техника, жабдықтар.	Саяхат	Жаз мезгілінде Еуропаға (Азияға, басқа елдерге) круиз жоспарлап отырсыз. Сапарыңызды күнделікті жоспарлап, қанша елді және қандай жерге баратыныңызды атап кетіңіз. Осы елдерде не істеуге рұқсат және неге тыйым салынғанын айтыңыз.	10
11		Қаланың көрікті жерлері	"Қаламызға қош келдіңіздер!" атты туған өлкеге жолнұсқа жасаңыз. Қаланың ең қызықты орындарын атап өтіңіз.	10
12		Менің үйім!	Өзіңізді дизайнер ретінде көріңіз, жаңа үйді жобалауға тырысыңыз. Интерьер дизайнына арналған бірнеше нұсқа ұсыныңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Қоршаған орта				
13		Қоршаған ортаны қорғау	"Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне студенттердің көзқарасы" тақырыбында сауалнама жүргізіңіз. Зерттеудің нәтижелерін диаграммада көрсетіңіз.	10
14	Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пен экологиялық проблемалар, салауатты өмір салты, заманауи гаджеттер, қосымшалар, интернет, радиоактивті толқындар	Табиғат және экология мәселелері	Экологиялық апаттың алдын алу мақсатында экологиялық ұйымдар үнемі ұсыныстар шығарады. Ұсыныстардың негізгі қағидасы: "Мұны бәрі де жасай алады". ЖОО студенттеріне арналған қағида негізінде қоршаған ортаны қорғауға кеңестер ұсыныңыз.	10
15		Заманауи оқу және гаджеттер	Заманауи гаджеттерді оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндігін зерттеңіз. Мұғалімдерге шетел тілі сабағында қолдануға болатын iPad қосымшаларын ұсыныңыз.	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 150 академиялық сағат				
Жеткілікті (A2) деңгейде қарастырылатын тақырыптар				
Апта	Пән мазмұны	Семинар (практикалық сабақ) тақырыбы	Өздік жұмыс жағдаяттары	Сағат
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мен және менің отбасым				
1	Ұлттар, елдер, тілдер, отбасы, отбасы жағдайы, неке құру,	Мен және менің отбасым	Отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті мен мінез-құлқын	10

	отбасы құрамы, туыстық қарым-қатынас, отбасылық қарым-қатынас, сыртқы келбеті, мінезі, бойындағы жеке қасиеттері.		сипаттаңыз. Сіз мінез-құлық белгілерін сыртқы келбетіне қарап анықтауға болады дегенге сенесіз бе?	
2	Тұрғын үй, жер үй, пәтер, бақ, жиһаз, тұрмыс жағдайлары, тұрмыстық техника, жабдықтар.	Заманауи жас отбасы	"Ұрпақтар дауы: бірге немесе жеке" тақырыбына шығарма жазыңыз. Отбасы мүшелерінің арасындағы келіспеушіліктердің себебін анықтауға тырысыңыз.	10
3		Түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы қарым-қатынас	Заманауи қоғамдағы әр түрлі ұрпақ өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасқа эмпирикалық талдау жасаңыз. Өз қорытындыларыңызды есеп түрінде көрсетіңіз.	10
4		Менің үйім – менің тірегім	Өзіңізді дизайн саласындағы сарапшысы ретінде байқап көріңіз және сіздің үйіңізді әрлеуде дизайнерлердің жіберген айқын емес қателерін табыңыз. Жайлылық үшін қажетті тұрғын үй жағдайларын жақсарту нұсқаларын ұсыныңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласы: Адам және оның денсаулығы				
5	Адам, денсаулық, спорт, табиғат және адам, климат, ауа райы, экология, салауатты тамақтану, бос уақытты өткізу, қызығушылық, спорт түрлері, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, спорт ойындары	Адам және оның денсаулығы	"Дәмді, пайдалы және қымбат емес: студенттерге арналған тамаша мәзір" тақырыпта жоба жұмыс жүргізіңіз	10
6		Спорт адам өмірінде	Студенттерге салауатты өмір салтын насихаттаңыз	10
7		Бос уақытты өткізу	Кино және іс-шаралар афишасы, театр қойылымдары, концерттер мен көрмелер кестесімен танысып серігіңізбен қайда баратындарыңызды келісіңіз (жұппен жұмыс істеу)	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Дүниежүзілік карта				
8	Әлем картасы, Қазақстан мен тілі оқытылатын елдің географиялық орналасуы, ұлттар, қалалар, көлік, қаладағы бағдарлар, қаланың көрікті жерлері флорасы мен фаунасы	Дүниежүзілік карта	Әлемнің этнографиялық картасын жасаңыз. Негізгі елдерді қысқаша сипаттаңыз.	10
9		Географиялық орналасу және шекарасы	Қазақстанның (тілі оқытылатын елдің) географиялық орналасуының маңызды орындарын атаңыз және олар ел табиғатының негізгі ерекшеліктерін көрсететінін дәлелдеңіз	10
10		Қаланың көрікті	"Қаламызға қош келдіңіздер!"	10

		жерлері	атты туған өлкеге жолнұсқа жасаңыз. Қаланың ең қызықты орындарын атап өтіңіз.	
Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Салт-дәстүр				
11	Мерекелер, салт-дәстүрлер; отбасылық салт-дәстүрлер мен адам өміріндегі туған күнді және өзге де оқиғаларды мерекелеудің дәстүрлері;	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің салт-дәстүрі	"Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі баланы туу және тәрбиелеу дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары" жобасы	10
12	ұлттық мерекелер, олардың маңызы, мереке дәстүрінің маңызы	Мәдени және ұлттық мерекелер	Серігіңізден өз еліндегі ұлттық мерекелер туралы, түрлі іс-шаралар өткізу дәстүрін сұраңыз.	10
Қарым-қатынастың оқу және кәсіби саласы: Болашақ мамандық				
13	Білім беру, университетте оқу, студенттік өмір, оқу пәндері, күн тәртібі, мен оқитын факультет, менің болашақ мамандығым, жұмысқа орналасу, еріктілік, кәсіби қасиеттер, кәсіби өсу, мансап.	Менің білімім	"Болашақ мамандықты анықтау" тестінен өтіңіз. Сізге болашақ мансабыңызда табысқа жету үшін қандай мамандықтар ұсынылғанын айтып беріңіз. Тест нәтижесімен қаншалықты келісесіз?	10
14		Менің университетім	Шетелдік әріптесіңізбен оқу жұмысын ұйымдастыру, оқу пәндері, екі елдің университеттік өмірі туралы скайп арқылы сөйлесу. Оның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңыз.	10
15		Болашақ мамандық	"Нағыз кәсіпқой қандай болуы керек?" тақырыбындағы жоба жұмысы.	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 150 академиялық сағат				
Базалықжеткілікті (B1) деңгейдеқарастырылатынтақырыптар:				
Апт а	Пән мазмұны	Семинар (практикалық сабақ) тақырыбы	Өздік жұмыс жағдаяттары	Сағат
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Қазіргі қоғамдағы отбасы				
1	Қазіргі қоғамдағы отбасы; қазіргі заманғы жас отбасы және оның проблемалары; әлемдегі заманауи отбасылардың түрлері; отбасылық қарым-қатынас; жас отбасылық бюджет және негізгі шығындар	Қазіргі қоғамдағы отбасы	Отбасыңызда жақын туыскандарыңыз сіздің қызығушылығыңызбен бөліспейді. Ата-аналарыңызбен сөйлесіп, оларды өз тандауыңыздың дұрыстығына сендіріңіз.	10
2		Жас отбасының бюджеті	"Неке тұрақтылығының негізгі шарттары неде?" атты дөңгелек үстелге қатысу үшін баяндама	10

			дайындаңыз. Отбасының жақсы тұрмыс құру жағдайларын сипаттаңыз.	
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Заманауи тұрғын үй				
3	Тұрғын үй құрылысы; тұрғын үй түрлері (қалалық, ауылдық үй, пәтер); заманауи дизайн;	Тұрғын үй түрлері (қалалық, ауылдық үй, пәтер)	Сіз шетелдік университетке тәжірибеден өтуге келдіңіз. Пәтер жалдауға жарнама беріңіз.	10
4	сәулет; үйді жақсарту; интерьер безендіру	Заманауи дизайн	Сіз қала сыртынан үй салдыңыз. Үйді безендіру жөнінде дизайнерден кеңес сұраңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Демалыс				
5	Демалысты ұйымдастыру; белсенді, белсенді емес демалыс; туризм; демалыс және емделу; ойын-сауық;	Демалысты жоспарлау	Сіз шетелге сапарға шыққыңыз келеді. Туристік агенттіктен сапар шарттары туралы жазбаша түрде сұраңыз.	10
6	саяхат	Біз сізді қызықты саяхатқа шақырамыз!	Сіздің елге барғысы келетіндер үшін жарнамалық буклет жасаңыз. Елдің қызықты жерлеріне бару бағытын жасаңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз				
7	Тарих; мемлекеттің қалыптасуы; елдің ұлттық рәміздерінің мәдени-тарихи негіздері; мемлекеттік ту, ұлттық елтаңба, әнұран; ұрандар, эмблемалар, мемлекеттік және саяси жүйе, экономика салалары.	Рухани жаңғыру	"Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлерді жандандыру" тақырыбына баяндама. Қазақстан Республикасының мәдени саясат концепциясының негізгі аспектілерін анықтаңыз.	10
8		Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің үкіметі мен заң институттары	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елі экономикасының ең дамыған салалары туралы ақпараттық постер жасаңыз. Стратегиялық даму бағырттарын анықтаңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз				
9	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; олардың тарихи маңыздылығы;	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі мерекелер	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі мерекелер күнтізбесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдаңыз.	10
10	мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар	Наурыз - жыл басы	Сіздің шетелдік құрдастарыңыз Наурыз мерекесінде. Қонағыңыз осы мерекенің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық танытуда. Сол жайлы баяндап беріңіз.	10
Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Білім беру				
11	Білім беру жүйесі, жоғары	Қазақстан	Жоба: "Қазақстан Республикасы	10

	кәсіби білім беру деңгейі, мамандықтың білім беру бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, университет пен мамандықты таңдау, қабылдау стандарттары, білім беру траекториясы, жеке оқу жоспары	Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесі	мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері"	
12		Университет таңдау.	Шетелдік серігіңіз сіздің университетіңізде білім алғысы келеді. Университет туралы ақпаратты сайтқа енгізіңіз.	10
Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Болашақ мамандық				
13	Болашақ мамандық, кәсіби біліктілік; маманның кәсіби қасиеттері; нақты маман; әртүрлі мамандықтардың артықшылықтары мен кемшіліктері, мамандықтарға сұраныс; еңбекақы; ұжымдағы атмосфера; депрессия мен стресстердің даму қаупі; еңбек өнімділігі	Кәсіби біліктілік	Отбасылық кеңесте сіздің мамандық таңдауыңыз жайлы талқыланды. Мамандық таңдау пайдасына аргументтер келтіріп, қажетті кәсіби біліктіліктерді атаңыз.	10
14		Таңдалған мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері	Эссе "Студенттердің оқу жұмысының ең ұтымды уақыты қандай?"	10
15		Еңбек нарығындағы таңдаған мамандыққа сұраныс	Блиц-сауалнама "Нағыз кәсіпқой қандай болу керек?"	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 150 академиялық сағат				
Базалықстандарттық (B2) деңгейдеқарастырылатынтақырыптар:				
Апт а	Пән мазмұны	Семинар (практикалық сабақ) тақырыбы	Өздік жұмыс жағдаяттары	Сағат
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Адам және табиғат, экологиялық мәселелер				
1	Адам, табиғат, қоршаған орта, экологиялық проблемалар, ластану, ғылыми-техникалық үрдіс, инновациялар, сараптама алаңы, ғылымды коммерцияландыру, Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің жаңартылатын ресурстары.	Адам және табиғат	Қазіргі жаһандық экологиялық проблемаларды және олардың шешімдерін қарастырыңыз. Табиғи апаттардың себептері мен зардаптары неде?	10
2		ғылыми-техникалық прогресс	"ЭКСПО-2017 ғылыми мұрасы: көмірсутекке қарсы жасыл болашақ" жобасы бойынша жұмыс. Қайта жаңартылатын энергия, мұнай мен көмір арасындағы теңгерімді қалай таңдауға болады?"	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Жаңалықтар, БАҚ, жарнама				
3	Жаңалықтар, БАҚ Жарнама, баннер, жарнамалық стендтер, сыртқы жарнама, белгілер, визиткалар	Әлемдік БАҚ	Әлемдік БАҚ-тарды шолып, соңғы әлемдік оқиғалар туралы есеп дайындаңыз. Сіз қандай БАҚ-ты ұнатасыз?	10
4		Жарнама	Балаларға арналған жарнамалар	10

			/ билбордтар таңдаңыз. Балалармен тәжірибе өткізіңіз. Бұл жарнамалар / билбордтар балаларға қалай әсер етті? Балаларға арнап жарнама таңдау керек пе? Өзіңіздің нәтижелеріңізді бейне репортаж түрінде ұсыныңыз.	
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз				
5	Тарих; мемлекеттің қалыптасуы; елдің ұлттық рәміздерінің мәдени-тарихи негіздері; мемлекеттік ту, мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік әнұран; ұрандар, эмблемалар, мемлекеттік және саяси жүйе, экономика салалары.	Рухани жаңғыру	"Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлерді жандандыру" тақырыбына баяндама. Қазақстан Республикасының мәдени саясат Концепциясының негізгі аспектілерін анықтаңыз.	10
6		Мемлекет құрылымы, Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің үкіметі мен заң институттары	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің экономикасының ең дамыған салалары туралы ақпараттық постер жасаңыз. Стратегиялық даму бағырттарын анықтаңыз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз				
7	Ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; тарихи маңыздылығы; мерекелерді атап өту, мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар	Еліміздегі және шет елдегі мерекелер	Еліміздегі және шетелдегі мерекелер күнтізбесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдаңыз.	10
8	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; олардың тарихи маңыздылығы; мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар	Наурыз - жыл басы!	Сіздің шетелдік құрдастарыңыз Наурыз мерекесінде. Қонағыңыз осы мерекенің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық танытуда. Сол жайлы баяндап беріңіз.	10
Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Өнер, музыка, әдебиет				
9	Өнер, музыка, әдебиет, көрнекті қайраткерлер	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі өнер, музыка, әдебиет	Мәдени іс-шаралар туралы жарнаманың мәтінін жасаңыз.	10
10		Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің көрнекті өнер қайраткерлері	Көрнекті тұлғалар туралы презентация дайындаңыз. ҚР мен тілі оқытылатын елдегі өнер қайраткерлерінің қоғамға және елдің дамуына қосқан үлестерін анықтаңыз.	10
Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Білім беру				

11	Білім беру жүйесі, жоғары кәсіби білім беру деңгейі, мамандықтың білім беру бағдарламасы, академиялық	Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесі	Жоба: " Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері"	10
12	ұтқырлық, университет пен мамандықты таңдау, қабылдау стандарттары, білім беру траекториясы, жеке оқу жоспары	Университет таңдау.	Шетелдік серігіңіз сіздің университетіңізде білім алғысы келеді. Университет туралы ақпаратты сайтқа енгізіңіз.	10
Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Менің мамандығым				
13	Болашақ мамандық, кәсіби біліктілік; маманның кәсіби қасиеттері; шынайы кәсіпқой маман; әртүрлі мамандықтардың	Кәсіби біліктілік	Отбасылық кеңесте сіздің мамандық таңдауыңыз жайлы талқыланды. Мамандық таңдау пайдасына аргументтер келтіріп, қажетті кәсіби біліктіліктері атаңыз.	10
14	артықшылықтары мен кемшіліктері, мамандықтарға сұраныс; еңбекақы; ұжымдағы атмосфера; депрессия мен стресстердің даму қаупі; еңбек өнімділігі	Таңдалған мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері	Таңдаған мамандықтың қызықты жағдаяттары және күнделікті өмірі. Өзіңіз таңдаған мамандықтың ерекшелігін зерттеп, қажетті кәсіби құзыреттерді анықтаңыз.	10
15		Еңбек нарығындағы таңдаған мамандыққа сұраныс	Бос орындар жәрменкесін өткізіңіз. Жұмыспен қамту және еңбек нарығының жағдайы туралы қазіргі заманғы жастардың көзқарасын анықтаңыз.	10
Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат Барлығы: 150 академиялық сағат				
Әдебиеттер: 1. Кунанбаева С.С, Кармысова М.К. и др. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Алматы, 2010. 2. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010. 3. McMillanDictionaryofContemporaryEnglish. - McMillan, 2010. 4.R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills. Reading, Writing, and Study Skills. Oxford University Press. - 2009. 5. Arline Burgmeier, Lawrence J. Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Pre-Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009. 6. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press. – 2010. 7. British National Corpus: http://www.natcorp.ox.ac.uk 8. The Corpus of Contemporary American English (COCA): http://www.americancorpus.org				
			Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығына 4-қосымша	

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін және нәтижелерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама жалпы білім беретін «Қазақ тілі» пәнін жаңартылған мазмұнда оқып үйренуге, студенттің коммуникативті құзыреттілігін жетілдіруге, жеке тұлғалық әлеуетін дамытуға бағытталады.

3. Жоғары білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес бұл бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 300 академиялық сағатты (10 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарлама мақсаты – тілдерді оқытудың халықаралық стандартына сай қазақ тілі пәнін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқыту. Аталған мақсат қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыруды көздейді.

Бағдарлама мазмұны студенттің қоғамдық маңызы бар мәселелерге байланысты өз пікірін білдіретін, белсенді, әр нәрсеге жасампаздық көзқараспен қарайтын рухани әлеуеті, таным деңгейі терең жан-жақты дамыған тұлғаны дамытуға құрылды. Атап айтқанда, бағдарлама қазақ тілін болашақ маман иесіне әлемді тану құралы, жалпы адамзаттық, ұлттық мәселелерді тани білетін, талқылайтын, шешу жолдарын ұсынатын, өз ойын еркін әрі салиқалы жеткізуге көмектесетін қарым-қатынас әрі таным құралы ретінде меңгертуді мақсат етеді. Сондықтан әр деңгей түрі бойынша ұсынылатын лексикалық тақырыптар қоғамдық, әлеуметтік, мәдени және экономикалық, ғаламдық мәселелерді қамтиды.

5. Бағдарлама төмендегідей міндеттерді қояды:

1) студенттің қазақ тілі бойынша қалыптасқан тілдік дағдыларын дамыту, әрі қарай жетілдіру, керек жерде қайта қарау;

2) айтылым іскерлігі бойынша студент деңгейі түріне сай қарапайым ақпарат алу/беру сұхбатынан бастап, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту;

3) жазылым әрекеті бойынша қарапайым хат-хабар түрін жазудан бастап, тезис, аннотация, эссе түрлері, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазу іскерлігін дамыту;

4) оқылым іскерлігі бойынша шағын мәтіндердегі негізгі ақпарат және көмекші ақпарат түрлерін анықтаудан бастап, күрделі мәтіндердегі мағыналық байланыс түрлерін талдау, автор идеясын саралау, мазмұндық-құрылымдық талдау жасау іскерлігін жетілдіру;

5) тыңдалым сөйлеу іскерлігі бойынша қарапайым ақпарат, сұхбат түрлерін тыңдаудан бастап, әртүрлі жанрдағы ақпараттар ағымын тыңдап, негізгі ақпараттарды түсіну, детальдарды айқындау, негізгі идеяны қорыту сияқты іскерлік түрлерін меңгерту.

6) ұлттық дүниетанымның аксиологиялық құндылықтары тұрғысынан әлемде болып жатқан өзгерістер мен үдерістерді бағалау іскерлігін дамыту;

7) студент тұлғасын қандай да бір мәселелерге өз ойы бар, өз пікірін салиқалы жеткізе алатын жеке дербес ойлы тұлға ретінде дамыту;

8) студенттің сөйлеу іскерлігін дамыту, өзінің тілдік әлеуетін ашуға, қолданып көруге итеретін оқу жағдаяттарын ұйымдастыру;

9) студентке зерттеу, талдау, таңдау еркіндігін беру, зерттеу әрекетін, шығармашылық ізденісін туғызатын жұмыс түрлерін ұсыну;

10) заманауи ақпараттық трендтерді оқыту үдерісінде еркін пайдалануға мүмкіндік беру;

11) студентті болашақ кәсіби саласына дайындайтын прагмакәсіби кейстерді құру.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) қарым-қатынас жасауға керекті, қолданыста жиі кездесетін практикалық грамматика бірліктерін қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда әртүрлі сөйлеу жағдаяттарына еркін араласып, сұхбатқа қатысып, қолдауға, қажетті ақпараттарды сұрап алуға;

2) тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік

маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;

3) әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға;

4) қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін жазуға;

5) қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;

6) радио, теледидар арқылы берілген ақпараттарды тыңдап, түсінуге, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.

Қазақ тілі пәніне 6 кредит, 270 сағат бөлінген. Бағдарламада қазақ тілі пәні 4 деңгейге бөлінді. Әр деңгей бойынша жеке бағдарлама ұсынылып отыр. Әр деңгей 3 кредитке (135 сағатқа) есептелінген. Бағдарламада қазақ тілі деңгейлері арасында сабақтастық байланыс сақталынды. Студент тілді білу деңгейіне қарай қазақ тілі пәні бойынша кемінде 2 деңгейді – 6 кредитті алуға тиіс. Тілді білу деңгейі диагностикалық тест арқылы анықталады. Диагностикалық тест қорытындысы бойынша студентке ұсынылған қазақ тілі деңгейін аяқтаған соң, келесі семестрде сабақтастық қағидасын сақтай отырып, қазақ тілінің келесі деңгейін емтихан нәтижесі бойынша жалғастырады. Мәселен, 1 семестрде қазақ тілінің орта деңгейін (B-1) аяқтаған студент келесі семестрде ортадан жоғары деңгейді (B-2-1) алып, жалғастырады. Ал ортадан жоғары деңгейді аяқтаған студент жоғары деңгейге (B2-2) көтеріледі. Осы ретпен қазақ тілінің әр курсы пререквизиті пен постреквизиттерін сақтауы керек. Қазақ тілінің қарапайым деңгейі (A 1) шетелдік студенттерге ұсынылады. Базалық деңгейін (A2) – қазақстандық студенттер ала алады.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, тақырыптық жоспарын, оқыту әдістерін, күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптарды, пререквизиттер мен постреквизиттерді шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының және білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптарын қамтитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) студентті оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол студенттердің де оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделеді;

2) құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту;

3) коммуникативті сөйлеу әрекетін меңгеру;

4) мәтіннің мағынасын когнитивті модельдеу және оның мәнмәтіндегі қызметі негізінде түсіну, талдау;

5) тілдік қарым-қатынасқа конверсациялық талдау жасау;

6) сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтау және прагматикалық талдау жасау;

7) коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған ниеттерді қатыстыра отырып түрлі қарым-қатынас салаларына байланысты мәтіндер құрастыру;

8) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

9) кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау);

10) жобалау әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орнының өзі тағайындайды.

--	--

	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша
--	---

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны
Қарапайым деңгей (А1 – Шетелдік білім алушылар үшін)**

Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
Лексикалық тақырып: Өзі туралы			
1 апта			
Буындап дыбыстау, төл дыбыстарды тыңдау. Сөздерді, фразаларды дыбыстау, танысып оқу, қайталап оқу. Буындап жазу, дыбыстарды ажыратып жазу. Өзі туралы ақпарат айту	1.Танысайық 2.Қай елден келдіңіз?	Аты-жөні, мемлекеті, қаласы, тілі, туралы ақпарат жазу; өз мемлекеті туралы шағын презентация жасау	10
2 апта			
Дыбыстырды ажырата тыңдау, сурет арқылы ақпаратты анықтау. Танысып оқу, қайталап оқу. Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау. Дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері. Грамматика: үндестік заңы, көптік жалғауы, сұраулық шылауларды ажырату	1.Ол кім? 2. Бұл не?	Бөлмесіндегі заттарды сипаттау	10
3 апта			
Сурет арқылы ақпаратты анықтау, сипаттау. Мәтіннен негізгі ақпаратты табу. Тірек сөздерді, сөз тіркестерін жазу. Грамматика: жіктік жалғауы, тәуелдік жалғауы	1. Менің отбасым 2.Менің досым	Отбасы, досы туралы ақпарат айту	10
Лексикалық тақырып: Уақыт және мезгіл			
4 апта			
Сөздер мағынасын түсіну. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау. Жаңа сөздерді пайдаланып ақпарат сұрау. Тірек сөздерді пайдаланып жай сөйлем жазу. Грамматика: сұрау есімдіктері: кім? не? кімнің?ненің? қай? қашан? барыс септігінің жай түрі, ыңғайлас жалғаулық және	1.Апта, ай аттары 2. Мейрамдар	Ай аттарына сөздік жүргізу; бір мейрам туралы суреттер жинау, «Маған ұнайтын мейрам» тақырыбында шағын әңгіме айту	10
5 апта			
Сөз мағынасын ажырата түсіну. Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау. Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді анықтау. Сипаттау мәнді сөз тіркестерін жазу. Грамматика: сұрау есімдіктері:қайда? кімге? неге? Ауыспалы осы шақ, жекеше түрі, табыс	1.Жыл мезгілдері 2.Ауа райы	Жыл мезгілдеріне коллаж жасау Әр жыл мезгілінің ауа райын сипаттайтын сөздік құру	10

	септігі			
6 апта				
	Ақпараттың ретін түсіну. Мәтіндегі сандарды тауып, түсіну. Ақпаратқа сұрақ-жауап. Сандарды орфографиялық нормаға сай жазу; Грамматика: септік, реттік сан есім, қанша? неше? сұраулық есімдер, жатыс септігінің жай түрі, шығыс септігі.	1.Сандар 2. Сағат қанша болды ?	Уақытты пайдаланып, бір күндік әрекеттерді әңгімелеу	10
Лексикалық тақырып: Оқу орны				
7 апта				
	Мәтіндердегі сөздердің мағынасын ажырата алу, оқығанын ауызша қайта мазмұндау; Берілген тірек сөздер бойынша сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құру. Тірек сөздер арқылы тақырыпты анықтау. Тірек сөздер арқылы оқығаны әңгімелеу Грамматика: көмекші есімдер: <i>алды, арты, жаны, үсті, іші, асты</i> , жатыс септігінің тәуелді түрі, ауыспалы осы шақтың көпше түрі, сұраулы түрі	1. Қай жерде оқисың? 2. Қазақ тілі сабағында	Өз оқу орны туралы ақпарат жинау Ақпаратты пайдаланып, шағын презентация жасау	10
8 апта				
	Университет, кітапхана туралы шағын монолог, сұхбат құру. Мәтіндегі ақпаратты баяндау. Шағын мәтін құрап жазу. Ақпараттың шын, жалғандығын анықтау. Грамматика: <i>етістік + у қажет/керек</i> құрылымы, көмектес септігі	1.Кітапханада 2. Сен сабаққа қалай дайындаласың?	«Тапсырманы қалай орындаймын?» ақпарат айту, әңгімелеу	10
Лексикалық тақырып: Мамандық				
9 апта				
	Шағын сұхбат құра алу. Көшіру, жатқа жазу, сұраққа жауап жаза алу. Негізгі ақпаратты анықтайтын, сипаттау мәнді сөздерді табу. Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу. Грамматика: <i>етістік + уға болады</i> құрылымы [^] сын есім тудырушы жұрнақтар: -лы/лі; -ды/ді; -ты/ті, сын есімнің сөйлемдегі орын тәртібі, <i>өйткені</i> жалғаулығы	1.Сенің мамандығың қандай? 2. Қандай мамандықтарды білесің?	Мамандық туралы сөздік құру Мамандық туралы коллаж жасау «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында коллажды корғау	10
Лексикалық тақырып: Жұмыс күні және бос уақыт				
10 апта				
	Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу. Ақпаратты әңгімелеу, сұрақ-жауап. Әңгімелеу мәнді құрылымдар жазу, шағын мәтін құру. Грамматика: жедел өткен шақтың жекеше түрі, синонимдер, антонимдер	1.Менің жұмыс күнім 2. Демалыс күндері	Жұмыс күніне байланысты әрекеттерді жазу Жұмыс күнін әңгімелеу	10
11 апта				

1	Мәтіннен суреттеу, әңгімелеу мәнді сөздерді табу. Тірек сөздермен сипаттау, әңгімелеу. Ақпараттың шынайылығын анықтау. Себеп-салдарды сөйлемдер жазу. Грамматика: жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, <i>өйткені, себебі</i> жалғаулықтары	1. Бос уақытың бар ма? 2. Бос уақытта немен айналысасың?	Бос уақытта айналысатын ісі туралы әңгімелеу	10
12 апта				
	Ақпараттың шынайылығын анықтау. Монолог, диалог құру. Негізгі ақпаратты табу, тірек сөздерді табу. Шағын әңгіме жазу. Грамматика: неге? сұраулы есімдігі, <i>үшін, туралы, сайын</i> септеуліктері	1. Менің сүйікті ісім 2. Маған ұнамайтын іс	Сүйікті ісі туралы ақпарат жинау Сүйікті ісі туралы презентация жасау	10
Лексикалық тақырып: Күнделікті өмір				
13 апта				
	Ақпараттың шынайылығын анықтау. Рөлдік сұхбат құру. Негізгі ақпаратты анықтайтын тірек сөздерді табу. Шағын суреттеу жазылым жұмысы. Грамматика: <i>мен, бен, пен</i> шылауы, қанша? неше? сұраулы есімдіктері	1. Азық-түлік дүкенінде 2. Киім дүкенінде	Көкөніс пен жеміс-жидек атауларына қатысты коллаж жасау, қорғау	10
14 апта				
	Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайтын сөздерді табу. Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу. Заттың сапасын сұрау. Заттарды сапасын көрсететін сипаттау мәнін жазу. Грамматика: жедел өткен шақтың көпше түрі, сын есімнің асырмалы шырайы	1. Кеңсе тауарлары дүкенінде 2. Ұсақ-түйек заттар дүкенінде	Рөлдік ойындар құру (кейстер бойынша)	10
15 апта				
	Мәтіннен сипаттау, суреттеу мәнді сөздерді табу. Тірек сөздермен сипаттау. Ақпараттың шынайылығын анықтау. Грамматика: <i>да/де, та/те</i> жалғаулық шылаулары	1. Емханада	Дәрігер мен емделуші арасындағы рөлдік сұхбат құру	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 5 академиялық кредит – 150 академиялық сағат				

Базалық деңгей (A2)

Пәннің мазмұны	Семинар (практикалы) сабақтар тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
Лексикалық тақырып: Менің ортам			
1 апта			
Мәтіннен баяндау мәнді сөздерді табу. Ақпаратты баяндау. Негізгі ақпаратты түсіну.	1. Мен және менің ортам	«Менің достарым, таныстарым, құрдастарым»	10

Грамматика: ауыспалы келер шақтың болымды түрі	2. Менің құрдастарым	тақырыбында кластер құру, қорғау	
2 апта			
Негізгі, қосымша ақпаратты табу. Ақпараттың шынайылығын анықтау. Адамды суреттеу, мінезін сипаттау. Грамматика: Ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі.	1. Менің туған жерім 2. Менің қалам, ауданым	Туған жері туралы коллаж жасау Туған жері туралы презентация дайындау	10
3 апта			
Мәтіннен тірек сөздерді табу, ұқсас заттарды салыстыра сипаттау. Қосымша ақпаратты табу. Диалог арқылы отбасын сипаттау. Грамматика: ауыспалы келер шақтың көпше түрі	1.Тату отбасы	«Отбасындағы сыйластық» кластер құру, дәлелдеу, қорғау	10
Лексикалық тақырып: Уақыт менеджменті			
4 апта			
Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратты табу. Негізгі лексиканы пайдаланып, баяндау. Негізгі, қосымша ақпаратты табу. Мәтінді байланыстырушы сөздерді қолданып, қысқа әңгіме жазу. Грамматика: <i>етістік +у тырысады, етістік +уды ұнатады</i> құрылымы	1.Уақыт қымбат 2.Уақытты дұрыс пайдалану керек	Менің достарым уақытты қалай жоспарлайды? Сауалнама сұрақтарын құрастыру(3 сұрақ). Сұрақтарды 15 студентке қою, жауаптарға талдау жасау, сипаттау, қорытынды жасау.	10
5 апта			
Жетекші сөздер арқылы негізгі ойды анықтау. Негізгі ақпаратты табу. Сөйлеу жағдаяты бойынша диалог жүргізу. Сипаттау мәнді сөз тіркестерін жазу. Мезгіл мәнді сөздерді қолданып, әңгіме құрастыру. Грамматика: <i>етістік+уға ұмтылады</i> құрылымы.	1.Менің күнделікті жоспарым	Студенттерден сауалнама алу, сауалнаманы бейнетаспаға түсіру	10
6 апта			
Мәтіннен тақырыпқа байланысты мәліметтерді табу. Жағдаят бойынша диалог жүргізу. Ақпараттың дұрыстығын анықтау. Оқиғаны әңгімелей отырып, күнделік жазу. Грамматика: <i>етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел -</i> құрылымы	1.Уақытты бағалау	Өз ұсыныстары баяндалған жазылым жұмысын А4 форматына жазып, топқа ұсыну, өзара бағалау	10
Лексикалық тақырып: Студенттік өмір			
7 апта			
Мәтіндегі сипаттау мәніндегі сөздерді анықтау. Ақпаратты хабарлау, сипаттау.	1.Менің оқу орнымның ерекшелігі	«Маған университетім ұнайды»	10

Сипаттау, хабарлау монологы. Құрылым бойынша сипаттау. Грамматика: <i>етістік+ғы/гі/қы/кі + і келмеу - құрылымы.</i>	2.Менің топтастарым	аргумент жазу жазылым жұмысын дайындау, топқа ұсыну	
8 апта			
1. Құрылым бойынша әңгімелеу. 2. Мәтіннен әңгімелеудің ретін табу. 3. Тірек сөздермен ақпаратты анықтау. Шағын оқиғаны әңгімелеп жазу. Грамматика: <i>етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел құрылымының көпше түрі</i>	1.Студенттік ұйымдар немен айналысады?	«Университетім ұнайды» мысалдар жазу	10
9 апта			
Ақпаратта берілген айғақтарды табу. Өз ойын айту. Ақпараттың тақырыбын табу. Өз пікірін ұсыну, дәлел келтіру. Грамматика: болымсыздық есімдіктері	1.Студент болу онай ма?	«Университетім - мақтанышым» құрылым бойынша пікір білдіру жазылым жұмысы	10
Лексикалық тақырып: Жұмыс			
10 апта			
Мәтіннен суреттеу мәнді сөздерді табу. Жұмыс орнын суреттеу, ресми танысу сұхбаты. Суреттеу мәнді ақпараттарды табу. Орынды суреттеу, электронды поштамен хат жазу. Грамматика: белгісіздік есімдіктері	Жұмыс орны	Болашақ мамандығы туралы ақпарат жинау, сауалнама алу	10
11 апта			
Мәтіннен суреттеу, әңгімелеу мәнді сөздерді табу. Тірек сөздермен сипаттау, әңгімелеу. Ақпараттың шынайылығын анықтау. Себеп-салдарды сөйлемдер жазу. Грамматика: жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, <i>өйткені, себебі</i> жалғаулықтары	1.Білікті маман	«Мамандығым-мақтанышым» презентация тапсыру	10
Лексикалық тақырып: Жастардың қызығушылықтары			
12 апта			
Ақпараттың тақырыбын, шынайылығын табу. Қосымша ақпаратты табу, сипаттау мәнді сөздерді табу. Ситуация бойынша баяндау, суреттеу. Құрылым бойынша әңгімелеу жұмысы. Грамматика: ауыспалы өткен шақ (-атын,-етін,-итін)	1.Маған ұнайтын спорт түрі	«Менің хоббиім» өз қызығушылығы бойынша коллаж дайындау. Өз хоббиін баяндап, хат жазу	10
13 апта			
Сипаттау мәнді сөздерді табу. Ақпараттың шынайылығын табу. Тақырып бойынша сұхбат алу. Әлеуметтік желімен хат жазу. Грамматика: <i>еді/ екен</i> көмекші етістігі; ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі	1.Әлеуметтік желіде көп отырсыз ба?	«Ең қызық әлеуметтік желі» тақырыбында әңгімелеу	10

Лексикалық тақырып: Қоғамдық орындар			
14 апта			
Ақпараттың ретін табу, негізгі ақпаратты табу. Сұхбаттан негізгі, қосымша ақпаратты табу. Сұхбат құру. Құрылым бойынша шағын әңгіме жазу. Грамматика: <i>emіctіk +a/e/ü алу</i> құрылымы	1. Мейрамханада 2. Мәдени орындарда	«Мейрамханада» рөлдік ойыны	10
15 апта			
Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратты табу. Негізгі лексиканы пайдаланып, баяндау. Грамматика: <i>emіctіk +a/e/ü алмау</i> құрылымы, <i>emіctіk +a/e/ü алмау</i> құрылымының көпше түрі	1. Әуежайда 2. Вокзалда	Қоғамдық орындарда өзін ұстау әдеби рөлдік ойындары (кейстер бойынша)	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 5 академиялық кредит – 150 академиялық сағат			

Орта деңгей (B1)

Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
Лексикалық тақырып: Әулет – ағайын-туысқан әлемі			
1 апта			
Тақырыпқа сәйкес мәтінді тыңдап, өз пікірлерін қосу. Берілген тақырып бойынша қосымша білетін мәліметтерді баяндау. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтау, негізгі ойды айқындау. Тақырып бойынша сөздік құрастыру. Тірек сөздермен сөйлемдер құру. Грамматика: бұрынғы өткен шақ	1. Әулет дәстүрі 2. Отбасы құндылықтары	1. «Әулет дәстүрін сақтаудың маңызы» дөңгелек үстел. - әулеттің қалыптасқан жалпы дәстүрі туралы баяндау; - өз әулетінде қалыптасқан дәстүр кырлары; - дәстүрді сақтаудың маңызы мен пайдасын анықтап көрсету. 2. Кластер құру: «Біздің әулет» - сөзбе бойынша баяндау.	10
2-апта			
Берілген тақырып бойынша өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерінің түрлерін қолдану. Сұхбатты тыңдап, пікірлерді салыстыру, қолдайтын пікірді дәлелдеу. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау және логикалық жалғасын ұсыну. Пікір-эссе жазу: (кіріспесі мен негізгі бөлімнің 1абзацы) Грамматика: есімшенің анықтауыштық қызметі	1. Өзара түсіністік пен сыйластық 2. Қамқорлық ережелері	1. «Ата-ана – сенімді досымыз» пікірталасқа қатысу: - ұсынылған пікірлермен танысу; - тақырыпқа сәйкестігін анықтау; - өз пікірін білдіру, қорғау, дәлелдеу.	10
3-апта			
Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен қосымша детальдарды анықтау. Басқалардың пікірін салыстыру, ұсынылған тұжырым бойынша пікір алмасу, анықтау, негізгі мәселені тыңдалған мәтінді мазмұндау, өз ойымен	1. Неке дегеніміз не? 2. Отбасын неше жаста құру керек?	«Отбасын құру оңай ма?» дебат құру: - қарсы аргументтер келтіру, аргументтерді тыңдау, негізгі ойды анықтау;	10

	толықтыру, берілген сұрақтарға жауап беру. Тақырып бойынша дәлелдеу-эссесінің бір абзацын жазу (аргументті). Грамматика: модаль сөздер: <i>қажет, керек, сияқты</i> сөздерінің қолданысы		- аргументті құру, айғақтарды келтіру, сілтеме жасау	
Лексикалық тақырып: Жеке тұлғаның дамуы				
4 апта				
	Өңгіменің қарапайым түрін жазу, оқиғаның желісін ретімен баяндау. Мәтінді оқып, маңызды ақпаратты анықтау, сыни талдау жасау. Тақырып бойынша негізгі мәліметтерді баяндау. Мәтінді тыңдап, қысқаша мазмұнын баяндау, берілген сұрақтарға жауап беру. Грамматика: көмекші сөздер: <i>байланысты, бойынша, шығар, екен</i> сөздерінің қолданылуы	1. Адамгершілік әліппесі 2. Мәдениет пен білімнің байланысы	«Мәдениетті адам деп кімді айтамыз?» тақырыбында эссе жазу - тақырып бойынша ақпарат жинау; - ақпараттарға талдау жасау; - негізгі ойды анықтау, тезис құрау - эссенің бастапқы нұсқасын жазу	10
5 апта				
	Мәтінді тыңдап, интерпретация жасау. Өңгіменің күрделі түрін жазу (диалог беру, монолог-ойын баяндау). Мәтінді оқып, түйінді ой қорыту. Ұсынылған тақырып бойынша мақал-мәтел айтып, мағынасын түсіндіру, келісу/келіспеуін білдіру. Грамматика: шарт мәнді құрылымдар: <i>етістік+ca/ce</i>	1. Ұрпақ арасындағы қайшылық 2. Мүмкіндік пен қажеттілік арасындағы қайшылық	Эссе жазу: - эссенің жұмыс нұсқасын редакциялау - қайта қарау, толықтыру; - толық нұсқасын ұсыну.	10
Лексикалық тақырып: Таңдау				
6 апта				
	Тақырып бойынша дискуссивті эссе жазу. Мәтінді тыңдап, пікірлерді салыстыру, пікір қосу. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау. Мәтін бойынша сұрақтар әзірлеу, пікір алмасу. сұхбат арқылы өз пікірін дәлелдеу. Грамматика: мезгіл мәнді құрылым, <i>-ғанда, -ған соң, кейін /уақытта/ шақта</i> құрылымдары	1. Мамандықты дұрыс таңдадыңыз ба? 2. Қабілет және мүмкіндік	«Мүмкіндік пен қажеттілікті ұштастырудың үлгілері» тақырыбында сұхбат жүргізу; -өмір тәжірибелерінен мысал келтіру, -әңгімелеу; -қорытындылау.	10
7 апта				
	Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен детальдарды анықтау. 2. Пікір-эссе жазу (2 абзацын жазу). Сұхбатты тыңдап, пікірлерді негізгі идеялары бойынша салыстыру. Ұсынылған тұжырым бойынша өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерін қолдану. Грамматика: етіс формаларының қолданысы	1. Еңбек өнімділігі: сапа мен көлем 2. Жұмыс түрі және еңбекақы	«Құзыретті маман болудың негіздері» Ақпараттық-танымдық жоба жасау: - Жоба тақырыбын, мақсат, міндеттерін анықтау; - топқа бөлу, әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысты анықтау;	10

			- зерттеу: ақпарат жинау, сұхбат, сауалнама жүргізу; - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау; - қорғауға ұсыну.	
Лексикалық тақырып: Табыс кілті - еңбекте				
8 апта				
	Мәтінді оқып, идеяны анықтау. Сұхбатты тыңдап, қолдау немесе қарсылық білдіру. Ұсынылған тұжырымға өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерін қолдану. Пікір-эссе жазу. Грамматика: қалау мәнді құрылымдар: - <i>ca/-ce деймін</i> , ырықсыз етіс.	1. Табысты болғыңыз келе ме? 2. Ақша және адамдар	«Ақшаның адам өміріндегі рөлі» дебат - қарсы аргументтер ұсыну, аргументтерді қолдану; - өз пікірін дәлелдеу, сілтеме жасау; - шаршы топ алдында сөйлеу мәдениетін сақтау.	10
9-апта				
	Мәтінді толық түсіну, жаңа сөздерді анықтау, мәтінге сай ақпараттарды нақтылау. Өз пікірін дәлелдеу, пікір алмасу. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Сауалнама қорытындысы бойынша талдау жазу. Грамматика: есімше формаларының септелуі; етістік +есімше жұрнақтары+табыс септік	1. Отбасы бюджеті 2. Ақша жұмсай білесіз бе?	«Үнемшілдік пен ысырапшылдық» постер әзірлеу: - ұсынылған пікірлермен танысу; - тақырыпқа сәйкестігін анықтау; - өз пікірін білдіру.	10
Лексикалық тақырып: Бос уақыт және саяхат				
10 апта				
	Ұсынылған тұжырым бойынша өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерін қолдану. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру, маңызды ойға назар аудару. Мәтінді оқып, ақпараттарды топтастыру. Үзіндіге түсіндірме жазу. Грамматика: есімше формаларының септелуі; етістік+есімше жұрнақтары+жатыс септік	1. Бос уақытты өткізу мәдениеті 2. Есте қалған саяхат	Дөңгелек үстел: «Бос уақытыңызды тиімді қолданасыз ба?» - бос уақытты өткізу мәдениеті туралы талдау жасау; - пікір алмасу сұрақтарын әзірлеу; - бос уақытты тиімді пайдалану жайлы пікір алмасу, - пікірлерді тұжырымдау.	10
11 апта				
	Ақпараттың шынайылығын нақтылау. Мәтінде берілген ақпаратқа сыни талдау жасау. Айтылған ойға көзқарасын білдіру. мәселені шешу эссесін жазу. Грамматика: сөз тудырушы жұрнақтардың қолданысы	1. Қазақстандық саяхатшыларды білесіз бе? 2. Қазақстан табиғаты жайлы шетелдіктердің көзқарасы	Эссе жазу: «Менің ең қызықты саяхатым» - ақпараттарды жинақтау; - ақпараттарға талдау жасау; - аргументтерді салыстыру, жинақтау; - эссенің бастапқы нұсқасын жазу.	10
12 апта				

	<p>Мәселені шешу жолдарын ұсыну, пікір алмасу. Мәтінге сәйкес ақпараттарды нақтылау, ақпаратты толықтыру. Мәтінде берілген ақпаратқа сыни талдау жасау, өз көзқарасын білдіру. Мәселені шешу эссесін жазу. Грамматика: салыстыру мәнді құрылымдар: <i>онымен салыстарғанда, оған қарағанда, гөрі</i></p>	<p>Қазақстандықтар қайда демалады? 2. Еліміздегі туризмнің даму деңгейі қандай?</p>	<p>Эссе: - эссенің бастапқы нұсқасын редакциялау - қайта қарау, толықтыру; - толық нұсқасын ұсыну.</p>	10
Лексикалық тақырып: Жаңалықтар				
13 апта				
	<p>Өз пікірін дәлелді беру, пікір алмасу. мәтінді толық түсіну, Жаңа сөздерді анықтау, сұрақтарға жауап жазу. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Суреттеу эссесін жазу. Грамматика: болжам мәнді құрылымдар: <i>-уы мүмкін; -уы ықтимал; -атын/-етін шығар</i></p>	<p>Жаңалықтарды қайдан білесіз? 2. Ауа райының өзгеруі жайлы жаңалықтар</p>	<p>Ақпараттық-танымдық жоба жасау: «Мені таңғалдырған жаңалық» - жоба мақсат, міндеттерін анықтау; - топқа бөліну, әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысты анықтау; - зерттеу: ақпарат жинау, сұхбат, сауалнама жүргізу; - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау; - қорғауға ұсыну.</p>	10
14 апта				
	<p>Белгілі бір жаңалыққа байланысты өз көзқарасын жазу. Өз пікірін дәлелдеу, пікір алмасу. Мәтінді толық түсіну, жаңа сөздерді анықтау, ақпараттарды топтастыру. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Грамматика: көсемшенің қимыл-сын пысықтауыштық қызметі</p>	<p>1. Мәдени жаңалықтар 2. Спорт жаңалықтары</p>	<p>«Тамаша жеңістер» түсіндірме (комментарий) жасау - ақпаратты таңдау; - таңдау себебін көрсету; - көзқарасын білдіру; - қорытындылау.</p>	10
15 апта				

<p>Естіген жаңалықтарға түсіндірме (комментарий) жазу. Өз пікірін дәлелді беру, пікір алмасу. Мәтінді толық түсіну; Жаңа сөздерді анықтау, сұрақтарға жауап беру. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Грамматика: қимылдың өту сипаты: іс-әрекеттің басталуын білдіру, басталуға жақын тұрғандығын білдіру (жаза бастады, басталғалы жатыр) іс-әрекеттің толық аяқталу мағынасының берілуі: <i>-n шық, -n бітір, -n қой</i></p>	<p>1. Экономика және өндіріс жаңалықтары 2. Қоғамдық саяси жаңалықтар</p>	<p>Интервью жүргізу: «Табиғи таза өнімдер» - интервьюдің мақсатын анықтау; - интервью нысанына сәйкес сұрақтар әзірлеу; - интервью берушіні анықтау және келісу; - интервью жүргізу; - бейнематериалдар әзірлеу; - интервью бойынша түйіндеме жасау; - қорғауға ұсыну.</p>	<p>10</p>
---	---	--	-----------

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат
Барлығы: 300 академиялық сағат

Ортадан жоғары деңгей (B2-1)

	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыбы	Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
Лексикалық тақырып: Отбасы – шағын мемлекет				
1 апта				
	<p>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру; ақпаратты (кесте/сызба арқылы) сипаттау. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау; мәтін ақпаратына сыни талдау жасау. «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» - эссе жазу. Грамматика: зат есім тудырушы <i>-лық, -шы, -гер</i> жұрнақтары, <i>болып келеді, деп саналады</i> құрылымдары</p>	<p>1. Отбасындағы қарым-қатынас 2. Отбасындағы әкенің рөлі</p>	<p>«Біз қонақты қалай күтеміз?» пікір алысу. Әр халықтың қонақ күту дәстүрі» тақырыбына мәлімет жинау, ақпараттық презентация дайындау.</p>	<p>10</p>
2 апта				
	<p>Мәтінді оқу, түйінді ой қорыту, баға беру. Мәтін бойынша өз көзқарасын білдіру, пікірлерді салыстыру, дәлелдеу және қорытындылау. Суреттеу эссесін жазу.</p>	<p>1. Ұлттық танымдағы қара шаңырақ туралы түсінік 2. Қандай отбасын құрғыңыз келеді?</p>	<p>«Үйлену оңай, үй болу қиын» - монолог құрастыру</p>	<p>10</p>
3 апта				
	<p>Мәтін бойынша пікір білдіру, мазмұндау. Ақпараттың шынайылығын нақтылау. Мәтінді оқып, түйінді ой қорыту, басқалардың пікіріне баға беру; өз пікірін білдіру, дәлелдеу, пікір алмасу.</p>	<p>1. Студенттік отбасы 2. Жас отбасының келіспеушілігі:</p>	<p>«Жас отбасыларға қандай көмек көрсетілуде?» пікір алысу.</p>	<p>10</p>

	<p>Дискуссивті(мәселені шешу жолдары) эссе жазу. Грамматика: себеп-салдар мәнді құрылым, <i>сондықтан, сол себепті, өйткені</i> жалғаулықтары</p>	<p>себептері мен алдын алу</p>	<p>-тақырып бойынша зерттеу жүргізу; -зерттеу қорытындысын статистикалық дәлелдемелермен ұсыну.</p>	
<p>Лексикалық тақырып: Табысқа барар жол</p>				
<p>4 апта</p>				
	<p>Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алу, мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау. Тақырып бойынша ақпаратты анықтау, болжам жасау, өз ойын айтып, сараптама жасау. Мәтінді оқып шығып, сыни тұрғыда баға беру; мәтін бойынша проблемалық эссе жазу. Грамматика: болжалды сан есім (<i>-даған, -дан</i>) <i>жуық,</i> <i>-уға тура кел</i> құрылымы</p>	<p>1. Еңбек нарығы дегеніміз не? 2. Сұранысқа ие мамандықтар</p>	<p>«Біздің түлектеріміз қайда жұмыс істеп жүр?» «Жоғары білім беру жүйесіне реформа жүргізу керек пе?» тақырыптарына дөңгелек үстел өткізу.</p>	<p>10</p>
<p>5 апта</p>				
	<p>Мәтін бойынша жоспар құру, мәтіннің бір бөлімін тыңдап, болжау жасау, ақпаратты анықтау; кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. Мәтінге ауызша шолу жасау; ақпараттың/объектінің кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Грамматика: үстеу тудырушы <i>-лай, -лей, -ша, -ше</i> жұрнақтары, мақсат үстеулері</p>	<p>1. Жұмыс беруші талаптары 2. Бәскеге қабілеттілік</p>	<p>Табысты адамдар туралы ақпарат жинау, табыс формуласын саралап шығару: портфолио дайындау.</p>	<p>10</p>
<p>6 апта</p>				
	<p>Тыңдалым материалындағы негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау және оған өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан бағалай білу. Мәтінді оқып, дұрыс, бұрыс жауаптардың тұсына белгісін қою, астарлы ойды анықтау; ақпаратты өндеп, пікірге қатысты үндеу хат жазу. Грамматика: <i>етістік+атын болу, етістік+най қоймау</i> құрылымы, туынды етістік жасаушы жұрнақтар</p>	<p>1. Жұмыссыздық және жастар</p>	<p>«Білімді ұрпақ – болашағымыз» тақырыбына презентация дайындау.</p>	<p>10</p>
<p>Лексикалық тақырып: Жастар мәселесі</p>				
<p>7 апта</p>				
	<p>Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, кесте толтыру; өзекті мәселелер бойынша өз пікірін білдіру, дәлелдеу және қорытындылау. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау, автордың келтірген дәлелдерін жүйелеу. Мәтін ақпаратына сыни талдау жасау; пікір-эссе жазу. Грамматика: <i>деп біледі, деп атап өтті</i> құрылымдары, себеп үстеулері, табыс септігіндегі есімше</p>	<p>1. Жаңа әлемдегі жастар келбеті 2. Ұлтқа қызмет ету</p>	<p>«Мен жастарға сенемін» (М.Жұмабаев) - өлеңді мәнерлеп оқу, жаттап алу; - өлең мазмұнындағы фразеологизмдердің мағынасын ашу; - «Жас болу оңай ма?» тақырыбына пікірталасқа</p>	<p>10</p>

			дайындалу, қатысу.	
8 апта				
	<p>Тыңдалған сюжет бойынша өз пікірін білдіру. Ақпараттың шынайылығын нақтылау. Мәтін мазмұны бойынша түйінді ой қорыту, басқалардың пікірі мен көзқарасына салыстырмалы баға беру; ақпаратты (кесте/сызба арқылы) сипаттау. Бейнекөрініс материалдарын қолдана отырып, автор көзқарасына сыни пікір жазу. Грамматика: қарсылықты мәнді құрылым, <i>бірақ, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де, алайда</i> жалғаулықтары</p>	<p>1. Жастар арасындағы девианттық мінез-құлық</p> <p>2. Жастарға идеал керек пе?</p> <p>3. Жастардың байлық туралы көзқарасы</p>	<p>«Ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгілері» тақырыбына ақпараттық презентация дайындау.</p>	10
Лексикалық тақырып: Білім – болашақ баспалдағы				
9 апта				
	<p>Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру және пікір білдіру; сұхбат барысында пікірлерді салыстыра отырып, ойын жүйелі жеткізу. Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен детальдарды анықтау. Ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (кесте, сызба түрінде) құрастыру. Грамматика: <i>ашық рай+дейді</i> моделі, барыс септігіндегі есімше</p>	<p>1. Білімді жастар – болашақтың тірегі</p> <p>2. Білім және бәсеке</p>	<p>«Үш тілді білу – заман талабы». Берілген тақырып бойынша БАҚ мәліметтеріне шолу жасау, эссе жазу.</p>	10
10 апта				
	<p>Тыңдалған мәтіндегі әлеуметтік өзекті мәселелерді талдау, шешімін табу, болжау; нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. Сұхбаттың мазмұнын түсіну, сұхбат барысында өз пікірін басқа пікірлермен салыстыра отырып, ойын жүйелі жеткізу. Аргументативті эссе жазу. Грамматика: <i>ашық рай +дейсің</i> құрылымы, шығыс септігіндегі есімше, <i>етістік+қысы бар/келген ойы/ниеті/тілегі бар</i> - фразеологиялық құрылымы</p>	<p>1. Шетелдерде оқып жүр талай қазақ баласы</p> <p>2. «Болашақ» бағдарламасының түлегімен сұхбат</p> <p>3. Білім адам өмірін жақсартуы керек</p>	<p>«Қазақ жастары неге шетелден білім алуға құштар?»</p> <p>- студенттер арасында сауалнама жүргізу;</p> <p>- тақырып бойынша зерттеу жасау;</p> <p>- зерттеу қорытындысын статистикалық дәлелдемелермен ұсыну.</p>	10
Лексикалық тақырып: Дүниетаным				
11 апта				
	<p>Тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру, негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселені талқылау, сыни пікір айту, өз көзқарасын дәлелдеу. Нақты ақпараттарды табу. Дәлелді мәтіндер жазу. Грамматика: жатыс септігіндегі есімше, зат есім жасаушы күрделі жұрнақтар; <i>етістік+a ал мүмкіндік</i> құрылымы</p>	<p>1. Әлемге түркілік көзқарас</p> <p>2. Ұлттық ділге тән тұрақтылық пен өзгермелілік</p>	<p>«Шығыс кереметінің құпиясы неде?»</p> <p>Оңтүстік-шығыс Азия, Жапония, Оңтүстік Корея мемлекеттерінің дамуындағы ұлттық ділдің қызметі. Топтық жұмыс, ақпараттық-ғылыми сараптамалық талдау жасау, қорытынды тұжырымдарды ұсыну.</p>	10
12 апта				
	<p>Мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау; ойын тұжырымдап, нақты жеткізу; астарлы ойды</p>	<p>1. Театрға барасыз ба?</p> <p>2. Қазіргі қазақ</p>	<p>«Театр болашағы бар/жоқ», «Актёр болу</p>	10

	анықтау, шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. Грамматика: ауыспалы өткен шақ, сұраулық шылау, есімшенің болымсыз түрі	киноиндустриясы деңгейі 3. Нағыз өнер туындылары уақыт талғамайды	дарындылық па, әлде ақша табудың оңай жолы ма?» американдық форматтағы (АПФ) дебатқа қатысу.	
Лексикалық тақырып: Ақпараттар ағымы: шындық пен жалған				
13 апта				
	Мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу; шешім шығару, қорытынды пікір жасау. Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылау; өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеу. Грамматика: <i>етістік+ын біт, таста</i> құрылымы, қимыл-сын үстеуі	1. Ақпараттар кеңістігі 2. Ақпараттық мәдениет	«Мен блогермін», «Қазақша интернет контентті байытудың жолдары», «Жастар арасындағы танымал блогерлер», «Вайнер: жастарға не берді?» тақырыптарының бірін таңдау, ақпараттық сараптамалық талдау мақаласын жазу.	10
14 апта				
	Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау. Белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру, дәлелмен сөйлей білу. Мәтіндегі мағлұматтар арқылы мәтіннің жалпы мағынасын түсіну; қорытынды шешім шығару, тақырыпты аша білу, өз көзқарасын дәлелдеу. Грамматика: <i>етістік+a/e/ келеді, бер, жүр</i> құрылымы, туынды сын есім жасаушы жұрнақтар	1. Шындық пен жалғанды ажырата білесіз бе? 2. Жалған ақпараттың жазасы	Ұсынылатын тақырыптар: «БАҚ- та сөйлеу мәдениеті: лексиканың қолданылуы», «Жастар слоганы», «Грамматикалық қателер», «Жиі кездесетін қателер» - интернет тілінде жиі қолданылатын тілдік бірліктерді анықтау, жинау, талдау; - сараптама қорытындысын жасау (50 тілдік бірлік)	10
15 апта				
	Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтар қою; салыстырмалы талдау жасау, мазмұндау. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу, зерттеп оқу; кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазу. Грамматика: салыстырмалы мәнді құрылым <i>қандай/сондай, қалай/ солай, секілді, сияқты</i> , формаларының қызметтері	1. Ақпарат өзектілігі 2. Уақыт және ақпараттың саралануы	«Уақыт және ақпарат» тақырыбында интернетте жиі көтерілетін тақырып түрлеріне талдау жасау, қоғамның сұранысын бағалау (презентация дайындау).	10
Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 300 академиялық сағат				

Жоғары деңгей (B2-2)

	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары	Білім алушылардың өздік жұмыстарының тақырыптары	Сағат саны
Лексикалық тақырып: Ұлттық мүдде және нарық				
1 апта				
	Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздердің мағынасын аша білу, тақырып бойынша көтерілген мәселені талқылау, болжау, пікір айту.	1. Ұлттық бренд	«Қазақстанның имиджін қалыптастыратын ұлттық бренд деп қандай өнім/қызмет түрін атай	10

<p>Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мазмұнды мәтіндер құрастыру. Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. Грамматика: ыңғайлас, себеп-салдар, қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер (қайталау)</p>	<p>2. Әлемдегі экономикалық кереметтер</p>	<p>аласыз?» БАҚ материалдарын жинау, әлеуметтік, экономикалық негіздерін анықтау, аналитикалық шолу жасау (бейнебаяндар, суреттік көріністер, трек кестелер қолдану).</p>	
<p>2 апта</p>			
<p>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау. Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. Ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Грамматика: түсіндірмелі салалас құрмаластың жасалуын білу: <i>қандай/сондай, қалай/солай, соншалық/соншама</i></p>	<p>1. Өнім сапасын анықтайтын халықаралық стандарт талаптары</p> <p>2. Сұраныс пен ұсыныс</p>	<p>«Сіз кәсіпкер ретінде тұтынушылар сұранысын қалай арттырар едіңіз?» тақырып бойынша термин сөздерді қолдана отырып, сауалнама жүргізу. Нәтижесін презентация ретінде ұсыну.</p>	<p>10</p>
<p>Лексикалық тақырып: Заң және заман</p>			
<p>3 апта</p>			
<p>Әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу. Сараптамалық талдау мақалаларымен танысу, талдау. Жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу. Грамматика: ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану</p>	<p>1. Ата заң – еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры</p> <p>2. Мен заңды қаншалықты жақсы білемін?</p>	<p>«Жеті жарғы» қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағымен танысып, оны қазіргі Ата заңымызға сәйкестігін салыстыру, саралау, тұжырым жасау, дөңгелек үстел өткізу.</p>	<p>10</p>
<p>4 апта</p>			

<p>Көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. Шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау. Мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. Тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу. Грамматика: шартты, қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер</p>	<p>1.Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі (азаматтың және адамның бостандықтары мен құқықтары)</p>	<p>«Жастардың құқықтары сақтала ма?» тақырыбы бойынша сараптамалық-танымдық талдау жасау, пікір алмасу, сауалнама жауаптарын ортаға салып, пікірталас өткізу.</p>	<p>10</p>
<p>Лексикалық тақырып: Басқару (менеджмент)</p>			
<p>5 апта</p>			
<p>Мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау. Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: себеп-салдар, мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлемдер</p>	<p>1.Менеджменттің негізгі бағыттары мен Қазақстандағы менеджмент 2.Тиімді менеджмент – табыс кепілі</p>	<p>Жастар саясатының аясында іске асатын - «Менеджмент жобасы», «Болашақ басқарушылар» атты негізгі бағдарламалармен таныса отырып, өз жобасын құрастырып, презентация жасау.</p>	<p>10</p>
<p>6 апта</p>			
<p>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: мақсат бағыныңқы құрмалас сөйлемдер</p>	<p>1.Басшылық жасау және көшбасшылық 2. Жастар арасындағы көшбасшылық</p>	<p>«Жастар және көшбасшылық» тақырыбында мәтін желісіндегі сөздік қорды пайдалана отырып, жоспар құрып пікір-эссе жазу.</p>	<p>10</p>
<p>Лексикалық тақырып: Экотуризм</p>			
<p>7 апта</p>			
<p>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді</p>		<p>«Табиғат қамқорлық күтеді» тақырыбы бойынша студенттер арасында, интернет форумдарында</p>	<p>10</p>

	<p>сөйлеу. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, тезис жазу; тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу. Грамматика: мәтіндердің стиль, жанрлық белгілері</p>	<p>1.Экологиялық мәдениет 2.Қазақстандағы экотуризмнің дамуы</p>	<p>көтерілгенэкологиялық мәселелерді атау, шешу жолдарын ұсыну. Рөлдік дөңгелек үстел өткізу (климатолог, эколог, дәрігер, тілшілер, министрлер).</p>	
8 апта				
	<p>Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау; элеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу; сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу;тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу. Грамматика: ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін сөйлемдер</p>	<p>1.Қазақстандағы экотуризм дамуындағы ұлттық парктің рөлі 2.Мемлекеттік табиғи қорықтарды экологиялық туризм мақсатында қолдану туралы пікірлер</p>	<p>«Қазақстанның ұлттық парктерінде туризмді дамыту» тақырыбы бойынша мәселенің себептерін атау, шешу жолдарын ұсыну, жарнама жасау. (мультимедиалық презентация ретінде ұсыну).</p>	10
9 апта				
	<p>Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылау және тақырып бойынша көтерілетін мәселені болжау. Орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, элеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрастыру. Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу. Ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни</p>	<p>1.Шетелдік туристердің Қазақстан жеріне қызығушылығы 2.Қазақстандағы туристік нысандар</p>	<p>Туристік қызметтерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың сұраныстарын қамтамасыз ету үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Ойталқы, тың идеялар, пікірталас жүргізе отырып, дөңгелек үстел сценарийін құрастыру, өткізу.</p>	10

<p>тұрғыда баға беру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу; Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру</p>			
<p>Лексикалық тақырып: Білім. Ғылым. Жаһандану 10 апта</p>			
<p>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. Публицистикалық мақалалармен танысу, оқу, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру</p>	<p>1. Мамандығым – менің болашағым 2. Сұранысқа ие мамандықтарды таңдау және адамның жеке қабілетін дамыту мәселесі</p>	<p>«Жұмыссыз қалсаңыз, не істейсіз?» тақырып бойынша сауалнама жүргізу; Нәтижесін пікірталас, дөңгелек үстел ұйымдастыруды ұсыну.</p>	<p>10</p>
<p>11 апта</p>			
<p>Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып бойынша көтерілген мәселені болжау, пікір білдіру. Әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрастыру. Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. Ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру.</p>	<p>1. ҚР Жоғары білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар 2. Ғылым мен бизнес бәсекелестер ме, одақтастар ма?</p>	<p>«Қосымша мамандық алудың сапасы мен пайдасы» тақырыбы бойынша сауалнама сұрақтарын құрастыру, интернет қолданушылар арасында сауалнама жүргізу, қорытынды жасау, ұсыныс беру.</p>	<p>10</p>

<p>Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.</p> <p>Жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу.</p> <p>Грамматика: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру</p>			
12 апта			
<p>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау.</p> <p>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.</p> <p>Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.</p> <p>Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау.</p> <p>Ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау.</p> <p>Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру.</p> <p>Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу.</p> <p>Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.</p> <p>Грамматика: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру</p>	<p>1. Әлем елдеріндегі білім беру жүйесі</p> <p>2. Жаһандандудың қазақстандық білім және ғылым саласына әсері</p>	<p>«Әлемге танымал жоғары оқу орындарында білім беру жүйесі» тақырыбы бойынша зерттеу жобасын ұсыну.</p> <p>Нәтижесін презентация ретінде ұсыну.</p>	10
Лексикалық тақырып: Академиялық ортадағы жазба дағдылары			
13 апта			
<p>Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы публицистикалық жанрда жазылатын шығарма түрі мақала жайында түсініктемелерді толыққанды түсіне білу.</p> <p>Академиялық жазба дағдылары оның ішінде мақаланың құрылымын және жазылу дағдысын анықтау.</p> <p>Әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында жазылған дайын мақаланың мазмұнын түсіну.</p> <p>Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған дайын мақалалармен таныса отырып, түсінгендерін ортаға салып, ой бөлісу, саралау, талдау.</p> <p>Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу.</p>	<p>1. Мақала және оның түрлері</p> <p>2. Проблемалық-сараптамалық мақала және оның құрылымы</p>	<p>1. Жаһандану және ұлт мәселесі» тақырыбы бойынша</p> <p>А. Айталы, О. Сәбден, Ғ. Есім және т.б. әлеуметтанушы ғалымдардың мақалаларымен танысу; талдау, анықтау.</p> <p>2. «Сіз еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты таңдай алдыңыз ба?»</p> <p>3. «Грант – бұл жағдайдан шығудың құралы ма, әлде болашақ үшін жасалған</p>	10

<p>Қазақстандағы еріктілер қозғалысының дамуы. Қазақ мәдениетінің құндылықтарын тарату мен келістірудегі әлеуметтік-мәдени жобаларды жасау мен алға жылжытуға қатысу. «Мәңгілік ел», «Рухани Жанғыру», «Тұған-жер», «тұған-ел»: әлеуметтік-мәдени жобаларының жұмысына қатысу. Мерекелерді өткізуде театрландырылған іс-шаралар, қайырымдылық концерттер, ұлттық киімдерді қалпына келтіру жұмыстарына қатысу.</p> <p>«Мәдениетаралық коммуникация» бағдарламасы мәнмәтінінде құндылықтық бағдарлар мен дағдыларды игеруді дамыту бойынша әлеуметтік-мәдени жобаларды ілгерілету: Қазақстан аясында иммигранттар, шетелдік студенттер, шетелдік жұмысшылар мен мамандардың құндылықтарға, іс-әрекет үлгілеріне және мәдениетаралық коммуникацияға мәдени бейімделу бағдарламасы бойынша жұмыс.</p> <p>Қоршаған табиғи ортаны сақтау, қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту: елдің табиғи ортасы мен ландшафтына деген сүйіспеншілік, қалалық және ауылдық орта жағдайындағы қоршаған ортаны қорғауға деген құрметті артыру, аулаларды, алаңдарды, қалалық көшелерді, гүлдерді, көгалдандыруды, бұталарды және ағаштарды отырғызуды жақсарту және орналастыру жоспарындағы «Қазақстан экологиясы» әлеуметтік-мәдени жобасын ілгерілетуге қатысу. Экологиялық маршруттарды, су объектілерін қоқыстар мен ластанудан тазартуды ұйымдастыру және т.б.</p> <p>«Мәдени мұра» әлеуметтік-мәдени жобасын ілгерілетуге қатысу. Адамның және оның айналасының өмір сүру сапасын жақсартуға, материалдық кешендердің (материалдық мәдениет пен сақтар, массагеттер, Қазақстан түркілерінің) тарихи-мәдени реконструкциясына қатысу және ұйымдастыру жұмыстарына бағытталған оқу әдебиеттерін тарату.</p> <p>Мұражайлар, галереялар және т.б. мәдени мұра бойынша жаңа сандық порталдарды ілгерілету.</p>	<p>Әлеуметтік-мәдени жобаларды ерікті түрде насихаттау</p>	<p>Халық арасында ерікті жұмыс және әлеуметтік-мәдени жобалар</p>	
<p>Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат Барлығы: 2 академиялық кредит - 60 академиялық сағат</p>			
<p>Әдебиеттер: 1. Назарбаев Н.А. НА пороге XXI века. – Астана, 2016</p>			

2. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". – Астана, АКОРДА, 2017 / [http:// www. akorda. kz/ ru](http://www.akorda.kz/ru)
 3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее. – Астана, 2017.
- Негізгі:
1. Аль-Фараби социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1972.
 2. Баласағуни Ю. Благодатное знание / пер. С.Н. Иванова. – М., 1983.
 3. Бейсенова Г.А. Проблемы глобализации и идентичности – А., Print, 2009.
 4. Бейсенова Г.А. Проблемы образовательного знания в диспозитиве культуры. – Алматы: Искандер, 2005.
 5. Барнард Алан. "Антропология тарихы мен теориясы"/пер. на каз.яз. Под руков. Кульсариева А.Т., Масалимова А.Р. – А., 2017.
 7. Всеобщая история живописи. – М., ЭКСМО, 2010.
 8. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
 9. Ғабитов Т.Х. Казахи: Опыт культурологического анализа. – Saarbrücken: GermanyAcademicPublishingGmbH&Co. Kg lap lambert. - Heinrich-Böcking-Str. 6-8, 66121. - KG LAP LAMBERT, ГЕРМАНИЯ, 2012.
 10. Ғабитов Т.Х., Абдигалиева Г.К., Исмагамбетова З.Н. Философия культуры: Учебник для студентов вузов и колледжей. – Алматы: Эверо, 2013
 11. Ғабитов Т.Х., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы: Раритет, 2013.
 12. Ғабитов Т.Х., Муталипов Ж., Кулсариева А. Культурология. - Алматы, Раритет, 2008.
 13. Tursun Gabitov. Actual Problems of Kazakh Culture. Kazakh Culture Challenges. - Монграфия. - Саарбрюкен: Ламберт. - Publishing, 2016.
 14. Древние цивилизации. - М., 2009.
 15. Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. - Алматы: Казну им.аль-Фараби, 2014.
 16. История культурологии под ред. Огурцова А.П. - М., Гардарики, 2006.
 17. Каиржанова А. Palaeoturcica. Мир древних тюрков. – Алматы, 1999.
 18. Карабаева А.Г. Эпистемологические этюды. – Монография. - А., Қазақ университеті, 2016.
 19. Кондыбаев С. Введение в казахскую мифологию. – Алматы. 1999.
 20. Курманғалиева Г.К., Нысанбаев А.Н., Соловьева Г.Г., Сейтахметова Л.Н. Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания. – Алматы. 2011.
 21. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М-Л, 1951.
 22. Маргулан А. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
 23. Масалимова А.Р. Культура и цивилизация. – А., 2005.
 24. Махмуд аль-Кашгари Диван Лугат ат-Турк / Пер. З.-А.М. Ауэзова. – Алматы, 2005.
 25. Мирзабекова А.Ш. Проблема культурной идентичности в социальной философии. – Монография. – Караганды: Болашак-Баспа, 2006.
 26. Мир ценностей аль-Фараби и аксиология XXI века. Книга.2. – Алматы, 2006.
 27. Молдабеков Ж.Ж. Казактану. - Алматы, 2015.
 28. Молтобарова К.И. Мәдениеттану. - А, 2018.
 29. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. коллективная монография./ под общ.ред. з.к. шаукенова. – алматы: ифпр кн рк, 2012.
 30. Никонов А.Ю. Алутун билиг. Тенгрианство. – Алматы. 2000.
 31. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология. - Алматы, 2011.
 32. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы, 2012.
 33. Раев Д.С. Влияние тюркской цивилизации на средневековую европейскую культуру//Известия КаУМОиМЯ имени Абылай хана, №4 (26), 2016. (с.13-21).
 34. Раев Д.С. Тенгрианство как религиозно-духовное мировоззрение тюрков-кочевников/"Тенгриянство и наследие народов Евразии: истоки и современность": сборник статей YI-й Межд. науч.-прак. конф. (14-16 июня 2017 г., Астана, Казахстан) 1-ое изд., стер. –Астана: ТОО Мастер По, -2017. -495 с. (323-327 бб.).
 35. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. –Алматы: Ценные бумаги. –2001. –228 б.
 36. Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – 2-е изд. перераб. и доп. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018.
 37. Старр С.Ф. Утраченное Просвещение: Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен

- Тамерлана. – М.: Альпина Паблишер, 2017.
38. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII веков. – М., 1965.
39. Полная энциклопедия живописи. – М., Астрель, 2009.
40. Шәлекенов У.Х. Қазақ өркениеті – Алматы; Қазақ университеті, 2009.
- Қосымша:
1. Акимбеков С.М. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – Алматы: ТОО "Институт Азиатских исследований". 2-е издание, исправленное и дополненное, 2016.
 2. Акимушкин О.Ф. Средневековый Иран: культура, история, филология. – СПб, 2004.
 3. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. - А., 1984.
 4. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998.
 5. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации. – Алмат, 1998.
 6. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан. – Алматы, 1997.
 7. Ганиев Р.Т. Восточно-тюркское государство в VI - VIII вв. - Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2006.
 8. Геродот История. В 9 кн. Кн.4. – М., 1999.
 9. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: Эпоха и цивилизации. - М., 1993.
 10. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 2008.
 11. Грушевицкая Т.Г. Культурология: учеб. пособие /Т.Г.Грушевицкая, А.П.Садохин. – М.: Альфа-М: ИНФРА-М, 2015.
 12. Данильян О.Г. Культурология: учебник /О.Г.Данильян, В.М.Тараненко. – 2-е изд. – М.: ИНФРА-М, 2014.
 13. Даукеева С. Философия музыки Абу Насра Мухаммада аль-Фараби. – А., 2002.
 14. Делез Ж. Кино. – М.: Ад Маргинем, 2004.
 15. Закон о культуре. - А., 2000.
 16. Ибраев Ш. Поэтика огузского героического эпоса. – Алматы, 1997.
 17. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо-Цайдама. – А.: ТОО "Компания PrintingSystems", 1998.
 18. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. - А., 2001.
 19. Кастельс М. Галактика. Интернет. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004.
 20. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алама-Ата, 1992.
 21. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб, 2006.
 22. Кляшторный С.Г. Древние рунические надписи. – М., 1964.
 23. Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. Империя Чингис-хана. - М.: Восточная литература, 2006.
 24. Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
 25. Культурология. Антология. Т. 1-4. - М., 2012.
 26. Культурология: учеб. / под ред. А.С.Мамонтова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2016.
 27. Культурология: учебник /под научн. ред. Г.Д.Драча. – 2-е изд., стер. – М.: КНОРУС, 2014.
 28. Луман Н. Реальность массмедиа. – М.: Практикс, 2005.
 29. Лукиан из Самосаты. Избранная поэзия. – М., 1991.
 30. Маклюэн Г.М. Галактика Гутенберга. Становление человека читающего. – М.: Академический проект, 2005.
 31. Melikoff I. Ahmad Yesevi and Turkic Popular Islam, Electronic Journal of Oriental Studies - 2003. №6, № 8.
 32. Молдабеков Ж.Ж. Интеллектуальная нация. Стратегический курс и культурно-национальные факторы становления. – А.: КазНУ им. аль-Фараби, 2015.
 33. Мутанов Г.М., Таджикова К.Х., Хасанов М.Ш., Нурышева Г.Ж., Курмангалиева Г.К., Сейтахметова Н.Л., Сыргакбаева А.С., Джаамбаева Б.А. / под общ.ред. Г.М. Мутанова. Аль-Фараби и современность: учебное пособие - Алматы: казак университеті, 2014. – 223 с.
 34. Нурышева Г. Ж., Сыргакбаева А.С., Хасанов М.Ш., Джаамбаева Б.А., Мутанов Г.М., Сейтахметова Н.Л. Әл-Фараби және қазіргі заман - А., Қазақ университеті ", 2014г.
 35. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. - Алма-Ата, 1994.
 36. Отенияз Самат Атилла. – Алматы, 2000.
 37. Раевский Д.С. Модель мира скифской культуры. – М., 1985.
 38. Раев Д.С. Қазақ шешендігі адамның рухани болмысы хақында//Адам әлемі. Философиялық және

<p>қоғамдық-гуманитарлық журнал. №4 (58), 2013. (75-82 бб.).</p> <p>39. Раев Д.С. Тюркское влияние на Европейскую культуру в эпоху раннего средневековья//Научный журнал "AustriaScience", №8 2017. (20-23 с.).</p> <p>40. Раев Д.С. Қазақ шешендігі адамның рухани болмысы хақында//Адам әлемі. Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал. №4 (58), 2013. (75-82 бб.).</p> <p>41. Разлогов К.Э. Мировое кино. История искусства экрана. – М.: ЭКСМО, 2011.</p> <p>42. Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации / науч.ред. Н.Н. Цовма. – М.: РИПОЛ классик, 2017.</p> <p>43. Сарткожа-улы К. Гуннское письмо // Алем. Альманах. Вып.1. – Алма-Ата, 1991.</p> <p>44. Сегизбаев О.А. История казахской философии: от первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. Алматы: Гылым, 2001.</p> <p>45. Сыргакбаева А.С. Некоторые особенности урбанизма в Казахстане/ ҚазҰУ хабаршысы. Серия: Философия, политология, культурология сериясы. - Алматы., 2010г. N 1, с. 87-91.</p> <p>46. Стеблева И.В. Жизнь и литература доисламских тюрков: историко-культурный контекст древнетюркской литературы. – М.: Вост. лит.,2007.</p> <p>47. Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация" / пер на каз.яз. – А, 2018.</p> <p>48. Фромкин В., Роберт Родман, Нина Хайамс Тіл біліміне кіріспе /пер. На каз.яз.". - А.,2017.-</p> <p>49. Ли Энн Гек, Гайс Рип Медиа "Этика жас мамандардың тәжірбиесінен" / пер. На каз.яз. – А., 2017.</p> <p>50. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. // Геополитика: Антология, - М., 2006.</p> <p>51. Шваб Клаус Мартин "Төртінші индустриалық революция" / пер на каз.яз. – А., 2017.</p>				
Психология				
№	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
Психологиядағы ұлттық сананы қалыптастыру контекстіндегі тұлға				
1 апта: Психологияға кіріспе				
	<p>Психология ғылым ретінде. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны және міндеттері. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні. Психологияның әдістері. Психология тиімді өмір сүруге ықпал ететін ғылым және практика ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы).</p>	<p>Заманауи психологияның салалары</p>	<p>Эссе "Психология менің өмірімде және кәсібімде".</p>	4
2 апта: Мен және менің мотивациям				
	<p>Мотивация және өзіндік мотивация. Мотивациялық сфераны жалпы ұйымдастыру. Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері. Жетекші мотив. Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы. Мотивацияны зерттеу әдістері. Тұлғаның мотивациялық профилі. Тұлғаның мотивациялық сфераның бұзылуымен байланысты еңбек тиімділігінің төмендеуі.</p>	<p>Еңбек іс-әрекетінің мотивациясы</p>	<p>Кейс: "Ұйым қызметкерлерінің мотивациясын жетілдіру"</p>	4
3 апта : Эмоциялар және эмоционалдық интеллект				
	<p>Адам өміріндегі эмоцияның рөлі. Эмоцияны түсіну және эмпатияға қабілеттілік. Эмоцияны реттеудің әдістері мен</p>	<p>Эмоцияның әр түрлі мәдениеттерде көрінуі мен сезілуі</p>	<p>Эмоционалдық интеллектіні дамыту бағдарламасын құру.</p>	4

	механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру және эмоцияларды басу. Эмоционалдық интеллект анықтамасы. Эмоционалдық интеллект когнитивті қабілет пен тұлғаның даралық сипаттамасы ретінде. Эмоционалдық интеллект диагностикасы және дамуы.			
4 апта : Адамның ерік қасиеті мен өзін-өзі реттеу психологиясы				
	Психологиядағы ерік түсінігі. Ерікті актінің құрылымы. Шешім қабылдау және таңдау мәселесі. Ерік және тұлға. Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы (стресс-менеджмент). Стресс түсінігі. Стресс түрлері. Стрестің даму кезеңдері. Стрестің белгілері. Стресске жауап берудің жеке стилдері. Стресске тұрақтылық түсінігі.	Тәуелсіз қоғамдағы тұлғаның "ерік бостандығы" тұжырымдамасы.	Кейс "Кәсіби маманның ерік қасиеттерінің дамуы"	4
5 апта: Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері				
	Темперамент, мінез және қабілет. Темперамент анықтамасы. Жүйке жүйесінің қасиеттері темпераменттің негізі ретінде. Темпераменттің анықтамасы. Темперамент типтері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик. Темперамент пен мінездің ара қатынасы. Мінездің анықтамасы. Мінез акцентуациясы және тәрбие. "Ұлттық мінез" ұғымы. Тұлғаның қабілеті және нышандары.	Тұлғалық ресурстар ұлттық сананы сақтау мен дамытудың факторы ретінде.	Қазіргі студенттің психологиялық портретін құру.	4
6 апта: Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде				
	Әлеуметтік әлемдегі Мен. Мен-концепциясы. Өзін-өзі таныстыру. Адам өміріндегі құндылықтар. Психологиядағы құндылық түсінігін зерттеу. Құндылықтар тұлғаның маңызды психологиялық ресурсы ретінде. Тұлғалық құндылықтар. Қызығушылық әлеуметтік іс әрекеттің жетекші мотиві ретінде. Мінез-құлық және нұсқаулар. Тұлғаның адамгершілік негіздері. Тұлғаның рухани әлеуметтенуі.	Тұлғаның дүниетанымы және ұлттық бірегейлігі.	"Өмір жолы" жобасын даярлау	4
7 апта: Өмірдің мәні және кәсіби өзін-өзі анықтау психологиясы				
	Өмірдің мәні, өмірлік мақсаттар және бағдарламалар. Кәсіби маманның сенімдері мен бағдарлары. Қазақстанның заманауи даму кезеңіндегі кәсіби тұлғаның құндылықтары мен бағдарлары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлік. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналар. Кәсіби өсудегі кедергілер, оларды болдырмау және жеңу жолдары. Кәсіби сәйкестілік дағдарысы және эмоциялық қажу синдромы.	Тұлғалық және кәсіби жетістікке жету психологиясы.	Эссе "Менің мансаптық және кәсіби өсуім"	4
8 апта : Тұлғаның денсаулық психологиясы				

<p>Психика мен дененің өзара байланысы және өзара ықпалы. Аурулардың пайда болуы мен денсаулықты нығайтудың психологиялық факторлары. Психикалық белсенді заттарды қолдану мен зиянды әдеттер денсаулықты әлсіріретуші фактор ретінде. Салауатты өмір салты тұлғаның жетістікке жету негізі ретінде.</p>	<p>Теріс эмоциялар және денсаулық.</p>	<p>Кейс "Кәсіби денсаулықты сақтау".</p>	<p>4</p>
<p>Тұлғааралық қарым-қатынас қазақстандық үйлесімді тұлғаның даму факторы ретінде</p>			
<p>9 апта: Тұлғаның және топтардың қарым-қатынасы</p>			
<p>Қарым-қатынас түсінігі. Қарым-қатынастың түрлері, формалары, қызметтері. Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми білімнің пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамалары. Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттесу, тұлғааралық қабылдау түсініктері. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері. Қарым-қатынас стильдері. Көшбасшылық және жетекшілік.</p>	<p>Ұлтаралық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде.</p>	<p>Көшбасшылық пен жетекшілікке салыстырмалы талдау жасаңыздар.</p>	<p>4</p>
<p>10 апта: Қарым-қатынастың перцептивті жағы</p>			
<p>Қарым-қатынастың перцептивті жағы – қарым-қатынас процесіндегі адамдардың бірін-бірі қабылдауы ретінде. Қарым-қатынастың перцептивті механизмдері: эмпатия, идентификация, децентрация, аттракция, толеранттылық, рефлексия, кері байланыс. Тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігі. Мен және басқалар.</p>	<p>Тұлғааралық қабылдау әсерлері.</p>	<p>Эссе "Қарым қатынас процесінде қоршаған ортаны қабылдау"</p>	<p>4</p>
<p>11 апта : Қарым-қатынастың интерактивті жағы</p>			
<p>Психологиялық әсер етудің мәні. Психологиялық әсер ету түрлері. Әсер ету механизмдері: жұқтыру, еліктеу, сендіру. Сендіруді тиімді ету факторлары. Психологиялық әсер етудің негізгі тәсілдері мен әдістері: демонстрация, жалған ақпарат тарату, қауесеттерді тарату, қорқыту, БАҚ-тағы манипуляция.</p>	<p>Тұлға және топ (әлеуметтік-психологиялық ықпал ету)</p>	<p>"Әлеуметтік желілердің жастардағы тәуелді мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етуін талдау" презентация дайындау</p>	<p>10!</p>
<p>12 апта: Қарым-қатынастың коммуникативті жағы</p>			
<p>Қарым-қатынас ақпарат алмасу ретінде. Коммуникацияның құрылымы, негізгі функциялары және түрлері. Коммуникациядағы цифрлық технологиялар. Коммуникацияның вербалды және вербалды емес құралдары. Коммуникативтік рөлдердің мәні және қажеттілігі. Коммуникативтік кедергілер (кәсіби, мағыналық, ұйымдастырушылық, тұлғалық-психологиялық және т.б.). Коммуникацияның</p>	<p>Г.Д.Лассуэлл бойынша заманауи қоғамдағы коммуникацияны талдау.</p>	<p>"Қарым қатынастағы психологиялық кедергілер және оларды жеңу" кестесін құру.</p>	<p>4</p>

	жас ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени және гендерлік ерекшеліктері.			
Тиімді тұлғааралық қарым-қатынас технологиялары қоғамдық сананы жаңғырту негізі ретінде				
13 апта : Әлеуметтік-психологиялық конфликт түсінігі және құрылымы				
	Әлеуметтік конфликтілердің табиғаты және шығу себептері. Психологиялық конфликтілердің түрлері. Конфликтінің конструктивті және деструктивті функциялары. Конфликтінің даму сатылары. Конфликтінің қатысушылары мен жүргізушілері, олардың қажеттіліктері, мүдделері мен мақсаттары. Конфликтінің кеңістік-уақыттық шекаралары. Конфликтінің типтік кезеңдері. Конфликтінің функциялары мен зардаптары.	Біздің өміріміздегі конфликтілер.	Толерантты мінез-құлықты дамыту бойынша психологиялық ұсыныстар әзірлеу.	4
14 апта : Кәсіби саладағы конфликт жағдайындағы тұлғаның мінез-құлық моделдері				
	Конфликтіні болдырмау технологиясы. Конфликтідегі рационалды мінез-құлық технологиялары. Конфликтілік мінез-құлықтар: ынтымақтастық, бәсекелестік, қашу, құтылу, кооперация стратегиялары. Конфликтілерді шешу көп сатылы процесс ретінде. Манипуляторлардың типтері. Негізгі манипуляциялық техникалар. Манипуляция процесіндегі тұлға. Манипуляция жасырын хабарлама ретінде. Келіссөздер - конфликтіні шешудің тәсілі ретінде.	Еңбек ұжымындағы конфликтіні реттеудің механизмдері және тәсілдері.	Конфликтілік жағдайда басым көрінетін мінез-құлық типін анықтау бойынша өзін-өзі диагностикалау	4
15 апта : Тиімді коммуникацияның техникалары мен тәсілдері				
	Тиімді коммуникация ұғымы. Тиімді коммуникация технологиялары және қағидалары, ережелері, дағдылары, тәсілдері. Тиімді коммуникацияның шарттары. Әлеуметтік интеллект. Коммуникациядағы имидж және өзіндік ұсыну. Имидж қалыптастырудың технологиялары. Сыртқы келбет имидждің бір бөлігі ретінде. Белсенді тыңдау техникалары. Келіссөз процесінің технологиясы.	Тиімді коммуникация мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы	"Тиімді коммуникация" тренинг бағдарламасын даярлау.	4
Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат Барлығы: 2 академиялық кредит - 60 академиялық сағат				
Әдебиеттер: Негізгі: 1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Астана, 2016. 2. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". – Астана, АКОРДА, 2017 / http:// www. akorda. kz/ ru. 3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее. – Астана, 2017. 4. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = TheSocialAnimal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру). 5. Годфруа Ж. Что такое психология. Том 1. – М.: Мир, 2005 г. – 496 с. 6. Годфруа Ж. Что такое психология. Том 2. – М.: Мир, 2005 г. – 276 с.				

7. Даниел Гоулман. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. Изд-во Манн, Иванов и Фербер: 2018. -560 с.
8. Джакупов С.М. Введение в общую психологию. – А.: Қазақ университеті, 2014
9. Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. - СПб.: Питер, 2009. - 576 с. ил. - (Серия "Мастера психологии").
10. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = SocialPsychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
11. Майерс Д. Психология / пер. с англ. И.А. Карпиков, В.А. Старовойтова. – 4-е изд. - Минск: "Попурри", 2009. – 848 с.
12. Психология индивидуальных различий / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: АСТ: Астрель, 2008. – 720 с.
13. Руденко А.М. Психология в схемах и таблицах: учебное пособие. – М: Феникс, 2016. – 379 с.
14. Шульц Д. Қазіргі психология тарихы [Мәтін] = AHistory ofModernPsychology : [монография] / Д. Шульц, С. Э. Шульц ; ауд. Б. Қ. Ақын [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. – 447 [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).

Қосымша:

1. Анцупов А.Я, Шипилов А.И. -Конфликтология .- Москва: Юрайт, 2017.
2. Арбузова Е. Н., Анисимов А. И., Шатрова О. В. Практикум по психологии общения. 2008 – 272 с.
3. Виноградова, С. М. Психология массовой коммуникации: учебник / С. М. Виноградова, Г. С. Мельник. – Москва: Юрайт, 2014. – 512 с.
4. Гарнер А., Пиз А. Язык разговора. Издательство: "Эксмо-Пресс" 2006 г. – 224 с
5. Гришина Н.В. Психология конфликта. СПб.: Питер, 2008. — 464 с. ил. — (Серия "Мастера психологии").
6. Ефимова Н.С. Социальная психология. – Москва: Юрайт, 2017.
7. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб.: Питер, 2011. – 448 с.
8. Маклаков А.Г. Общая психология. Учебник для вузов. Москва: Юрайт, 2018.
9. Маслоу А. Мотивация и личность. — СПб.: Питер, 2008. – 352 с.
10. Наумов В.В. Гридасов М.А. Психология карьерного роста. Изд-во МСП: 2009- 320 с.
11. Солсо Р.Л. Когнитивная психология. – пер. с англ. –М. "Тривола", М. "Либерия". 2002. – 600 с.
12. Э. Берн Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры. 2016 – 576 с.
13. Балинт М. Базисный дефект. М.: Когито-Центр, 2002. 256 с.
14. Кохут Х. Анализ самости. Системный подход к лечению нарциссических нарушений личности. М.: Когито-Центр. 2003. 368 с.
15. Фрейд А. Эго и механизмы защиты // Теория и практика детского психоанализа. Пер. с англ. И нем. / М.: ООО Апрель Пресс, ЗАО Изд-во ЭКСМО-Пресс, 1999. С. 115-244.
16. Шмидбауэр В. Вытеснение и другие защитные механизмы // Энциклопедия глубинной психологии. Т.1. - М.: ЗАО МГ Менеджмент, 1998. С. 289-295.
17. Выготский Л.С. Проблема воли и ее развитие в детском возрасте // Собр. соч. в 6 т. Т. 2. М.: Педагогика, 1982. С. 454-465.

Интернет-ресурстар:

1. [http:// www. akorda. kz](http://www.akorda.kz)
2. <http:// azps. ru/>
3. <http:// psychology. net. ru/ articles>
4. <http:// www. psychology- online. net/>
5. <http:// psyenet. narod. ru/ main. htm>
6. <http:// psyfactor. org/>

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат
Барлығы: 8 академиялық кредит - 240 академиялық сағат

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контекстіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды.

3. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 240 академиялық сағатты (8 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

5. Мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей білім беру, сауықтыру және тәрбие міндеттері шешілуі қажет:

1) тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беру;

2) дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру;

3) ағзаның еңбек қызметінің қолайсыз факторларының әсеріне кедергісін арттыру, денсаулығын нығайту және машықтану;

4) өзара көмекке, коллективизмге және тәртіпке тәрбиелеу;

5) психикалық тұрақтылықты, өз күшіне сенімділікті, мақсаттылықты, батылдық пен табандылықты, бастамашылықты, қайсарлық пен қажырлықты тәрбиелеу;

6) негізгі қозғалтқыш қасиеттерін дамыту және жетілдіру - төзімділік, күш, жылдамдық, икемділік;

7) дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз ету;

8) қарым-қатынас дағдыларын дамыту, атап айтқанда, әр түрлі көздерден ақпаратты пайдалану қабілеттілігі, сәйкес формада нақты ұсыну;

9) ойлау дағдыларын, өзін-өзі дамыту дағдыларын және зерттеу дағдыларын дамыту.

6. Бағдарламаны игеру нәтижелері бойынша білім алушы келесідей құзыреттіліктерді иеленеді:

1) жеке тұлғалық:

өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тұлғалық тануға даярлық пен қабілеттілік;

кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даярлық;

2) метапәнаралық:

танымдық, спорттық, дене шынықтыру, сауықтыру және әлеуметтік практикада пәнаралық түсініктер мен әмбебап оқу әрекеттерін (реттеуші, танымдық, коммуникативтік) қолдану қабілеттілігі;

дербес ақпараттық-танымдық қызметке даярлық пен қабілеттілік;

жарыстық қызметтің әртүрлі түрлеріне қатысу дағдыларын қалыптастыру;

3) пәндік:

салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігі;

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Пәннің мазмұнын құрылымдау кеңейтілген дидактикалық бірліктерді (модуль, бөлім) бөлу арқылы жүзеге асырылады. Пәннің мазмұндық құрылымы мынаны қамтиды: кіріспе; бөлімдер (модулдер); оқу тәжірибелік сабақтар тақырыбы

8. Бағдарламаның мазмұны келесі тұжырымдамалық ұстанымдарға негізделген:

1) дене шынықтыру үрдісінің жалпы білім беру бағыттылығына;

2) дене шынықтыру қызметін ықпалдастырушылыққа;

3) оқу-тәрбие үрдісінің жүйілілігіне;

4) дене шынықтырудың кәсіби-қолданбалы бағыттылығына;

5) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім алушылардың білімділігін нормативтік және әдістемелік қамтамасыз етуге;

6) білімгерлерді дене шынықтыру бойынша біртіндеп және қорытынды аттестаттауға;

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) мәселелік-модульдік оқыту технологиялары;

2) оқу-зерттеу қызметі технологиялары;

3) коммуникативтік технологиялар (пікірталас, баспасөз мәслихаты, оқу талқылаулары және басқа белсенді формалар мен әдістер);

4) кейстер әдісі (жағдайды талдау);

5) студенттер іскери, рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары.

10. Бағдарламаның мазмұны студенттерді төрт оқу бөлімдері бойынша бөлуге сәйкес келеді: негізгі, даярлық, арнайы (емдік дене шынықтыру топтарын қосқанда), спорттық. Білім алушыларды оқу бөлімдеріне бөлу оқу жылы басында жынысын, денсаулық жағдайын, дене дамуын, дене шынықтыру және спорттық даярлығын ескеру арқылы жүргізіледі. Білімгер бір оқу бөлімінен (топтан) екіншісіне оқу жылы немесе семестр аяқталғаннан кейін көше алады. Білімгерлерді даярлық немесе арнайы медициналық оқу бөлімдеріне ауыстыру ауруына байланысты оқу жылының кез келген уақытында жүзеге асырылуы мүмкін. Білімгерлер негізгі және даярлық бөлімдеріне жалпы физикалық даярлық пен спорт түрлері бойынша топтарға бөлінеді. Даярлық бөліміне денсаулық жағдайының төмін деңгейі немесе денсаулығында аз ауытқулары бар білімгерлер бөлінеді. Медициналық тексеру мәліметтері бойынша арнайы оқу бөліміне жіберілген білімгерлер арнайы медициналық топтарға немесе емдік дене шынықтыру топтарына бөлінеді. Спорттық оқу бөлімінде топтардың толтырылымдылығы спорт түріне және айналушылардың біліктілігіне қатысты болады. Спорт ойындары түрлері бойынша спорттық мамандандыру оқу топтары ойыншылардың қос құрамын толтыру арқылы құрылады.

11. Практикалық сабақтар білімдерді, қимыл шеберліктері мен дағдыларын игеруді, білім алушыларда дене шынықтыру-сауықтыру мен жаттықтыру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесін қалыптастыруды қарастырады:

1) Оқыту (дәрісханалық) сабақтары дене тәрбиесінің негізгі түрі болып табылады. Оқыту сабақтары әдістемелік-тәжірибелік және оқыту-жаттықтыру бөлімдерінен тұрады. Практикалық сабақтардың әдістемелік бөлімі мынаған бағытталған: денелік жаттығуларды және спорт түрлерін таңдауды игеру; жалпыдамыту және арнайы жаттығулар кешенін құру; сабақ барысында бақылау мен өзін-өзі бақылауды, сақтандыру мен өзін-өзі сақтандыруды жүзеге асыру шеберлігі; жарыстардағы төрешілік дағдыларын меңгеру.

Оқыту-жаттықтыру сабақтары мыналарға бағытталған: денелік даярлық деңгейін арттыру мен дене қасиеттерін дамыту; спорт түрлері техникасын игеру; студенттерді бұқаралық спорт жарыстарына қатысуға даярлау; арнайы кәсіби-қолданбалы даярлық дағдыларын мамандық талаптарымен сәйкестікте меңгеру мен жетілдіру.

2) Сабақтардың оқытудан тыс (дәрісханадан тыс) түрлері білімгерлердің жеткілікті қимыл тәртібін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады:

1. күн тәртібіндегі дене жаттығулары (Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика (ТГГ), атлетикалық сабақтар, сауықтыру жүзу, жүру, жүгіру, шаңғымен жүру, конькимен сырғанау, білім беру мекемесінің мүмкіндіктері бойынша инновациялық, дәстүрлі емес сауықтыру технологиялары);

2. спорт секцияларында, сауықтыру, атлетикалық және қызығушылықтар бойынша клубтарда айналысу;

3. дәрісханадан тыс сабақтар білім алушылардың жоғары дене жұмыс қабілеттілігі деңгейін сақтауын қамтамасыз етеді және бағдарлама талаптарын орындауына ықпал жасайды. Сабақтардың барлық түрлерін

басқару, бақылау, кеңес беруді дене шынықтыру және спорт кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамы жүзеге асырады.

12. Білімгерлердің құзыреттерін бағалау (түлектің заманауи әлеуметтік-тұлғалық және әлеуметтік-кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мақсатында) мына критерийлер бойынша жүзеге асырылады: жаңартылған бағдарламаны түсінуді көрсету, терминологияны игеру, алған білімдерді қолдану; өзіндік практикалық сабақтарды жүргізуді, талқылау түрлерін практикаға енгізу.

Студентті аттестациялық нормативтерді орындауға жіберудің міндетті шарттары келесідей:

- семестр және оқу курстары бойынша бағдарламаның теориялық бөлімінің талаптарын орындау;

- ағзаның дене және функционалдық жағдайының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін оқу пәндеріне тұрақты түрде қатысу;

- дене даярлығына арналған тестілеуден өту;

- кәсіби-дене дайындығының біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру.

Ұзақ мерзімге сабақтан босатылған студенттер және емдік дене шынықтыру тобының студенттері келесі нормативтік талаптар негізінде дене тәрбиесі және спорт кафедрасында аттестаттаудан өтеді:

- "дене шынықтыру" пәнінің міндетті дәрістері бойынша теориялық білім деңгейін бағалау;

- студенттің денсаулық жағдайын, дене жаттығуларын қолдануға қарсы көрсетілімдер мен айғақтарды ескере отырып, дене шынықтыру бойынша қосымша тақырыпты өз бетінше меңгеруін бағалау;

- сауықтыру және бейімделу дене тәрбиесі мәселелері бойынша кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің қатысуы.

13. Пәннің теориялық және практикалық (әдістемелік) бөлімдеріне кіретін тақырыптық жоспарлар осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша
--	---

1. Пәннің теориялық бөліміне кіретін тақырыптық жоспар

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде дене шынықтыру оқыту пәні ретінде.

2. Салауатты өмір салты негіздері (СӨС).

СӨС кәсіптік білім беру жүйесі аясында қалыптастырудың әдістері мен нысандары. Студенттердің СӨС жүргіздіруге ынталарын арттыру.

3. Дене тәрбиесінің жарытылыстық-ғылыми негіздері.

Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық негіздері туралы түсінік. Негізгі дене жүйесі. Қозғалтқыш қызметінің физиологиясы.

4. Заманауи сауықтыру жүйелері және ағзаның денелік күйін бақылау негіздері.

Заманауи сауықтыру технологияларының сипатамасы. Педагогикалық бақылау, өзін-өзі бақылау және функционалдық жағдайды бағалау, физикалық даму және студенттердің дене дайындығы, өзін-өзі бақылау. Бақылау және өзін-өзі бақылау нәтижелері бойынша сабақтарды түзету.

5. Дене шынықтыру және спорт өзіндік сабақтарының негізгі әдістемелері.

Өзін-өзі зерттеудің мазмұны, формалары және әдістері. Оларды қолдану әдісі. Өзіндік дене шынықтыру жаттығуларының мазмұны.

6. Кәсіби-қолданбалы дене даярлығы (бұдан әрі – КҚДД).

КҚДД студенттердің мақсаты, құралдары және ұйымдастырылуы.

2. Пәннің практикалық (әдістемелік) бөліміне енгізілген тақырыптық жоспар

Жалпы дене даярлығы (дене қасиеттерін дамыту). Тәжірибелік бөлімнің материалын жоспарлау кезінде физикалық қасиеттерді дамыту үшін келесі құралдарды пайдалану ұсынылады:

Жылдамдық. Жүгіру: қалыпты, кібіртіктей жүгіру, жортаңмен, жамбасты көтере, жіліншікті айқастыра жүгіру. Бұрылыстармен жүгіру, қайталамалы жүгіріс. Эстафеталар.

Өртүрлі жаттығуларды жылдамдыққа орындау (гимнастика, қозғалмалы және спорттық ойындардың элементтері).

Төзімділік. Сауықтыру жүгірісі және шаңғы жаттығулары (солтүстік аймақтардағы университеттер үшін). Ойлы-қырлы жерлермен жүгіру техникасын меңгеру. Кросстық дайындық.

Икемділік. Белсенді және пассивті қарсылықпен, кең бұрылыспен, объектілері бар және оларсыз жалпы даму жаттығулары.

Ептілік, қозғалыстар үйлесі және тепе-теңдік. Объектілермен және оларсыз гимнастикалық және акробатикалық жаттығулар. Қозғалмалы және спорттық ойындар. Кешенді эстафета (секіру, жүгіру, лақтыру элементтерімен). Жаяу жүрудегі жалпы даму жаттығулары.

Күш. Объектілері бар және оларсыз жалпы даму жаттығулары. Гимнастикалық және қосалқы жабдықтарда жаттығулар. Тығыздау және сүйреу жаттығулары, салмақ тасу. Айналымды тренировкалар әдісі бойынша жаттығуларды орындау.

Арнайы дене даярлығы. Арнайы дене қасиеттерін дамытуға арналған құралдарды таңдау үшін практикалық сабақтар өткізу формалары ұйымдастырылуы мен әдістемелік қамтамасыз етілуі бойынша, құралдар мен әдістер жиынтығы бойынша, аумаққа байланысты өткізу орны бойынша әртүрлі болуы мүмкін;

Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар:

- спринтердің арнайы жаттығулары, старттық серпілістер, үдеу, жүгіру;

- бақылаулық старттар: 100м, 500м, 1000м;

- жылдамдыққа түрлі жаттығуларды орындау (гимнастика, қозғалмалы және спорттық ойындар элементтерін);

- орташа деңгейлі спортшыларға және стайерлерге арналған жалпы және арнайы жаттығулар кешендері;

- шаңғымен жүріс техникасын меңгеру;

- 10-15 минут және 18-25 минутқа дейінгі әр түрлі жүктемелерді бірқалыпты қарқынмен орындау;

- жеңіл атлетика және шаңғы жарыстарына қатысу.

Икемділікке арналған арнайы жаттығулар:

- мөлшерленген және максималды сыртқы ауыртпалықтар түсіре отырып және оларсыз серіппелі және сермелі қозғалыстар;

- қайталанатын серіппелі қозғалыстар;

- созылудың қаупі бар снарядсыз және гимнастикалық снарядтарды пайдалана отырып, статикалық жағдайлардың жаттығулары.

Ептілікті, үйлестіруді және тепе-теңдікті дамыту үшін арнайы жаттығулар:

- қозғалмалы және спорттық ойындар. Еліктеушілік және алаңдатушылық амалдар;

- кешенді эстафеталар (секіру, жүгіру, лақтыру, домалау элементтерімен);

- доңғалақты конькилер, велосипед тебу, шаңғымен сырғанау кезіндегі тепе-теңдікті жетілдіру.

Күшті дамытуға арналған арнайы жаттығулар:

- Ауыр атлетика элементтері. Ауыр атлеттің жалпы дамытуға арналған және арнайы жаттығулары.

Күштік қозғалыстардың техникасын меңгеру – серпу, жұлқу.

- Гір спорты элементтері. Жалпы дамытуға арналған және арнайы жаттығулар. Гір жұлқу және көтерудің техникасын және күштік-сауықтыру және жаттығу бағытындағы жаттығулар кешенін меңгеру;

- Атлетикалық гимнастика элементтері. Жалпы дамытуға арналған және өз салмағын еңсеру арқылы құралдармен (эспандерлер, амортизаторлар, гантельдер) жасалатын арнайы жаттығулар кешені. Тренажерларда жасалатын түрлі бұлшықет топтарына арналған жаттығуларды орындау.

Спорт түрлері (гимнастика, атлетикалық гимнастика, спорттық ойындар, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, жүзу).

Гимнастика. Жалпы дамытуға арналған жаттығулар, жүгіру, секіру, эмоциялық-ырғақты музыка әуенімен орындалатын би элементтері. Би жаттығулары формалары. Сынақтық және жарыстық би-ырғақты бағдарламаларды орындау.

Атлетикалық гимнастика. Жалпы дамытуға арналған жаттығулар: гантельдермен; гирлермен; эспандермен; металл таяқшамен; тренажерларда; штангамен. Дене бітімінің түрлі қауаларын жоюға, сондай-ақ бұлшықеттерді қатайтуға және жұмысқа қабілеттікті арттыруға арналған жаттығулар.

Спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары

Баскетбол. Жарыс ережелері. Қорғанышқа тік тұру, айналу, секіру, қозғалу, алып жүру, беруді қағып алу, лақтыру. Техникалық және тактикалық қимылдар негіздеріне үйрету. Командалық ойын.

Волейбол. Жарыс ережелері. Тік тұру және қозғалу. Допты орнында тұрып және қозғалыста жүріп қабылдау және беру (алға, артқа, солға, оңға). Допты беру. Командалық ойын.

Футбол. Жарыс ережелері. Допты орнында тұрып жыне жан-жаққа қозғала жүріп әріптесіне аяқпен беру. Допты теуіп, қақпаға түсіру. Допты қабылдап алу. Футболшының допсыз және доппен орын ауыстырып қозғалуы. Допты қатты тебу. Допты алып жүру. Допты тартып алу. Қақпашының ойын техникасы. Командалық ойын.

Гандбол. Қозғалу, қағып алу және беру, лактыру, алып жүру және алдау қимылдары, тосқауылдар, оқшаулау және қағып әкету. Шабуылдау мен қорғануда техникалық және тактикалық әрекеттер негізіне үйрету.

Қимыл-қозғалыс ойындары. Қимыл-қозғалыс ойындарының үлгілері: "Нысанаға дәлме-дәл", "тарелкелер" лактыру", "Аңшылар мен қояндар", "Бердің-отыр", "Жылжымалы нысана", "Дәл беріп үлгір", "Допты қағып түсір", "Шеңбердің ішіне тигіз", "Кім алысырақ", "Қақпаға дәлме-дәл", "Дәлме-дәл беру", "Айналып өтіп, допты қақпаға соқ", "Футбол слаломы", "Доптың ізінен", "Допты ұстап ал", "Допты жүргізушіге", "Екі допты қақпақылдау", "Аудағы доп", сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындары: "Ақсүйек", "Қармақ", "Үйрек ату", "Көмбеден доп шығару", "Аң аулау", "Таяқ жүгірту", "Садақ ату", "Қақпа тас", "Қарагие.

Жеңіл атлетика. Жарыс ережелері. Жүкіру. Лактыру. Қарғу.

Шаңғы спорты. Жарыс ережелері. Шаңғымен саптық командалар орындау, оқу алаңқайында және оқу шаңғы жолдарында шаңғылармен және шаңғыға мініп түрлі тәсілдермен қозғалу. Көтерілу мен түсулерді меңгеру, бір орнында тұрып және қозғалыста тежелу мен бұрылыстар. Кесіп өтетін жерлерден шаңғымен өту техникасы. Қашықтықты баяу және орта ырғақты уақытта жүріп өту. Шаңғымен эстафеталар. Түрлі қадамдар техникасын үйрену.

Жүзу. Жарыс ережелері. Суда өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру. Жүзгіштің жалпы дамытушы және арнайы жаттығулары. Жүзудің негізгі тәсілдерінің техникасын игеру.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы. КҚДД құралдарын таңдау еңбек қызметінің күрделі факторларына ағзаның тиімді бейімделуіне, өндірістің климаттық шарттарына шыдамдылықты арттыруға, сондай-ақ еңбек дағдыларын қалыптастырып, бекітуге қатысатын қолданбады қозғалыс координацияларының арсеналын кеңейтуге бағытталуымен шартталады.

Заманауи сауықтыру жүйелері (тыныс алу: А.Стрельникованың парадоксальды гимнастикасы, "бодифлекс" - тыныс алу жаттығуларының жүйесі, созуға арналған жаттығулармен біріктірілген, К.Динейки релаксациялық: бұлшық ет релаксациясы, ырғақты гимнастикалар: мүсінге, тепе-теңдік, заттармен; аэробика: ағзаның негізгі жүйелерінің қызметтік мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған циклдық спорт түрлерінен алынған жаттығулар жүйесі, калланетика: негізінен изометриялық режимде орындалады және тереңде орналасқан бұлшық ет топтарының белсенділігін туғызады, фитнес: жалпы фитнес, дене және спорттық-бағдарлы, шейпинг: қыздарға арналған сауықтыру дене шынықтырудың ғылыми-негізделген жүйесі, дене бітімін дұрыстауға және ағзаның қызметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Пилатес: жаттығулар жүйесі фитнесінің барлық түрлерінің ішінде қауіпсіз болып табылады, алынған жарақаттар мен сырқаттарды оңалтуға бағытталған, стретчинг: бұлшық еттерді, сіңірлер мен буындарды созу арқылы дене денсаулығын жақсартуға арналған жаттығулар кешені, воркаут); С.М.Бубновскийдің буын гимнастикасы. Буын гимнастикасының жаттығулары бұлшық еттерді қатайтып, ондағы тұралап қалған жерлерді кетіреді, лимфа және қанайналымдарын белсендіреді.

Дене жаттығуларымен айналысу процесіндегі бақылау және өзін өзі бақылау.

Дене жаттығуларымен айналысу нәтижелерін өзі бақылаудың қарапайым әдістері. Өзін өзі бақылау күнделігін жүргізу және оның студенттердің денсаулығын бақылау процесіндегі маңызы. Өзін өзі бақылаудың объективті және субъективті көрсеткіштері. Дене жаттығулары және спортпен айналысу әсерінен болған ағзаның денсаулық жағдайының диагностикасы. Дене дамуын, ағзаның қызметтік жағдайын, дене дайындығын бағалау үшін стандарттарды, антропометрикалық индекстерді, функционалдық сынамаларды және жаттығуларды пайдалану.

Спорттық оқу бөлімінде жоспарлау студенттер біліктілігі мен спорт түрлерін ескеру арқылы жүзеге асырылады. Спорттық бөлім топтарында түрлі курстар мен факультеттердің студенттері бір мезгілде айналыса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бароненко В.А. Здоровье и физическая культура студента: Учебное пособие / В.А. Бароненко. - М.: Альфа-М, ИНФРА-М, 2012. - 336 б.

2. Евсеев, Ю.И. Физическая культура: Учебное пособие / Ю.И. Евсеев. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 444 б.

3. Виленский, М.Я. Физическая культура и здоровый образ жизни студента: Учебное пособие / М.Я. Виленский, А.Г. Горшков. - М.: КноРус, 2013. - 240 б.

4. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 252 б.

5. Мельников, П.П. Физическая культура и здоровый образ жизни студента (для бакалавров) / П.П. Мельников. - М.: КноРус, 2013. - 240 б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы"
ШЖҚ РМК